

*«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы*

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

**ҚЫЗМЕТ
ХРОНИКАСЫ
2005 ЖЫЛ**



АСТАНА 2012

УДК 342
ББК 67.400.6
Қ 18

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:

М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қ 18 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет
хроникасы. 2005 жыл. — Астана: Деловой Мир Астана, 2012. — 372 б.

ISBN 978-601-7259-45-7

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып табылады.

Кітапта 2005 жылы елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 2005 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының маңызы зор заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Сондай-ақ, кітаптың компакт-дискідегі мультимедиялық нұсқасы ұсынылған. Басылым көпшілік оқырманға арналған.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-7259-45-7

© Қасымбеков М.Б., 2012
© «Деловой Мир Астана» ЖШС. 2012
© Барлық құқықтары қорғалған

2005 жыл Қазақстан үшін желтоқсанда өткізілген президенттік сайлау белгісімен өтіп, мазмұнды болды. Н.Ә. Назарбаевтың бұл кезеңдегі қызметінің ерекшелігі оның бірдей уақытта Мемлекет басшысы бола отырып, Президенттікке кандидатурасын ұсынуына негізделді.

Осы тұрғыда Президенттің ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауын жұртшылық аса зор ықыласпен қабыл алды әрі Қазақстанда ғана емес, шетелде де үлкен қызығушылық тудырды. Жолдауда мемлекеттің саяси жүйесін демократияландыру мен экономиканы жаңарту бойынша іс-әрекеттердің негізін құрайтын Қазақстанның алдағы уақытта саяси-экономикалық дамуының өзекті бағыттары жан-жақты белгіленген болатын.

Жолдау идеясын дамыту үшін 4 мамырда Мемлекет басшысы қоғамның саяси жаңаруының басты кезеңдерін айқындайтын «Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына қол қойды.

Н.Ә. Назарбаевтың Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссиясын Демократиялық реформалар бағдарламаларын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы деп қайта құру бастамасы да маңызды болды.

Маусымда Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, Парламенттің басшылықтарымен, облыстардың, Алматы мен Астана қалаларының әкімдерімен кеңес өткізіп, Жолдау міндеттерін іске асырудың алдын-ала қорытындыларын шығарды. Ал 1 қыркүйекте үшінші шақырылған Парламенттің II сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде жұртшылыққа Жолдау міндеттерінің алғашқы табысты нәтижелерін жария етіп, перспективалық міндеттерді айқындады. Бұл ретте ол «қазіргі уақытта ең бастысы — экономикада да, әлеуметтік салада да, саясатта да,

демократияны кеңейтуде де осы алға басушылықтың қарқынын сақтау» екендігін ерекше атап айтты.

Жыл бойында Президент облыстардың, Алматы мен Астана қалаларының, қалалар мен аудан әкімдерінің қатысуымен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді, елдің агроөнеркәсіп кешені мәселелері бойынша республикалық кеңес және Алматы қаласы әкімдігінің қызметкерлерімен кеңес өткізді; сонымен қатар Үкіметтің Қазақстан экономикасын дамытудың перспективалық бағыттары және алдағы болашаққа қойылған бірінші кезектегі міндеттер туралы кеңейтілген мәжілісіне қатысты; Сыртқы істер министрлігінің Жолдауды дипломатиялық қолдау мәселелері жөніндегі кеңейтілген алқа отырысына және т.б. қатысты.

Осымен қатар Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңесінің отырыстарына қатысып, онда Қазақстанды ұзақмерзімді перспективаға сумен қамтамасыз ету және мемлекеттік органдармен экономикалық қызмет саласындағы бақылау-қадағалау қызметтерінің орындалу мәселелерін қарастырды.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ көптеген қоғамдық-саяси шараларға қатысты.

Қаңтарда Мемлекет басшысы ұлттық дамудың басты басымдықтарының бірі болған 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің есебін тыңдады. Осы уақыт аралығында елдің мәдени мұрасын зерттеудің бүтіндей бір жүйесін құру, маңызды тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіру бойынша орасан зор жұмыстар атқарылды.

Президент Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналған мерекелік іс-шараларға қатысты, мереке қарсаңында Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне мемлекеттік наградаларды табыс етті; Жеңіс күніне орай өткізілген салтанатты жиында сөз сөйледі; Астана қаласында Жеңіс шеруіне қатысты; содан кейін мереке күндері Мәскеу қаласына барды.

Шілдеде Мемлекет басшысы Астана күніне орай өткізілген мерекелік іс-шаралар аясында «Көшпелілер» көркем фильмінің премьерасын тамашалады, бұл фильм Қазақстан, АҚШ, Ресей кинематографистерінің бірлескен ауқымды жобасы болып табылады, онда қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты XVIII ғасырдағы оқиғалар баяндалған.

Қыркүйекте Н.Ә. Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайына қатысты, оған әлемнің 32 елінен және алыс-жақын шетелдерден 300-ден астам делегат келді. Құрылтайға қатысушылар алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайы алғаш рет Қазақстанның жаңа астанасы, елдің жан-жақты қызу дамуының символы — Астана қаласында өткізіліп отырғанын атап өтті. Отырыс барысында делегаттар бірауыздан Н.Ә. Назарбаевты Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының төрағасы етіп сайлады.

Президенттің 2005 жылғы 24 тамызда республикалық теледидар арқылы берілген тікелей желідегі байланысы үлкен қызығушылық тудырды. Елбасына қойылған мазмұнды сауалдар мен айтылған игі тілектер қазақстандықтардың Мемлекет басшысы ұстанған ел дамуын қамтамасыз ететін саяси бағытын қолдайтынын көрсетті. Тікелей желі барысында 25 мыңнан астам сұрақтар келіп түсті. Өзекті сұрақтар мен проблемалардың көбісі бойынша Президент министрліктер мен

ведомстваларға нақты тапсырмалар берді, ал олардың орындалуын бақылау Президент Әкімшілігіне жүктелді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ бірқатар қоғамдық-саяси форумдарға қатысты, атап айтқанда, Азаматтық форумға, «Отан», «Асар» саяси партияларының, Азаматтық және Аграрлық партиялардың съездеріне, «Қазақстан — 2030» стратегиясы іс-қимыл үстінде», «Конституция: тұлға, қоғам және мемлекет», «Төзімділік арқылы — рухани бірлікке» атты халықаралық конференцияларға, «Қазақстан: бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту» атты халықаралық симпозиумға, IV Еуразиялық медиа-форумға және т.б. қатысты.

Н.Ә. Назарбаевтың Президенттікке кандидат ретіндегі қызметі ерекше атап айтуға тұрарлық. Н.Ә. Назарбаев сол кезде басшылық етіп тұрған Мемлекет басшысы ретінде конституциялық міндеттемелерін орындай отырып, өзге кандидаттарға қарағанда белсенді түрде насихаттық ақпараттық науқанды жүргізген жоқ. Осыған байланысты Президент ашық әрі әділ сайлауды қамтамасыз ету мен өткізудің кепілі болып, «Қазақстан азаматтары үшін еркін, әділетті әрі бәсекелі сайлау өткізуді қамтамасыз ету құқығын жүзеге асыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды.

9 қыркүйекте «Отан» Республикалық саяси партиясының VIII кезектен тыс съезінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кандидат ретінде ұсынылған болатын. Мемлекет басшысының кандидатурасын ұсыну «Қазақстан халықтық коалициясы» сайлауалды блогына қоғамдық-саяси күштердің бірігуінің бастамасы болды, оның құрамына «Отан», «Асар», «Руханият», Аграрлық, Азаматтық және Демократиялық партиялар кірді.

Қарашада Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халықтық коалициясындағы» өзінің жақтастарымен, қоғамдық бірлестіктермен, жастар ұйымдарымен, танымал ғалымдармен, мәдениет және спорт қайраткерлерімен кездесті.

Президент Қазақстандағы президенттік сайлаудың шетелдік бақылаушылар миссиясының жетекшілерімен және шетелдік, отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесу өткізді.

2 желтоқсанда Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан — тек қана алға!» ұранымен ұлтымызға үндеу тастап, онда өзінің сайлауалды тұғырнамасының басты қағидаттарын ұсынды.

Қазақстанда 2005 жылғы 4 желтоқсанда болып өткен президенттік сайлауға 77 % тіркелген сайлаушылар қатысты. Болып өткен сайлаудың электрондық дауыс беру, бюллетендерге арналған түссіз урналар, кандидаттардың теледебаттары, Exit-pool тәрізді көптеген жаңалықтары болғанын атап өткен жөн. Олар Қазақстандағы президенттік сайлауды халықаралық стандарттарға айтарлықтай жақындата түсті.

Дауыс беру қорытындылары бойынша сол кезде ел басқарып отырған Президент көпшіліктің 91,15 % даусын жинап, қайта сайланды. Сол арқылы сайлау қорытындылары қоғаммен Н.Ә. Назарбаевтың саяси бағытын қолдайтынын жоғары деңгейде айқын көрсетті.

Сайлауалды науқаны барысында Н.Ә. Назарбаевтың атына азаматтардан, еңбек ұжымдары мен кәсіпорындардан, 1 045 хаттар мен жеделхаттар келіп түсті, онда қазақстандықтар Елбасының саяси бағытын қолдайтындарын білдірген. Ал сайлау қорытындысы бойынша 2 мыңнан аса құттықтау хаттары мен жеделхаттар келіп

түсті. Олардың ішінде Қазақстан азаматтарынан — 1 370, еңбек ұжымдарынан — 345, шетел азаматтарынан — 210, әлемдегі мемлекет және үкімет басшыларынан 53 жолданымдар жіберілді.

Сондай-ақ жыл ішінде Президент 2 мыңнан аса құжаттарды қарап, қол қойды, олардың ішінде 83 заң, 184 жарлық, 60 өкім, 9 кеңес хаттамалары, 1 184 қызметтік құжаттар, талдамалық және ақпараттық-анықтамалық материалдар, азаматтардың 255 хаттары мен арыз-шағымдары бар.



2005 жыл президенттік сайлау белгісімен өткеніне қарамастан, бұл кезең саяси даму перспективаларын тиянақтау уақыты ғана емес, сонымен қатар экономикалық өсудің жаңа мүмкіндіктерін іздестіру кезеңі де болды.

Өзінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы өндірісті әртараптандыру; қосымша құн салығы жоғары өнімдерді өндіретін салалардың ІЖӨ-дегі үлесін арттыру; ұлттық экономиканы дамыған индустриялық мемлекеттердің стандарттарына жақындатуға бағытталған құрылымдық өзгертулерді жүргізу бойынша бірқатар жаңа міндеттерді алға қойды.

2005 жылы мемлекеттің басты күші салықтық және тарифтік салаларды реформалауға, банк жүйесін, сақтандыру секторын, жинақталған зейнетақы жүйесін және қор нарығын одан әрі дамытуға бағытталды. Сондай-ақ отын-энергетикалық және өндіруші секторлардың тиімділігін арттыруға, экономиканың өсуін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыруға, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесін дамытуға, өңірлік экономикалық саясатты ынтыландыруға және т.б. күш салынды. Осыған байланысты Мемлекет басшысы тұрақты негізде Премьер-министрмен, Үкімет мүшелерімен, Парламент палаталары мен депутаттарының төрағаларымен, облыстардың әкімдерімен, министрліктер мен ведомствалардың басшыларымен кездесіп, олардың есептерін тыңдады.

Мемлекеттік дамудың стратегиялық желісін қалыптастыру жұмысы жалғастырылды, атап айтқанда, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2005–2007 жылдарға арналған тұрғын үй бағдарламасы, 2003–2005 жылдарға арналған агроазық-түлік бағдарламасы, «Бурабай» Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамыту жобасы әзірленіп, қабылданды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» бекітілді.

2005 жыл 2003–2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың алғашқы әзірлік кезеңінің аяқталған жылы болды. Осы кезең аясында салалық және салааралық сипаттағы 9 бағдарлама бекітілген болатын. Олардың қатарында 2005–2015 жылдарға арналған ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру мен дамыту, құрылыс индустриясын, бұйымдар мен конструкцияларды дамыту, энергия үнемдеу бойынша бағдарламалар бар. Инновациялық стратегияны дамыту 20-дан аса заңдармен заңнамалық негізде бекітілді, атап айтқанда, «Техникалық реттеу туралы», «Инвестициялық қорлар туралы», «Сауда қызметін реттеу туралы», «Қазақстанның Инвестициялық қоры туралы» заңдар

қабылданып, Салық кодексіне, «Инвестициялар туралы», «Білім беру туралы», «Арнайы экономикалық аймақ туралы» және т.б. заңдарға өзгерістер енгізілді.

Одан басқа, инновациялық сектордың басқару инфрақұрылымының негіздері құрылды. «Қазақстан даму банкі», «Ұлттық инновациялық қор», «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры», «Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» және «Инжиниринг пен технологиялар трансферті орталығы» тәрізді құрылған даму институттары перспективалы жоғары технологиялы жобаларды (жеке инвесторлармен бірлесе отырып) қаржыландыруға және инновациялық инфрақұрылымның жаңа элементтерін (технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, технополистерді) құруға қатысуға жұмылдырылды.

Инновациялық секторды дамыту үшін инвестициялық саясаттың да маңызы зор болды. Мемлекеттің инвестициялық саясатының мақсаттары мен міндеттерін белгілей отырып, Мемлекет басшысы Шетел инвесторлары кеңесінің 2 отырысын өткізді, онда инвестициялық саясатты жетілдіру мәселелері мен елдегі шетелдік компаниялар қызметі қарастырылды. Президент Кеңес қызметін өңірлік интеграцияны тереңдету мен Орталық Азияның экономикалық дамуындағы Қазақстанның рөлін анықтау, сондай-ақ алдағы уақытта Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты қазақстандық компанияларға көмек көрсету мәселелерін шешуге бағыттады. Бұл шешім «Қазақстан тұрақты даму және қоғамды жедел жаңарту стратегиясын іске асыру жолында» атты Азиялық қоғамның халықаралық бизнес-конференциясының ұсынысына да сүйенген еді. Аталмыш конференцияға АҚШ, Еуропа мен Азия елдерінен 400-ден аса делегат қатысты. Конференция барысында Президент ЕҚЫҰ Бас хатшысы Я. Кубишпен, Азия қоғамының төрағасы, АҚШ-тың БҰҰ-дағы бұрынғы елшісі Р. Холбрукпен, қаржыгер әрі филантроп Дж. Сороспен, Р. Никсон атындағы энергетика және халықаралық қауіпсіздік бағдарламалары орталығының (АҚШ) директоры З. Баранмен және т.б. кездесті.

Шағын және орта бизнесті тиімді дамыту, қоғамның орта топтарын жедел қалыптастыру, билік пен бизнестің сындарлы сұхбатын қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіпкерлерді жалпыұлттық негізде біріктіру мәселелері Мемлекет басшысымен 2005 жылдың наурызында болып өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің I Конгресінде талқыланған болатын. Оның жұмысы аяқталған соң, Н.Ә. Назарбаев «Атамекен» кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының Үйлестіру кеңесі мүшелерімен кеңес өткізді. Президенттің қатысуымен ел кәсіпкерлерінің II Конгресі де болып өтті, онда Н.Ә. Назарбаевтың бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті жан-жақты дамыту, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін жақсарту, азаматтық қоғамды құру бағытын барынша қолдау туралы мәлімдеген қарары қабылданды.

Президент Қазақстан қалаларының құрылысы мен инфрақұрылымының дамуына баса назар аударды. Мемлекет басшысы Астана құрылысының одан әрі дамуын бақылауда ұстады және жыл бойында бірнеше рет қаланы одан әрі дамыту мәселелері бойынша жұмыс бабындағы кеңестер өткізді. Н.Ә. Назарбаев Астана қаласы автомобиль жолдарының заманауи жүйесін дамыту жөніндегі арнайы бағдарламаның іске асуымен байланысты ұсынылған жобаларға ерекше мән берді. Жыл бойында Мемлекет басшысы Алматы, Ақтау, Тараз және т.б. қалалардағы бірқатар жаңа нысандардың салтанатты ашылу рәсімдеріне қатысты.

Жыл ішінде Н.Ә. Назарбаев еліміздің барлық өңірлерінде іссапарда болды. Оның барысында Президент 26 өнеркәсіп және 7 ауылшаруашылық кәсіпорында, 40 әлеуметтік сипаттағы нысанда болды, ауыл тұрғындарымен, өңірлік зиялы қауым, үкіметтік емес ұйымдар, ардагерлер тобымен, жастар өкілдерімен кездесті. Сонымен бірге Президент Түркістан қаласындағы Арыстанбаб кесенесіне барып, бірегей нысандағы археологиялық жұмыстардың жүргізілуі барысымен танысты; Оңтүстік Қазақстан облысында сазгер Ш. Қалдаяқовтың 75 жылдығына арналған «Менің Қазақстаным» халықаралық ән байқауына; Алматы облысы Райымбек ауданында Райымбек батырдың 300 жылдығына арналған салтанатқа және т.б. қатысты.



Сыртқы саясат қызметінің шеңберінде Мемлекет басшысы 2005 жылы Грузияда, Ресейде, Әзірбайжан мен Украинада сапармен болды, сондай-ақ Қырғызстанға сол елдің Президенті Қ.С. Бакиевтің ұлықтау рәсіміне қатысу үшін барды. Одан басқа, Н.Ә. Назарбаев ТМД екі саммитіне, ЕурАзЭҚ, БЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, ОАЫ саммиттеріне қатысты.

Қазақстан-Ресей қатынастары да жаңа серпінге ие болды. Жыл ішінде жоғарғы деңгейде 11 кездесу өткізіліп, оның аясында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Екіжақты қатынастардағы өзекті оқиғалардың бірі Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қоюы болды. Бұл Қазақстанға өзінің құрлықтағы шекараларының халықаралық-құқықтық рәсімделуін аяқтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының Қазан қаласының 1000 жылдығына орай өткізілген тамыздағы мерекелік шараларға қатысқанын да ерекше атап өткен абзал.

Мемлекет басшысының Әзірбайжанға ресми сапарын айта кеткен жөн, сапар барысында Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы стратегиялық серіктестік туралы шартқа және бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойылған болатын. Сапар кезінде Президент сондай-ақ Баку қаласында «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбырының әзірбайжандық бөлігін іске қосу рәсіміне қатысты.

Қазақстанның Қытаймен өзара тиімді қатынастары да жемісті жалғасын тапты. Шілденің басында, Астана қаласындағы ШЫҰ X мерейтойлық саммиті қарсаңында, Қазақстанға екікүндік ресми сапармен ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао келді, осы кездесуде маңызды құжат — Стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойылды.

АҚШ-пен қарым-қатынаста да белсенділік байқалды. Қазақстанда АҚШ-тың көптеген мемлекеттік және саяси қайраткерлері — Мемлекеттік хатшы К. Райс, Б. Клинтон, Г. Киссинджер, сенаторлар мен конгрессмендер, қоғамдық қор басшылары мен халықаралық саясат жөніндегі сарапшылар болды.

Мемлекет басшысы көпжақты форматта таяу шетелдердің мемлекетаралық бірлестіктері желісі бойынша өзара әрекеттеріне ерекше емпін жасады.

Президент саясатында ТМД ықпалдастығын нығайту мәселесі дәстүрлі маңызға ие болды. Мамыр айында Мәскеу қаласында және тамыз айында Қазан қаласында болып өткен Достастық елдерінің екі саммитінде ТМД реформалау мен оның органдарының қызметін жетілдіру мәселелері талқылаудың басты тақырыбына

айналды. Н.Ә. Назарбаевтың ТМД елдеріндегі экономика саласындағы даулы істерді шешетін арбитражды, шаруашылық, экономикалық және басқа да соттары төрағалары Кеңесінің екінші отырысына қатысушылармен сәуір айындағы кездесуі, сондай-ақ Достастық елдерінің арнайы қызмет басшыларымен мамырдағы кездесулері де осы мәселелерді шешуге арналды.

Жыл бойынша Мемлекет басшысы саммиттері өткен жылдың маусым айында Мәскеу қаласында өзінің төрағалығымен болып өткен екі мемлекетаралық бірлестікке — ЕурАзЭҚ пен ҰҚШҰ-ға төраға қызметін жүзеге асырды.

Сонымен бірге, қазан айында Санкт-Петербург қаласында болып өткен «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы барысында Қазақстан Президенті ОАЫ ұйымын ЕурАзЭҚ-пен біріктіру туралы бастама көтерді. «ОАЫ жақсы қызмет атқарды, алайда, ЕурАзЭҚ пен ОАЫ мақсаттары толық сәйкес келетіндіктен, осындай шешім қабылданды. Посткеңестік кеңістікте интеграциялық бірлестіктер жаңа сапаға ие болады. Мен бұл шешімді дұрыс деп есептеймін», — деді өзінің ұсынысын тұжырымдай келе Н.Ә. Назарбаев.

Әлемдік қауымдастықта Астана қаласында болып өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының X мерейтойлық саммиті үлкен қызығушылық тудырды. Оның күн тәртібінде ШЫҰ мүше мемлекеттерінің халықаралық терроризммен күрестегі, оның материалдық базасын қару-жарақтардың, есірткінің заңсыз айналымына, трансшекаралық ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қонға қарсы іс-әрекет арқылы жоюдағы өзара іс-қимылдарын нығайту мәселелері қаралды. Саммит қорытындысы бойынша ШЫҰ мүше мемлекеттер басшыларының декларациясына, ШЫҰ мүше мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастығы тұжырымдамасына қол қойылып, ШЫҰ-ның Өңірлік антитеррорлық құрылымы жанындағы ШЫҰ мүше мемлекеттердің тұрақты өкілдері туралы ереже бекітілді.

Өңірлік қауіпсіздік проблемалары Мемлекет басшысының БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитетінің төрағасы А.И. Денисовпен, ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы В.Б. Рушайломен, ҰҚШҰ Бас хатшысы Н.Н. Бордюженен кездесулерінде басты назарда болды.

Жыл ішінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға сапармен келген ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен; Иордания Королі Абдалла II бен Хусейн бен Талалмен; Испания Королі Хуан Карлос I; Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Грузия, Украина, Тәжікстан, Моңғолия, Өзбекстан, Татарстан президенттері — В.В. Путин, А.Г. Лукашенко, Қ.С. Бакиев, М.Н. Саакашвили, В.А. Ющенко, Э.Ш. Рахмонов, Н. Энхбаяр, И.А. Каримов, М.Ш. Шаймиевпен; Пәкстан, Түркия, Грузия, Қырғызстан премьер-министрлері — Ш. Азиз, Р.Т. Эрдоған, З. Ногаидели, Ф.Ш. Куловпен; Иран вице-президенті Р. Арефпен; ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары У И және басқаларымен кездесті.

Шетелге сапарлары барысында Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен; АҚШ, Франция, Польша президенттері Дж. Бушпен, Ж. Ширакпен, А. Квасьневскиймен; Италия, Үндістан, Люксембург премьер-министрлері С. Берлусконимен, М. Сингхпен, Ж. -К. Юнкермен; ГФР Канцлері Г. Шредермен, сондай-ақ БҰҰ, ЕО, ЕҚЫҰ, НАТО және т.б. халықаралық құрылымдардың өкілдерімен кездесу өткізді.

Жалпы, 2005 жыл Қазақстан Президентінің ірі әрі маңызды халықаралық бастамалармен алға шығып отырған әлемдік көшбасшы және қарқынды түрде дамушы тәуелсіз мемлекеттің басшысы ретінде жоғары халықаралық беделін көрсетті. Н.Ә. Назарбаевтың атына Франция, Оңтүстік Корея, Ресей, Қырғызстан, Грузия президенттері — Ж. Ширак, Ро Му Хен, В.В. Путин, Қ.С. Бакиев, М.Н. Саакашвилиден және Ұлыбритания Премьер-министрі Т. Блэрдден және т.б. қазақстандық саясатты жоғары бағалаған хаттар мен ыстық достық жолданымдар келіп түсті.



Жыл президенттік сайлаумен символикалық түрде аяқталды. Сайлау қорытындылары бойынша Н.Ә. Назарбаев сайлауда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 91,15 пайыз даусын жинап, нық сеніммен жеңіске жетті. Бұл қазақстандықтардың Президенттің саяси бағытын толық қолдайтындарын растайтын заңды нәтиже болып табылды.

ҚАҢТАР



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	



5 қаңтар

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Ө.Е. Шөкеевті қабылдап, оның 2004 жылғы жұмыс қорытындылары туралы есебін тыңдады.

Кездесу барысында коммуналдық, көлік қызметтерінің жұмыстары, сондай-ақ 2004 жылы елорда әкімдігінде болып өткен кеңесте берілген Президент тапсырмаларының орындалу барысы туралы мәселелер талқыланды.



6 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы «Шымбұлақ» биік таулы спорттық кешенінде болды.

«Мен жастарымыздың денсаулықтарына көбірек көңіл бөлгенін, болашақтағы үлкен істер үшін, тәуелсіз мемлекет құру үшін денсаулықтарын нығайтқанын қалаймын. Мен біраз жасқа келіп қалғанымға қарамастан, теннисте ойнауды қолға алдым, өзім таулы шаңғыда сырғанауды үйрендім. Жақсы жүзе аламын, ат үстінде еркін отырамын, гольф ойнаймын. Әрқашан да жастарға үлгі болу үшін спортпен шұғылдануға уақыт табуға тырысамын, себебі жастар үлкендерге қарап үлгі алады ғой».

Н.Ә. Назарбаев барша халықты тағы да Жаңа жылмен құттықтап, аға буындарға — мықты денсаулық, ұзақ өмір, ал жастарға дені сау, ақылды әрі бақытты болып өсулерін тіледі.



Шымбұлақ — Алматы қаласынан 25 шақырым жердегі Іле Алатауы шатқалының теңіз деңгейінен 2260 метр биіктігінде орын тепкен биік таулы спорттық кешені.

Ол 1954 жылдан бері қызмет көрсетіп келеді. Осы уақыт аралығында мұнда сан мәрте таулы шаңғы спорты бойынша КСРО чемпионаттары өткізілген болатын. 1983 жылдан бастап КСРО таулы шаңғы дайындығының олимпиадалық орталығы болып табылады.

2011 жылы Шымбұлақ қысқы Азия ойындарының спортшылары мен қонақтарын қабылдамақ.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысының әкімі Б.Ә. Палымбетовті қабылдады. Ол облыстың 2004 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, сондай-ақ облыстың индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы баяндады.



Сол күні Мемлекет басшысы «Астаналық шаңғы — 2005» қысқы спартакиадасы шеңберінде өткізілген шаңғы жарысына қатысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» №29-III Заңына қол қойды.

8 қаңтар

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Ә. Жылқышиевті қабылдады. Ол Президентті облыстың 2004 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, сондай-ақ индустриялық-инновациялық, агроазық-түлік және тұрғын үй бағдарламаларының іске асырылу барысы туралы хабардар етті.

11 қаңтар

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекараны межелеу, отын-энергетикалық саладағы ынтымақтастық, сондай-ақ алдағы 2005 жылдың 17–18 қаңтарында Н.Ә. Назарбаевтың Ресейге ресми сапарының мәселелері талқыланды. Одан басқа, тараптар өзара мүдделі халықаралық проблемалар жөнінде пікір алмасты.

12 қаңтар

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанда жұмыс сапарымен жүрген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді.

Тараптар энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады, атап айтқанда, Қазақстанға ресейлік «Лукойл» компаниясының келуі, Қарашығанақ кен орнындағы газды Орынбор газ өңдеу зауытында өңдеу мен Каспий құбыр арнасы консорциумының мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері сөз болды. Сонымен қатар, ТМД аясындағы ықпалдас-тықты тереңдетудің кейбір аспектілері, «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы мәселелері қарастырылды.



13 қаңтар

Мемлекет басшысы «Шанхай қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы» №1510, «Грекия Республикасында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы» №1511 жарлықтарына қол қойды.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Әлемдік экономика және саясат институтының директоры М.С. Әшімбаевты қабылдады.

Президент институттың жаһандану, мәселелерін, әлемдік экономика мен саясат проблемаларын зерттеуге мамандануы қажеттігін, соған байланысты институттың алдында халықаралық деңгейге шығу мен халықаралық жетекші сараптамалық орталықтармен тұрақты қарым-қатынас орнату міндеті тұрғанын атап айтты.



Сол күні Мемлекет басшысы «Қазақстан халық банкі» АҚ басқармасының төрағасы Г.А. Марченконы қабылдап, банк ісіндегі жағдай мен алдағы даму перспективалары туралы ақпаратты тыңдады.



15 қаңтар

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Т.С. Қабдрахмановты қабылдады. Ол Президентке экономика саласындағы Қазақстан-Өзбек ынтымақтастығының қорытындылары, гуманитарлық байланыстарды нығайту, 2004 жылы лаңкестікпен және діни экстремизммен күрес мәселелері жөнінде баяндады. Әңгіме барысында діни экстремизмге қарсы күресті күшейту және экстремистік күштердің мүмкін болатын актілерінің алдын алу мен болдырмау бойынша бірлескен іс-шараларды жасау мәселелеріне баса назар аударылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қою туралы» №1512 Жарлығына қол қойды.

17 қаңтар

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Ресейдегі Қазақстан елшілігінің ғимаратында бірқатар ресейлік мемлекет қайраткерлеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыс етті.

Президент Ресей Федерациясының Қорғаныс министрі С.Б. Ивановты және Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі С.В. Лавровты «Достық» ордендерімен наградтады.



«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады. I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — омырауға тағатын орден белгісінен (3-сурет) тұрады.

Мемлекет басшысы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры В.А. Садовничийді қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев В.А. Садовничийді университеттің 250 жылдығымен құттықтап, ММУ қабырғасында алғаш рет Еуразиялық Одақ құру туралы идея жария етілгендігін атап өтті, ММУ ректоры мен профессорлық-оқытушылық құрамына қазақстандық бастамаларға қолдау көрсетіп отырғандары үшін алғысын білдірді.

Президент университеттің Фундаменталды кітапханасына соңғы жылдары Қазақстанда шығарылған кітаптар жинағын сыйға тартты.



Мемлекет басшысы Ресейдегі қазақ диаспорасының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Президент шетелдегі қазақ диаспорасына мәдениеті мен білімін дамытуға, ана тілін үйрену мен тарихи отанына оралу мәселелерін шешуге қолдау көрсетуге Қазақстанның мүмкіндіктері жеткілікті екендігіне сендірді.

Кездесуге қатысушылар өз тараптарынан Мәскеу қаласында А. Құнанбаев ескерткішін орнату, сондай-ақ Тағзым тауында қазақстандық батыр Б. Момышұлының мемориалдық тақтасын орнату мәселелерін шешуге көмек көрсетуді сұрады.

Мемлекет басшысы Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужковпен кездесіп, ресейлік астананың Үкіметімен әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

18 қаңтар

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына ресми сапар барысында осы елдің Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер кезінде мемлекеттік шекараны межелеу, сондай-ақ мұнай-газ, энергетика, ғарышты игеру, әскери-техникалық, шекаралық ынтымақтастық салаларындағы өзара іс-қимылдарды кеңейту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойды.

Н.Ә. Назарбаев шарттың тарихи маңызын атап көрсетті, себебі, «ол кеңестік кезеңдегі ірі мемлекеттермен арадағы теңқұқықты ынтымақтастықты дамытуға жаңа жол ашады, сондықтан да ол әлемдегі ең ұзын — 7 591 шақырым болатын құрлықтағы шекара сызығын белгіледі. Қазақстанда біз бұл шартты мемлекеттеріміздің арасындағы сенім мен халықтарымыз арасындағы мызғымас достықтың белгісі ретінде бағалаймыз».

Сондай-ақ қазақстандық «Kazsat» спутниктік байланыс және хабар тарату жүйесін құру мен екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастық барысында пайдаланылатын әрі алынған интеллектуалдық қызметтердің нәтижелерін өзара құқықтық қорғау туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.



Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қоюымен Қазақстан өзінің құрлықтағы шекараларын халықаралық-құқықтық рәсімделуін аяқтады.

Қазақстан мен Ресей арасындағы құрлықтағы шекараның әлемдегі ең ұзын 7 591 шақырымдық шекара екенін ескерсек, бұл шартқа қол қоюдың маңыздылығы ерекше зор.

Ресейлік тараптан Қазақстанды 12 субъект шектеп тұр: Астрахан, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор, Челябинь, Қорған, Түмен, Омбы, Новосибирск облыстары және Алтай өлкесі мен Алтай Республикасы.

Қазақстандық тарапта шекарамен 7 облыс шектесіп жатыр: Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы Астана қаласының орталық мешітінде болып, Қазақстан мен барша әлемнің мұсылмандарын Құрбан айт мерекесімен құттықтады.

21 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етіп, онда Қазақстанды ұзақ мерзімді перспективаға сумен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Отырыс барысында сумен қамтамасыз ету жағдайы ушығып бара жатқаны әрі түбегейлі шаралар қабылдауды талап ететіндігі атап айтылды. Су қорларының шектелуі, оларды бөлудің аумақтық әрі маусымдық теңсіздігі Қазақстанның табиғат қорларын игеру мен тұрақты дамуын тежейтін факторлар болып табылады.

Президент мемлекеттік органдарға су қорлары шектелуінің кері әсерлерін жоюға, экономикалық өсім үшін жағдай жасауға, әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешуге, мемлекетаралық су қатынастарын реттеуге арналған ұзақмерзімді шаралар кешенін әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету міндетін жүктеді.

Отырыста сондай-ақ шекаралық саясат мәселелері мен Қазақстанның аумақтық қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланды. Президент шекаралық және көші-қон бақылауының сапасын арттыру, мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.



Сол күні Мемлекет басшысы бірқатар жұмыс бабындағы кездесулер өткізді.

Президент Батыс Қазақстан облысының әкімі Н.С. Әшімов пен Қызылорда облысының әкімі И.А. Адырбековті қабылдады. Олар облыстардың 2004 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы баяндады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы И.И. Роговты қабылдады, ол елдің Басты заңының 10 жылдық мерейтойына дайындық барысы туралы хабардар етті.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы бірқатар жұмыс бабындағы кездесулер өткізді.



Президент Қазақстан Республикасының Әділет министрі О.И. Жұмабековті қабылдады, ол министрліктің 2004 жылғы жұмыс қорытындылары, сондай-ақ Мемлекет басшысының қылмыстық-атқару жүйесін реформалаудың және Әділет министрлігіне қосымша қызметтерді өткізу кезеңінің аяқталуына байланысты берілген тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Б.М. Сапарбаевты қабылдап, комитеттің 2004 жылғы жұмыс қорытындылары және 2005 жылдың 23–24 қаңтарында Алматы қаласында болып өткен ДСҰ еуропалық өңірі елдерінің кедендік қызметтері басшыларының II конференциясының нәтижелері туралы есебін тыңдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы О.Б. Мұхамеджановты қабылдады. Ол Президентке Парламент Мәжілісіндегі заң шығару жұмысының жүргізілу барысы және оның Украина Президенті В.А. Ющенконың ресми ұлықтау рәсіміне қатысу сапарының нәтижесі туралы мәлімдеді.

25 қаңтар

Мемлекет басшысы «Air Astana» авиакомпаниясының президенті Л. Пакстонды қабылдады. Ол әуе кемелері паркінің толықтырылуы, персоналдар құрамын көбейту мен компанияның даму перспективалары туралы ақпарат берді.



Мемлекет басшысы «2005–2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы» №1513, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы №471 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №1514 жарлықтарына қол қойды.

26 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитетінің IV арнайы отырысының жұмысына қатысты.

Отырысты аша келе, Президент: «... ТМД мемлекеттері басшыларының отырысты Алматыда өткізу бастамасын қолдауы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің халықаралық терроризмге қарсы күресте Достастық елдерінің қаншалықты маңызды рөл атқаратындығын мойындайтынын көрсетеді. Осындай шараларды



өткізу — уақыт пен заман талабы», — деді (Қосымшаны қараңыз).



БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитеті 2001 жылдың 28 қыркүйегінде, АҚШ-та 2001 жылғы 11 қыркүйекте лаңкестік әрекет болысымен, Қауіпсіздік кеңесінің 1373 қарарымен бекітілді.

Комитет мемлекеттердің лаңкестікпен күресін күшейтуді үйлестіру, сондай-ақ осы қарарда көрсетілген шараларды іске асыруға көмектесу мақсатында құрылды. Ол шаралар қатарына жататындар:

- терроризмді қаржыландырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу;*
 - террорлық актіге қатысы бар тұлғалармен байланысты кез келген қаржыларды кідіртпей тұйықтау;*
 - террорлық топтарға ешқандай формада қаржылық қолдау көрсетпеу;*
 - терроршыларға орынжай, көмек, қолдаулар ұсынуға жол бермеу;*
 - басқа үкіметтермен террорлық акт жасаған немесе жасауды жоспарлаған кез келген топтар туралы ақпарат алмасу;*
 - басқа үкіметтермен осындай актілерге қатысты тұлғаларды тергеуде, табуда, тұтқындауда, беру мен ізіне түсуде ынтымақтастық орнату;*
 - терроризмге белсенді немесе енжар түрде жәрдемдесуге ұлттық құқықтағы қылмыстық жауапкершілікті бекіту және ондай тұлғаларды сотқа беру;*
 - терроризммен күрес жөніндегі сәйкес халықаралық құжаттарға қосылу.*
- Комитеттің жұмыс органы Атқарушы директорат болып табылады.*

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитетінің IV арнайы отырысына қатысушылармен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитетінің төрағасы А.И. Денисовпен кездесу барысында Президент комитет пен Қазақстанның тиісті құрылымдары арасындағы өзара байланысты нығайту қажеттігін атап көрсетті.

ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы В.Б. Рушайломен кездесуінде Мемлекет басшысымен 2004 жылдың күзінде Астана қаласында болып өткен ТМД саммитінде ұсынылған Достастықты одан әрі жетілдіру мен реформалау жөніндегі бастамасының орындалу барысы қаралды.

ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжамен әңгімесінде терроризмге қарсы күресті күшейту және ұйымның алдағы кезеңдегі қызметінің басым бағыттары басты тақырыпқа айналды.

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға Президенттің шақыруы бойынша келген Гарвард университетінің профессоры, Стратегия және бәсекеге қабілеттілік институтының директоры М. Портерді қабылдап, онымен алдағы 20 жылға жоспарланған «Қазақстанның бәсекеге қабілеттігі және кластерлік даму перспективалары» жобасы бойынша кеңесті. Осы жоба аясында ұлттық экономиканың өндіруші болып табылмайтын салалары зерттеліп, оларды дамыту перспективалары айқындалатын болады.



Майкл Портер (1947 жылы туылған) — Гарвард бизнес-мектебінің іскерлік әкімшілік кафедрасының профессоры, экономикалық бәсекелестікті зерттеу саласында танылған маман, соның ішінде елдер мен өңірлер арасындағы, халықаралық нарықтардағы бәсекелестікті зерттеді. Елдердің бәсекелестік артықшылықтарының теориясын жасады.

М. Портер — 16 кітап пен көптеген мақалалардың авторы. Оның іргелі жұмысы «Халықаралық бәсекелестік» («The Competitive Advantage of Nations») кітабы болып табылады.

М. Портер бәсекеге қабілеттілікті талдаудың мойындалған әдісін ойлап тапты және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің өсу сатысын (арзан еңбек тәрізді «бастапқы факторлардан» бастап, инновация мен соңғы сатысы — байлық негізіндегі бәсекелестік негізіндегі бәсекелестікке дейін) сипаттап берді.

М. Портердің пікірі бойынша, елдің ішкі нарығындағы бәсекелестік қаншалықты күшті дамыған және тұтынушылар талабы қаншалықты жоғары болса, сол елдің компанияларының халықаралық нарықтардағы табысқа жету мүмкіндігі соншалықты жоғары болмақ (және керісінше, ұлттық нарықтағы бәсекелестіктің әлсіреуі бәсекелестік артықшылықтардың жоғалуына алып келеді).

АҚШ-тың көптеген компаниялары мен үкіметтік құрылымдары оның кеңестерін пайдаланады. Ол Үндістан, Жаңа Зеландия, Канада, Португалия тәрізді мемлекеттердің экономикалық зерттеулеріне басшылық етті.

27 қаңтар

Мемлекет басшысы 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің отырысына қатысты.

Отырыс барысында Н.Ә. Назарбаев Қоғамдық кеңес алдына бірқатар міндеттер қойды, олардың қатарында Шілікті қорғанынан табылған үшінші «алтын адамға» зерттеу жұмыстарын жүргізу; қазақ фольклоры сериясы бойынша шығарылған «Бабалар сөзі»



кітабының таралымын көбейту; қазақ классиктерінің шығармаларын шетел тілдеріне аудару; жобаға зиялы қауым мен кәсіпкерлерді де тарту; бағдарлама аясында арнайы қор құру бар.



2004 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Оны жүзеге асыруды бастағалы бері ерекше тарихи-мәдени маңызы бар 35 архитектуралық ескерткіш қалпына келтірілді. 30 археологиялық және 17 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылды. Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Түркия, Египет, Қытай, Ресей және Армения елдеріндегі іздестіру жұмыстары нәтижесінде Қазақстанның тарихына қатысты 5 мыңға жуық құнды мәліметтер табылып, олардың көшірмелері елімізге әкелінді. Археологтар 32 көне қалашықтарды, қорымдар мен қорғандарды зерттеді. Республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің жаңа Мемлекеттік тізімі жасалып, оның құрамына 218 нысан енгізілді.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы Павлодар облысының әкімі Қ.А. Нұрпейісов пен Ақтөбе облысының әкімі Е.Н. Сағындықовты қабылдады. Олар өңірлердің 2004 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есеп берді.

Президент әлеуметтік мәселелерді шешуге әкімдердің назарын аударды және алдағы кезеңде атқару үшін ауылдық жерлердегі жол құрылысы, ауруханалар мен емханаларды қажетті медициналық жабдықтармен жарақтандыру міндеттерін қойды.



29 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2923 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1515 Жарлығына қол қойды.

31 қаңтар

Мемлекет басшысы Астана және Алматы қалаларының, облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдерімен кеңес өткізіп, оның барысында 2005 жылға атқарылатын міндеттерді белгіледі.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі республикалық кеңеске қатысты.

АҚПАН



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	
Ср	2	9	16	23	
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысына, «электрондық үкіметті» қалыптастыруға, әлеуметтік реформаларды тереңдетуге, құнды қағаздар нарығын және жинақтық зейнетақы жүйесін дамытуға байланысты мәселелерді ерекше назарға алды.

Сол күні Мемлекет басшысы бірқатар жұмыс бабындағы кездесулер өткізіп, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Т.А. Мансұровтың, Шығыс Қазақстан облысының әкімі В.В. Храпуновтың, Қостанай облысының әкімі С.В. Кулагиннің өңірлердегі 2004 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есептерін тыңдады.

Сондай-ақ 2005–2010 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, ЖОО материалдық-техникалық базасын жақсарту, білім сапасы мен жастардың патриоттық тәрбиесін көтеру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Б.С. Әйтімованы қабылдады.



Мемлекет басшысы «Н.Ж. Дәненов туралы» №1516 Жарлығына қол қойды.

2 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы халықаралық әуежайдың жаңа жолаушылар терминалының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты рәсімді ашу кезінде Н.Ә. Назарбаев «әуежай кез келген елдің визит карточкасы болып табылатынын, және жаңа терминалдың ашылуы елеулі оқиға екендігін» атап өтті. «Астана Еуразиялық құрлықтың дәл ортасында орналасқан, сондықтан мен әлемдік авиакомпаниялардың әуежайды Еуропа мен Азия арасындағы маңызды транзиттік пункт ететіндігіне сенімді болғым келеді. Бұл үшін барлық жағдайлар жасалатын болады». Президент Астана халықаралық әуежайының жобасын жасаушылар мен құрылысын салушыларға алғысын білдірді.



3 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтау жөніндегі комиссияның төрағасы С.Б. Тоқпақбаевты қабылдады, ол комиссияның 2004 жылғы қызмет нәтижелері туралы баяндады.



Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1517 Жарлығына қол қойды.

4 ақпан

Мемлекет басшысы алматылық резиденциясында қазақстандық танымал жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Қайсеновті қабылдады.

Кездесу кезінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге дайындық мәселелері талқыланды.

«Біз әрқашан Жеңіс күнін аға ұрпақтың Отанға деген кіршіксіз махаббатының үлгісі ретінде, жастарды көзсіз ерлік пен отансүйгіштікке тәрбиелеу үлгісі ретінде жадымызда сақтап, атап өтетін боламыз», — деп атап өтті әңгіме барысында Президент.

Атаулы оқиға қарсаңында Н.Ә. Назарбаев ардагерге жаңа пәтердің кілтін ұсынды.



Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асубұлақ ауылында дүниеге келген.

1940 жылы ЖШҚӘ қатарына шақырылып, әскери барлау мектебіне жіберілді. Оны тәмамдаған соң, 1941 жылғы қарашада Украинаның басып алынған аумағына партизандық қозғалыстарды ұйымдастыру үшін апарып тасталынады. 1944 жылдың соңына дейін өзімен бірге Украина, Молдавия, Чехославакия, Румыния аумақтарында болған шайқастарға бірге қатысқан В.И. Чапаев атындағы партизандық отрядты басқарады.

Қасым Қайсенов — көптеген шығармалардың авторы. Оның алғашқы туындысы «Жас партизандар» кітабы 1954 жылы жарық көрді. Содан кейін «Илько Витряк» (1955), «Переяслав партизандары» (1956), «Ажал аузынан» (1960), «Жау тылындағы бала» (1961), «Днепрде» (1961), «Жау тылында» (1973), «Партизан соқпақтары» (1978), «Елімнің ертеңіне сенемін», «Естеліктер мен жазбалар», көптеген әңгімелер, очерктер, повестер жинақтары жарыққа шықты. Автордың көптеген шығармалары орыс, украин және басқа да тілдерге аударылды.

Қ. Қайсенов — II дәрежелі «Богдан Хмельницкий», I және II дәрежелі «Отан соғысы», «Отан» ордендерімен, II және III дәрежелі кавалерлік ордендермен наградталды. 1995 жылы «Халық қаһарманы» атағына ие болды.

7 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Ол агенттіктің 2004 жылғы жұмыс қорытындылары туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің төрағасы Ф.Р. Әбдірахымовты қабылдады, ол агенттіктің 2004 жылғы жұмыс қорытындылары және 2005 жылға арналған жоспарлары жайлы баяндады.

Кездесу барысында сондай-ақ мемлекеттік қызмет сапасын жақсарту, мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін дамыту, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі агенттіктің ұсыныстары қаралды.

Мемлекет басшысы «Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» №30-III Заңына қол қойды.

8 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитетінің төрағасы Қ.С. Сұлтановты қабылдады.

Кездесу барысында халықты еңбекпен қамту саласындағы заңнаманы жетілдіру жолдары талқыланды, сондай-ақ Еңбек кодексі мен Мәдениет туралы заң жобаларының басты ережелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А.К. Мукерджиден сенім грамотасын қабылдады.

10 ақпан

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовке Шардара су қоймасының толып кетуіне және Қазақстанның оңтүстігіндегі кейбір елді мекендерді су басып қалу қаупінің туындауына байланысты орын алған жағдайды шешу бойынша жедел шаралар қабылдау қажеттігі атап көрсетілген жеделхат жолдады.

Сол күні Н.Ә. Назарбаевтың атына И.А. Каримовтан жауап жеделхаты келді, онда су басып қалу қаупі бар аймақтағы жағдайда қалпына келтіру мақсатында Шардара су қоймасынан қажетті су мөлшерін Арнасай сайына ағызу бойынша өзбектер тарапынан қабылданған шаралар туралы жазылған.

11 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы келіссөздер жүргізіп, оның барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту, ЕурАзЭҚ пен ТМД аясындағы екі елдің өзара іс-қимылы мәселелері, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылдың 17–19 қаңтарында Ресей Федерациясына ресми сапары кезінде қол жеткізілген келісімдердің іске асырылу ба-рысы талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы №1327 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1518 Жарлығына қол қойды.

14 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 24 қазандағы №731 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №1519 Жарлығына қол қойды.

18 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» №31-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Амстердам қаласындағы (Нидерланды Корольдігі) Бас консулдығын қайта ұйымдастыру туралы» №1520 Жарлығына қол қойды.

21 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Қ.Ы. Нағмановты қабылдады, ол көлік-коммуникациялық кешеннің 2004 жылғы жұмыс қорытындылары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі З.К. Тұрысбековті қабылдады, ол заңсыз көші-қонмен күрес шаралары, ТМД бойынша бірыңғай мәліметтер банкіні құру жөніндегі «ТМД-Визит» жаңа мемлекетаралық бағдарламасының басты ережелері туралы, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметкерлерін оқыту мен біліктіліктерін одан әрі арттыру жүйесін жетілдірудің бағыттары туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Әскери полиция органдары туралы» №32-III Заңына қол қойды.

22 ақпан

Мемлекет басшысы бірқатар жұмыс бабындағы кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының (ЕӨҚ) президенті А.А. Машкевичті, «Қазақстан алюминийі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы П.К. Шодиевті және «Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ президенті А.Р. Ибрагимовті қабылдады. Олар компаниялардың соңғы он жылдағы жұмыс қорытындылары туралы хабарлады.

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы О.Н. Өксікбаевпен кездесу барысында Мемлекет басшысы бюджеттің орындалуын бақылау және ведомстваның 2004 жылғы жұмысы, сондай-ақ оралмандарды қолдау үшін бөлінген қаражаттар шығынын тексеру нәтижелері туралы есебін тыңдады.



Астана қаласының әкімі Ө.Е. Шөкеевпен әңгімесінде елорданың жаңа нысандары құрылысының барысын талқылады. Өз кезегінде Президент Астананың сол жақ жағалауында 3 500 орындық концерттік зал құрылысын және «Көктал» ықшам ауданында ардагерлерге, мүгедектер мен қарттарға арналған 410 адамдық интернат үйінің құрылысын басым тәртіпте бастауды, сондай-ақ қаладағы жаңа көлік жолайрықтарын жедел түрде іске қосу шараларын жүргізуді тапсырды.



23 ақпан

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен және Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен телефон арқылы сөйлесті.

И.А. Каримовпен әңгімесінде терроризммен және діни экстремизммен күрестегі қызметтерді үйлестіру үшін екі елдің құқық қорғау органдары басшыларының кездесуін өткізу мүмкіндігін талқылады.

Тәжіктік әріптесімен әңгімесінде Н.Ә. Назарбаев сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселесі бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Чехия Республикасындағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ш.О. Омаровты қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев дипломаттың назарын Қазақстан-Чехия ынтымақтастығын дамытудың өзекті мәселелеріне аударды және оған еңбекте табыс тіледі.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Грекия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Х. Контунис-остан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №33-III Заңына қол қойды.

24 ақпан

Мемлекет басшысы ШЫҰ атқарушы хатшысы Чжан Дэгуанды қабылдады.

Кездесу барысында алдағы 2005 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында өтетін ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің отырысына дайындық мәселелері қарастырылды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттары В.Н. Котович пен Н.Т. Рүстемовті қабылдады. Олар өз сайлау округтеріндегі ахуал мен басты проблемалар туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МКК болып, елордадағы автожол құрылысының бағдарламасымен, сондай-ақ қала орталығындағы бірқатар жаңа тұрғын үй кешендерінің, ардагерлерге, мүгедектер мен қарттарға арналған интернат үйінің жобаларымен танысты.

25 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен ШЫҰ мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің отырысына қатысушыларды қабылдады.

Кездесуге ішкі саяси ведомствалардың басшылары — Қазақстаннан — Қ.К. Тоқаев, Қытайдан — Ли Чжаосин, Қырғызстаннан — А.Ш. Айтматов, Ресейден — С.В. Лавров, Тәжікстаннан — Т.Н. Назаров және Өзбекстаннан — Э.М. Ганиев, сондай-ақ ШЫҰ атқарушы хатшысы Чжан Дэгуан қатысты.

ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ Астана қаласында 2005 жылғы 5 шілдеде болатын ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің X мерейтойлық отырысына дайындық мәселелері әңгіме өзегі болды.



Сол күні Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Президент Петропавл қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайында Ш.Ш. Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскийге арналған мемориалдық тақтаның ашылу рәсіміне қатысты.

Түстен кейін Н.Ә. Назарбаев қаланың 20-шы ықшам ауданындағы жаңа тұрғын үй кешенін аралап



көрдi және жаңадан қоныстанушыларға пәтер кiлттерiн табыс еттi. Содан кейiн «Айгөлек» балабақшасында болып, тәрбиешiлерiмен кездестi, балабақшаның қайтадан құрылымдалған ғимаратымен танысты.

Жұмыс сапарының соңында Президент Н.Ф. Погодин атындағы орыс драма театрының ғимаратында болып өткен облыс әкiмi Т.А. Мансұровтың тұрғындармен есептiк кездесуiне қатысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттiгiн (қаржы полициясы) қайта ұйымдастыру туралы» №1521 Жарлығына қол қойды.

28 ақпан

Мемлекет басшысы Премьер-министрдің орынбасары — Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М. Мыңбаевты қабылдады.

Кездесу барысында шағын кәсiпкерлiктi мемлекеттiк қолдау, сондай-ақ кәсiпкерлер мен жұмыс берушiлердiң жұмыс тиiмдiлiгiн кәсiпкерлiкке қатысты нормативтiк-құқықтық актiлердi олардың кәсiпкерлiк бiрлестiктерде қабылдануына дейiн мiндеттi сараптамадан өткiзу арқылы арттыру мәселелерi талқыланды.



Мемлекет басшысы «KEGOC» электр желiлерiн басқарудың қазақстандық компаниясы» АҚ президентi Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол компанияның 2004 жылғы жұмыс қорытындылары мен 2005 жылға арналған жоспарлары туралы баяндады. Сонымен қатар ұлттық электр желiсiн және «Солтүстiк-Оңтүстiк» электр берiлiсiнiң екiншi желiсiн жаңарту жобалары қарастырылды.

НАУРЫЗ



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Н.Н. Дүтбаевты және Астана қаласына жұмыс сапарымен келген Өзбекстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік қызметінің төрағасы Р.Р. Иноятовты қабылдады.

Кездесу барысында ұлттық қауіпсіздік органдарының басшылары екі елдің арнайы қызметтерінің делегациялары арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижелері туралы хабардар етті. Одан басқа, олардың халықаралық терроризммен және діни экстремизммен күрестерінің барлық бағыттары бойынша қызметтерін үйлестіруге байланысты бірқатар мәселелері талқыланды.

2 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевты қабылдады. Ол министрліктің 2004 жылғы қызметінің қорытындылары туралы баяндады.

Кездесу барысында сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін 2005–2006 жылдары реформалау мәселелері қаралды және қорғаныстық өнеркәсіптің басты даму бағыттары талқыланды.

Н.Ә. Назарбаев 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге әзірлік және Астана қаласында әскери шеруді өткізу мәселелеріне назар аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы И.И. Роговты қабылдады. Ол Президентті Конституциялық кеңестің ағымдағы қызметі және ел Конституциясының 10 жылдығын мерекелеуге әзірлік барысы туралы хабардар етті.



Мемлекет басшысы «С.С. Қалмырзаевты Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1522 Жарлығына қол қойды.

3 наурыз

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында терроризм мен экстремизмге қарсы бірлескен іс-қимыл перспективаларын және су-шаруашылық кешенінің пайдаланылуы, энергетика мен көлік мәселелерін талқылады, соған байланысты өз Үкіметтеріне қабылданған шешімдерді орындау бойынша құжат әзірлеуді тапсырды.

Одан басқа, Н.Ә. Назарбаев пен И.А. Каримов екі елдің мемлекеттік басқару органдарының ортақ стратегиялық міндеттерді шешу мен еркін сауда аймағын құру мәселелеріндегі өзара кеңінен ақпараттандырылуының маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының адам құқықтары жөніндегі уәкілі Б.К. Байқадамовты қабылдады. Ол 2004 жылы атқарған қызметтері жайлы баяндады.

Кездесуді қорытындылай келе, Президент омбудсмен институты қызметінің басым бағыты балалардың, әйелдердің, мүгедектердің, зейнеткерлердің, этникалық шағын топтар мен сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғау екендігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Үкімет мүшелерінің және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшылығының қатысуымен 2005 жылдың 18 ақпанындағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелерін іске асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңес барысында Жолдауды іске асырудың Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы талқыланды. Президент әлеуметтік саланы басымды дамыту қажеттігіне назар аударды. Осыған байланысты Президент Жолдауында ұсынылған 2005–2007 жылдарға арналған әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасын іске асыру барысы туралы Үкіметтің есеп беруін тұрақты негізде жүргізіп отыру жөнінде тапсырма берілді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімді бекіту туралы» №34-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1523 Жарлығына қол қойды.

4 наурыз

Мемлекет басшысы Украинаның Мемлекеттік хатшысы А.А. Зинченконы қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан-Украина қатынастарының жай-күйі туралы пікір алмасты. Н.Ә. Назарбаев өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін ауылшаруашылық өнімдерін жеткізуді кеңейту мен Украина аумағы арқылы энергия тасымалдау транзитінің көлемін ұлғайтуды қоса алғанда, Қазақстанның мүмкіндіктері зор екендігін атап өтті.

Мемлекеттік хатшы Қазақстан Президентіне Украина Президенті В.А. Ющенконың Украинаға сапармен келуі туралы шақыруын жеткізді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы №1327 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1524 Жарлығына қол қойды.

5 наурыз

Мемлекет басшысы 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшелері мен қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнестің, денсаулық пен білім беру салаларының өкілдері болып табылатын бір топ әйелдерді қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев жеке өз атынан және Қазақстанның ерлері атынан еліміздің барша әйелдерін шын жүрегімен құттықтап, бақыт пен игілік тіледі.

Заманауи қоғамдағы әйелдер рөлі туралы айта келе, Президент олар тек отбасының сақтаушылары ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірдің белсенді қатысушылары да болып табылатынын атап өтті. Нәзік жанды әйелдер бүгінде экономиканың барлық секторларында еңбек етіп, басшылық лауазымдарда қызмет атқаруда. 3 әйел — Үкімет мүшесі, 8-і министрлердің орынбасарлары қызметтерінде, 5-уі әкімдердің орынбасарлары. Парламент Мәжілісіне соңғы сайлауда 8 әйел депутаттыққа сайланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің кадр мәселелері туралы» №1525, «Қазақстан Республикасы жергілікті соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1526 жарлықтарына қол қойды.

10 наурыз

Мемлекет басшысы «М.Б. Тілеубердин туралы» №1527 Жарлығына қол қойды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы мен Катар Мемлекеті Әмірінің арнайы өкілі Мұхаммед Исмаил әл-Имади Астана қаласында «Нұр Астана» ислам мәдени орталығының салтанатты ашылуына қатысты.

Президент Катар Әміріне алғысын білдірді және мешітке Катар Әмірінің Сауд Арабиясы Корольдігіне сапары барысында Король Фахд ибн Абдель Азизден сыйға алған Құран мен Қағбаның қасиетті жапқышын сыйлады.



«Нұр Астана» ислам мәдени орталығы Катармен қайтарымсыз негізде бөлінген қаражатқа салынған. Катар Мемлекетінің Әмірі шейх Хамад бен Халифа әл-Танидің Қазақстанға 1999 жылдың сәуірінде жасаған ресми сапары кезінде тиісті уағдаластыққа қол жеткізілген болатын.

Мешіт ғимаратының жалпы аумағы 3 мың шаршы метрден асады. Оның айналасында әрқайсысының биіктігі 62 метрді құрайтын төрт мұнара бар. Басты күмбездің биіктігі — 43 метр. Мешіт бір мезгілде 5 мыңға жуық мінәжат етушіні қабылдай алады.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Наурыз мейрамына арналған мерекелік шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев мерекеге орай құрастырылған қазақ ауылында болды, сондай-ақ сол жақ жағалаудағы «Думан» ойын-сауық кешенінің күмбезді залына барып, Алтын жауынгер мүсінінің жанында қазақстандықтарды көктем мерекесімен құттықтады.

Н.Ә. Назарбаев Петуховтар отбасында және Қазақ гуманитарлық заң университетінің ұстазы Б. Батыршаұлының шаңырағында қонақта болды.

23 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1528 Жарлығына қол қойды.

24 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласында үкімет басшылары деңгейінде өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысушыларды қабылдады.

Кездесу барысында ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің өткен отырысының басты қорытындылары, сондай-ақ қоғамдастықты одан әрі дамыту мен бірлестіктің ықпалдастық әлеуетін нығайту мәселелері талқыланды.



Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ) — құрамына енетін мүше мемлекеттердің ортақ рыногын құру мақсатын көздейтін халықаралық экономикалық ұйым.

ЕурАзЭҚ-ты құру туралы Шартқа Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері 2000 жылдың 10 қазанында Астанада қол қойды. 2006 жылдың қаңтарынан бастап ЕурАзЭҚ-қа Өзбекстан да қосылды.

2002 жылдан бастап бақылаушылар мәртебесін Украина мен Молдова, 2003 жылдан — Армения иеленді.

2003 жылдың желтоқсанында ЕурАзЭҚ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының жанында бақылаушы мәртебесін алды.

Мемлекетаралық кеңес, Интеграциялық комитет, Хатшылық, Парламентаралық ассамблея мен Сот ЕурАзЭҚ-тың органдары болып табылады.

Мемлекет басшысы «Қ.Т. Құдабаевты I дәрежелі «Айбын» орденімен наградтау туралы» №1529, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы №645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1530 жарлықтарына қол қойды.

25 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің I съезіне қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев бизнес-қоғамдастық алдына жалпыұлттық экономикалық тәртіптегі 5 мәселені алға тартты. Олардың қатарында Президент отандық кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттігі мен өнімділігін арттыруды, кластер құруды, бизнесті жүргізудің жаһандық жолын таба білуді, кәсіпкерлікті дамытуда



одан әрі ынтыландыру мен бизнес пен мемлекеттің серіктестігін нығайтуды атады (Қосымшаны қараңыз).

Конгресте Қазақстанның «Атамекен» жалпыұлттық кәсіпкерлер және жұмыс берушілер одағын құру туралы шешім қабылданды.

Конгресс жұмысы аяқталған соң, Н.Ә. Назарбаев «Атамекен» одағының Үйлестіру кеңесі мүшелерімен кеңес өткізді.



Сол күні Мемлекет басшысы «BAE Systems» компаниясы Басқарма төрағасының кеңесшісі сэр Р. Эвансты қабылдады.

Кездесу кезінде «Air Astana» компаниясының даму перспективалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің кезекті отырысына дайындық мәселелері талқыланды.

27 наурыз

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасы Президентінің міндетін атқарушы Қ.С. Бакиевпен қырғыздық тараптың бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті.

Қ.С. Бакиев елдегі қоғамдық-саяси жағдай туралы хабарлады.

Президент өз тарапынан Қазақстанның көрші елдегі ішкі жағдайдың тұрақтануына және билік құрылымдарының қалыпты қызмет етуіне мүдделілігін, сондай-ақ көмек көрсетуге әзір екендігін мәлімдеді.

28 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е.А. Досаевты қабылдады. Ол Қазақстанның денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы туралы баяндады.



Мемлекет басшысы «ТұранӘлем Банкі» АҚ басқармасының төрағасы С.Х. Мәмештегін қабылдады.

Әңгіме барысында шағын және орта бизнесті, әсіресе Қазақстанның агроөнеркәсіп секторын несиелеу мәселелері, сондай-ақ қазақстандық банктердің

ТМД-дағы қаржылық қызметтерінің спектрін кеңейту перспективалары қаралды.

Мемлекет басшысы сазгер Б. Балғабекқызын қабылдады.

Кездесу барысында 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы және қазақстандық музыка өнері қайраткерлерінің қазақ музыка өнерін жаңғырту мен насихаттау ісіне қосып жатқан үлесі туралы пікір алмасылды.

29 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің төрағасы К.Ә. Сағадиевті қабылдады.

Әңгіме барысында парламенттің ағымдағы қызметінің мәселелері, сондай-ақ 2005 жылдың екінші жартысына бюджеттің нақтылануын қарастыру ерекшеліктері талқыланды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы Ж.М. Әбділдинді қабылдады.

Кездесу барысында Президент Жолдауының аясындағы қоғамды демократияландыру мәселелері талқыланды.



30 наурыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Мехманпарасаттан сенім грамотасын қабылдады.

31 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Грузия Президенті М.Н. Саакашвилимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында энергетикалық салада, оның ішінде «Баку — Тбилиси — Джейхан» жобасы аясында Каспий теңізінің түбіне мұнай құбырын салу бойынша ірі бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне баса назар аударылды.



Сондай-ақ тараптар өзара мүддеге ие халықаралық сипаттағы бірқатар мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша лаңкестікпен, есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымымен, ұйымдасқан және басқа да қылмыс түрлерімен күрестегі ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге; Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы «Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы» 1996 жылғы 17 қыркүйектегі Шарт хаттамасына және Астана қаласы мен Тбилиси қаласы арасындағы достық туралы меморандумға қол қойылды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және мемлекеттік құпияларын қорғаудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1532, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №1533 жарлықтарына қол қойды.

СӘУІР



Дс	4	11	18	25	
Сс	5	12	19	26	
Ср	6	13	20	27	
Бс	7	14	21	28	
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	



1 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында үкіметтік емес секторды дамыту және билік пен ҰЕҰ өзара әрекетін Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруға қатысу арқылы нығайту мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев 2006 жылдың қыркүйегінде Қазақстанның ІІ Азаматтық форумын өткізу бастамасын қолдады.



Қазақстанның азаматтық форумы — Президенттің қатысуымен 2003 жылдың сәуірінде болған І Азаматтық форумнан бастап жиі өткізіліп келе жатқан ҰЕҰ республикалық съезі.

Мемлекеттің ҰЕҰ өзара әрекетін нығайту міндетін Президент алғаш рет 1998 жылы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтқан болатын. Мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ өзара әрекетінің институтталған тетіктерін дамыту, үкіметтік емес сектордың заңнамалық базасын жетілдіру, ҰЕҰ-ды әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға тарту басты басымдықтар қатарында айқындалды.

Осыған байланысты 2000 жылы әлеуметтік серіктестік туралы және 2001 жылы коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдар қабылданды. 2002 жылы ҰЕҰ мемлекеттік қолдаудың 2003–2005 жылдарға арналған республикалық бағдарламасы, сондай-ақ тиісінше өңірлік бағдарламалар қабылданды. Министрліктердің, барлық облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері жанындағы әлеуметтік блогтарда консультативтік-кеңесшіл органдар құрылды. 2005 жылдың сәуірінде «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңның қабылдануымен ҰЕҰ-ды гранттық негізде әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға тартудың тиімді жүйесі құрылды.

Мемлекет басшысы «А.К. Котов туралы» №1534, «Н.В. Безруков туралы» №1535 жарлықтарына қол қойды.

3 сәуір

Мемлекет басшысы Рим-католиктік шіркеуінің Камерленгосы Э.М. Сомалоға Рим папасы Иоанн Павел II қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қазақстанда Аса Қасиетті Папа Иоанн Павел II қазасы туралы хабар терең қайғы-қасіретпен қабылданды. К. Войтыла адамзат тарихына ғаламдық ауқымдағы аса көрнекті тұлға ретінде енді. Ол барлық халықтар мен діндер арасында бейбітшілікті нығайту мен өзара түсіністікке қол жеткізу ісіне баға жетпес үлес қосты.

Көптеген діндер уағыздалатын көп ұлтты Қазақстанда, Аса Қасиетті Папаның Астанаға келгені, оның еліміз үшін тілеген тілектері мен баталары әрқашан есте сақталатын болады. Ол адамзат жадында жоғары адамгершілік қуат, даналық пен сенімнің жарқын бейнесі ретінде мәңгілікке сақталады.

Бүкіл әлемнің католиктеріне осындай ұлы тұлғаның қайтыс болуына байланысты шын жүректен көңіл айтуымды жеткізуіңізді сұраймын», — делінген жеделхатта.

4 сәуір

Мемлекет басшысы Апостолдық нунциатураға (Ватиканның Қазақстандағы елшілігі) барып, Рим папасы Иоанн Павел II қайтыс болуына байланысты көңіл айту кітабына жазба жазып қалдырды.

Журналистермен әңгімесінде Н.Ә. Назарбаев: «Біз Иоанн Павел II қаза болғанын қайғыра қабылдадық», — деп атап өтті.

«Бұл ғаламдық ауқымдағы тұлға, ол түрлі конфессиядағы адамдар арасында бейбітшілік пен өзара түсіністіктің болуы үшін көп үлес қосты. Оның бітімгершілік істері адамзат тарихында ешқашан ұмытылмайды. Ол еліміздің түсінбеушілік пен қантөгіс болып жатқан ең «ыстық нүктелерінде» болып қайтты.

Қазақстандықтар, әрине, Иоанн Павел II 2001 жылғы елімізге сапарын мәңгілік ұмытпайды. Бұл таң қаларлық оқиға еді. Көптеген адамдар Рим папасының Қазақстанға сапармен келетініне сенбеген еді.

Рим-католиктік шіркеуінің басшысы көпұлтты және көпконфессиялы елімізде халықтарымыз достық пен сенімде өмір сүріп жатқандығын, тәуелсіздік жылдарында мешіттер, шіркеулер, костелдер мен ғибадатханалар, будда храмдары ашылғанын ерекше жоғары бағалады. Біздің елімізде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің өтуіне, бәлкім, осы сапардың себеі тиген болуы керек...».

Президент «Рим папасымен үш рет Ватиканда және төртінші рет Астанада кездесу бақыты бұйырғанын» атап айтты. Бұл кездесулердің әрқайсысы елеулі оқиға болатын, бүгін де Иоанн Павел II осы жерде айтқан, еліміздің игілігі үшін, қазақстандықтарға рухани нәр беретін әрі оларды мейірімділік пен толеранттылыққа үндейтін тілектері мен дұғаларының барлығын есімізге түсіреміз...».



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1544, «Қазақстан

Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1545 жарлықтарына қол қойды.

5 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы С.С. Қалмырзаевты қабылдап, агенттік жұмысының 2004 жылғы қорытындылары туралы есебін тыңдады.

С.С. Қалмырзаев сондай-ақ жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру жөніндегі іс-шаралар туралы да хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің бір топ депутаттары — З.Ж. Қадыровты, А.С. Айталыны, С.К. Қонақбаевты, М.В. Трошихинді және Ш.А. Оразалиновты қабылдады.

Кездесу барысында депутаттар Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын сайлаушыларға түсіндіру бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы хабарлады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2935 және 2002 жылғы 29 наурыздағы №829 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №1536, «Кешірім жасау туралы» №1537, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1538, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1539, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1540, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1541, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1542–1543 жарлықтарына қол қойды.

6 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қ.Ә. Мәмиді қабылдады. Ол Президенттің Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған ережелерінің орындалу барысы туралы баяндады. Атап айтқанда, Қ.Ә. Мәми сот өндірісін жеңілдету бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, азаматтардың құқықтарына кепілдіктерді күшейту және сот үдерісіндегі адвокаттардың рөлін арттыру мәселелері туралы хабарлады.



Кездесу барысында сот жүйесін қаржылық қамтамасыз ету және 2005 жылғы 3 маусымда болатын Қазақстан судьяларының IV съезіне дайындық мәселелері қаралды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы судьялардың жауапкершіліктерін күшейтуге және олардың зейнеткерлік қамтамасыз етілуін жақсартуға бағытталған заң жобасын әзірлеу жөнінде тапсырма берді.

Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясы төрағасының орынбасарлары А.Д. Ермагяев пен А.С. Павловты қабылдады.

Кездесу барысында партияның және оның парламенттік фракциясының Президент Жолдауында аталған міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыстары туралы пікір алмасылды. Осыған байланысты партияның «Қазақстандық жол – 2009» сайлауалды тұғырнамасын іске асыру мәселелеріне баса назар аударылды.



Мемлекет басшысы «Жергілікті атқарушы органдар басшыларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №1546 Жарлығына қол қойды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы» №1547 Жарлығына қол қойды.

8–9 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, Ново-Огарево қаласында Президент В.В. Путинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты экономикалық ынтымақтастықты кеңейту жолдары, ТМД мен ЕЭК аясында ықпалдастықты тереңдету жөніндегі шаралар туралы пікір алмасты. Одан басқа, 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге әзірлік мәселелері қаралды.



11 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.Ф. Дунаевты қабылдады. Ол

республикалық бюджеттің 2005 жылғы кіріс бөлігін нақтылау қорытындылары туралы баяндады.

Президент 2005 жылдың 1 шілдесінен бастап бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын көтеру үшін — 53 млрд. теңге, ал зейнетақыны көтеру үшін 29 млрд. теңге бөлінетінін атап өтті.

12 сәуір

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №35-III, «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» №36-III, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словакия Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімді бекіту туралы» №37-III, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы №38-III заңдарына қол қойды.

13 сәуір

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасы Президентінің міндетін атқарушы Қ.С. Бакиевпен қырғыздық тараптың бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті.

Қ.С. Бакиев Қырғызстанға 2005 жылдың 24–25 наурызында болған тәртіпсіздіктердің және келтірілген айтарлықтай материалдық шығынның нәтижесінде қалыптасқан қиын жағдайға байланысты шұғыл гуманитарлық және азық-түлік көмегін көрсетуді, сондай-ақ жанар-жағар маймен жәрдемдесуді сұрады.

Н.Ә. Назарбаев қолдау білдіріп, Үкіметке шұғыл түрде көрші елге азық-түлік және материалдық-техникалық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» №39-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №40-III, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде әскерлерді (күштерді) қолдануды

бірлесіп жоспарлау туралы келісімді бекіту туралы» №41-III, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автомобиль көлігімен транзиттік өткізу туралы келісімді бекіту туралы» №42-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «О.И. Жұмабеков туралы» №1548 Жарлығына қол қойды.

14 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Астана қаласына көшірілген бірқатар бөлімшелерін аралап көрді.

Атап айтқанда, Президент Астана қаласының Алматы аудандық Ішкі істер басқармасының және Астана қаласының Ішкі істер басқармасы Жол полициясы басқармасы тіркеу-емтихан бөлімінің жұмысымен танысты. Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ атты полиция отряды мен кинологтарға, сондай-ақ арнайы шұғыл әрекет ету отряды мен «Арлан» бөлімшесіне арналған жаңа киім үлгілерін, автотехника үлгілерін, оның ішінде жол-көлік оқиғаларын қамтамасыз ету бойынша жылжымалы пунктті, күманды немесе жарылғыш қондырғыны залалсыздандыру қажеттілігі туындағанда сараптама жасауға мүмкіндік беретін жылжымалы жарылғыш-техникалық зертхананы, орталық пультіне елорданың көшелерінде орнатылған бейнекамералардан ақпарат келіп түсетін жылжымалы байланыс торабын қарап көрді.

Мемлекет басшысы қылмыспен күрес саласындағы жағдайдың бұдан әрі де жақсаратынына үмітін білдірді. Мемлекет құқық қорғау органдарын барлық бағыттар бойынша үнемі нығайтып отыру үшін қолдан келгеннің барлығын жасайтын болады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №43-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «З.Я. Балиева туралы» №1549, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» №1550, «Белгіленген

әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2005 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №1551 жарлықтарына қол қойды.

15 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерімен және Президенті Әкімшілігінің басшылығымен 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауының іске асырылу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңес барысында Премьер-министр Д.К. Ахметовтің, Президент Әкімшілігінің Басшысы А.Р. Жақсыбековтің, сондай-ақ Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Г.Д. Қарағұсованың, Қаржы министрі А.Ф. Дунаевтың, Мәдениет, ақпарат және спорт министрі Е.М. Қосубаевтың есептері тыңдалды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №44-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №45-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ф. Паскуаль де ла Партені Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградау туралы» №1552 Жарлығына қол қойды.

16 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Астана қаласындағы жаңа ғимаратының ашылу рәсіміне қатысты.

Президент өткен күндерді еске ала отырып: «... Қазақстан тәуелсіздігінің таңы атып келе жатқанда сыртқы саяси ведомство бар-жоғы 10 қызметкерден құралған болатын. Елде іс жүзінде сыртқы саясат болмаған еді. Біз оны қайтадан тұрғыздық. Бүгінде бізде өзіміздің біліктілігі жоғары дипломаттарымыз бар. Қазақстан әлемнің барлық елдерімен, сондай-ақ көптеген халықаралық ұйымдармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты», — деді.



18 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында «Отан» Республикалық саяси партиясының басшылығын қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев партия төрағасының екі жаңа орынбасарлары — Ә.Р. Жолшыбеков пен Б.Т. Жұмағұловтың соңғысына Партия төрағасының міндетін атқарушы өкілеттігін жүктей отырып тағайындалғаны туралы хабарлады.



Мемлекет басшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә. Қожамқұловты қабылдады. Ол елдегі жоғарғы оқу орындарын университет үлгісінде реформалау жүйесінің барысы туралы баяндады.



Мемлекет басшысы «Маха Чакри Сириндорнды II Дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1553, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1554 жарлықтарына қол қойды.

19 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Қазақстан облыстарының имамдарымен кездесу өткізді.

Н.Ә. Назарбаев имамдарды Мәуліт мерекесімен — Мұхаммед пайғамбардың туған күнімен құттықтады және барша мұсылмандар мен олардың отбасыларына ізгілік пен гүлдене беруін тіледі.

Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Президент Қазақстан имамдарының атқаратын басты міндеттерін айқындап, олардың қатарында діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекетті, сондай-ақ діни кадрларды — имамдар мен молдаларды даярлау жүйесін жетілдіруді атады.



Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика сарайының алдында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына орай өткізілген салтанатты жиналысқа қатысты.

Ардагерлерге арнап сөйлеген сөзінде Президент: «Біз сол ұрыста еркіндігіміз үшін қанын төккендерді мәңгі есте сақтаймыз. Бұл мерейтойға құрмет көрсету



ғана емес, бұл — адамгершілік императив. Сол Жеңістің ұлылығына титімдей болса да күмән тудырылған болса, оларға қарапайым әрі түсінікті түрде: «ардагерлеріміз өздерін құрбан етпегенде, осы тәуелсіздігіміз де, еркіндігіміз де болмас еді» деп жауап қайтару керек. Ерліктің бұл үлгісі жастар үшін өте маңызды. Себебі, тарихымыз үнемі бірсыдырғы бола бермейді. Ол қайғылы да, қанды да болуы мүмкін. Тек осы бостандықты қорғау үшін күресуге дайын халық қана бостандыққа лайықты. Қазақстан жаңа жүзжылдық табалдырығында өз тәуелсіздігін жария етті, бірақ бұл көктен түскен сый емес, көптеген ұрпақтарымыздың еңбегінің жемісі. Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің де қосқан үлесі орасан. Ардагерлеріміздің кеудесіндегі алтын жұлдыздар — адамзат рухы Жеңісінің символы.

Ардагерлерге қамқорлық жасау — қоғам мен жастарымызға өткен тарихымыз жайлы, оларға Отанымыз бен бостандығымыз үшін кейде жанымызды құрбан етуге тура келетіні жайлы, ел үшін қастерлі намыс пен ерліктің бар екендігі, мемлекетіміздің қандай қағидаттарға негізделгені жайлы үнемі еске салып отыру. Сондықтан да біз шаңырағымыздағы бейбітшілігіміз, бостандығымыз бен игілігіміздің әрбір қазақстандықтан толық қайтарымын талап ететінін есте сақтауымыз керек...».

Салтанатты жиналыс соңында Н.Ә. Назарбаев М. Әбдіхалықовқа «Отан» орденін; М. Баратовқа II дәрежелі «Даңқ» орденін; Қ. Әбеневке, Ш. Бастимиевке, Ә. Изатовқа, Ә. Тасбергеновке II дәрежелі «Айбын» орденін; Б. Ақыжановқа, Ә. Нұршайықовқа «Парасат» орденін; М. Белоусовқа, М. Грибановқа «Құрмет» орденін өз қолымен табыс етті.



1



2



3



4



«Отан» ордені (1-сурет) 1993 жылы бекітілген. Бұл орденмен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі; экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі үшін марапатталады.

«Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. Екі дәрежесі бар. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және басқа органдар басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігі мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік



5



6



7



8



9

ұйымдастырғаны үшін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады.

I дәрежелі «Даңқ» ордені жұлдыздан (2-сурет) және иыққа асатын лентадағы орден белгісінен (3-сурет) тұрады. II дәрежелі «Даңқ» ордені тақташасындағы белгіден (4-сурет) тұрады.

«Айбын» ордені 1995 жылы белгіленді. Үш дәрежесі бар. Орденмен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері жауынгерлік даярлықта, әскерлердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейін ұстауда, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін; әскери және қызмет бабындағы парызын өтеудегі көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғауда жасаған ерлігі үшін марапатталады.

I (5-сурет) және II (6-сурет) дәрежелі «Айбын» орденімен кіші және аға офицерлік құрамдағы адамдар марапатталады.

III (7-сурет) дәрежелі «Айбын» орденімен солдаттар, матрос-тар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер мен мичман-дар марапатталады.

«Парасат» ордені (8-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ және халықтың рухани және ой-өрісін жоғарылатудағы әлеуетін дамытудағы еңбегі үшін, азаматтардың құқығы мен әлеуметтік мүдделерін қорғауда ерен еңбегін сіңірген азаматтар марапатталады.

«Құрмет» ордені (9-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

20 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Таиланд Корольдігінің ханшайымы М.Ч. Сириндорнды қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты гуманитарлық ынтымақтастықты тереңдету жолдары туралы пікір алмасылды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының төрағасы Ә.Ф. Сәйденовті және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу

және қадағалау агенттігінің төрағасы Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Олар 2004 жылдың қорытындылары туралы баяндады.

Сонымен қатар Ә.Ф. Сәйденов Ұлттық банктің мөлшері 5,1 млрд. долларға дейін жеткен Ұлттық қор активтерін басқару бойынша жүргізген жұмыстың нәтижелері туралы айтты және Президентке Үкімет жуық арада көшкелі отырған Ұлттық қордың жаңа моделін таныстырды.

Өз кезегінде Б.Б. Жәмішев қаржылық ұйымдар активтерінің жоғары өсу қарқыны: кредиттік, өтімділікті жоғалту, сыртқы қарыздар мөлшерінің едәуір ұлғаюына байланысты туындайтын қауіптердің қатар өсуіне әкелетіндігін атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент бағалы қағаздар нарығын, зейнетақы жинақтау жүйесін және сақтандыру нарығын дамыту бағдарламаларында көрсетілген тапсырмаларды бұлжытпай орындау бойынша нақты тапсырмалар берді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» №1555 Жарлығына қол қойды.

21 сәуір

Мемлекет Басшысы Алматы қаласында өткен IV Еуразиялық медиа-форумға қатысты.

Форумның күн тәртібінде әлемдік терроризм қаупі жағдайында сөз бостандығын шектеу, медиа заңнаманы, саяси және іскерлік брэндінгті дамыту және т.б. мәселелер қаралды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша форумды Н.Ә. Назарбаев ашты. Президент форумның басты тақырыбы ретінде БАҚ бостандығы мен олардың қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі арасындағы теңгерімнің болуы мәселесін айқындады.

«Әлемнің жаһандануы адамзат баласы алдында жаңа постидеологиялық дәуірді ашады», ол өз кезегінде «бүкіл әлемде жаңа қолжетімді әрі мөлдір ақпарат дәуірінің басталуына әкеледі, БАҚ-қа қойылатын талаптарды, олардың әрбір сөз үшін моральдық жауапкершілігін арттырады», — деп атап өтті Президент.

«БАҚ бостандығы — жоғарғы құндылық, ол «ақпараттық соғыстардың» «шоқпары» болмауы



тиіс. БАҚ — бұл ең алдымен, қоғам, экономика және кәсіпкерлікте күштердің тепе-теңдігін сақтау құралы. Әдетте, газеттерге жеке тұлғалар мен корпорациялар иелік етеді, бірақ баспасөз бостандығы халыққа тиесілі», — деп жалғастырды сөзін Н.Ә. Назарбаев.

«Біздің медиа-форум баршамызды толғандыратын осы және өзге де өзекті мәселелерді тереңірек түсінуге ықпал жасайтындығына сенемін. Алдағы отырыстарда болатын ашық әңгіме осы сұхбатты және шынайы әріптестікті дамытуға серпін беретініне сенімдімін» — деп сөзін қорытындылады Мемлекет басшысы (Қосымшаны қараңыз).

Медиа-форумның қатысушыларына НАТО-ның бас хатшысы Я. Схеффер, ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапота, «The New York Times» компаниясының вице-төрағасы М. Голден және форумның Ұйымдастыру комитетінің төрайымы Д.Н. Назарбаева сәлемдеме сөздерін арнады.



Еуразиялық медиа-форум — Қазақстанда 2001 жылы құрылған тәуелсіз қоғамдық ұйым. Оның басты мақсаты Шығыс пен Батыстың өзара түсіністігін, сенімі мен ынтымақтастығын әлемдік БАҚ өкілдерінің, халықаралық саясат пен бизнес-қоғамдастықтың, ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен сындарлы сұхбат арқылы нығайту болып табылады. Алғашқы медиа-форум 2002 жылдың сәуір айында болып өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы IV-ші Еуразиялық медиа-форумның қатысушылары және қонақтарымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Президент Кембридж университеті Менеджмент институты «Еуразия» орталығының директоры А. Саркисянды, «The New York Times» компаниясының вице-төрағасы М. Голденді, «International Herald Tribune» газетінің аға вице-президенті С. Данбар-Джонсонды және «International Herald Tribune» газетінің Орталық Азия, Кавказ және Иран бойынша басқарушы директоры Б. Фарамарзиді қабылдады.


Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №46-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мәселелері жөніндегі кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 №1556, «Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) мәселелері туралы» №1557, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1134 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» №1558 жарлықтарына қол қойды.

22 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қырғыз Республикасы Президентінің міндетін атқарушы, Премьер-министрі Қ.С. Бакиев бастаған қырғыздық делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында Қырғызстанға гуманитарлық көмек көрсету, бірлескен кәсіпорындар қызметі, соның ішінде Қырғызстан аумағы арқылы өтетін газ құбыры мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы ТМД елдерінің арбитражды, шаруашылық, экономикалық және басқа да соттары төрағаларының экономикалық саладағы даулары жөніндегі Кеңесінің II отырысына қатысушыларды қабылдады.

Кездесуге Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қ.Ә. Мәми, Ресей Федерациясы Жоғарғы арбитражды сотының төрағасы А.А. Иванов, Беларусь Республикасы Жоғарғы шаруашылық сотының төрағасы В.С. Каменков, Украина Жоғарғы шаруашылық сотының төрағасы Д.Н. Притыка, ТМД Экономикалық сотының төрайымы А.Ш. Керімбаева қатысты.

Кездесу барысында ТМД-ның экономикалық өмірді реттеу саласындағы заңнамалық негіздері мен сот практикаларын жақындастыру мәселелері бойынша пікір алмасты. Н.Ә. Назарбаев мұндай жақындастыру ықпалдастық үдерісіне қосқан маңызды үлес болып табылатынын ерекше атап көрсетті.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға жеке сапарымен келген дүние жүзіне әйгілі бразилиялық жазушы П. Коэльоны қабылдады.

23 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Кәсіпкерлік институтының мүшесі, Америка Құрама Штаттары қорғаныстық саясаты кеңесінің мүшесі Р. Перлді және НАТО-ның бұрынғы Жоғарғы қолбасшысы У. Кларкты қабылдады.

Кездесу барысында халықаралық және өңірлік қауіпсіздік, терроризммен, есірткі саудасымен күрес, шағын және орташа кәсіпкерлік саласындағы Қазақстан-Америка қатынастарын одан әрі дамыту, дамыған азаматтық қоғам құру мәселелері бойынша сындарлы пікір алмасу болды.



Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы «Мамыр-3» ықшам ауданында болып, жаңа тұрғын үй кешенін аралап көрді және жаңа қоныстанушыларға пәтер кілттерін тапсырды.

Жаңадан қоныстанушылар алдында сөйлеген сөзінде Президент: «Өздеріңіз білетіндей, республикада 2005–2007 жылдарға арналған тұрғын үй бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның аясында 12 млн. шаршы метр үй құрылысын салу жоспарлануда. Ал бұл шамамен 190 мың пәтер. Шамамен 1 млн. қазақстандық пәтер жағдайын жақсартады деп болжануда. Бұл тұрғын үй құрылысына қаражат салуға мүмкіндік беретін ел экономикасын дамытудың арқасында мүмкін болып отыр...», — деді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы» №1559, «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы» №1560, «Қазақстан халықтары Ассамблеясы институтын нығайту туралы» №1561 жарлықтарына қол қойды.

25 сәуір

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Жамбыл ауданының Айша-бibi ауылындағы қайта қалпына келтірілген Айша-бibi мазарының ашылу салтанатына қатысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Тараз қаласындағы жаңа ықшам ауданында болып, 2005–2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамыту мемлекеттік



бағдарламасы аясында салынған екі коммуналдық көпқабатты үйді аралап көрді; Батыр ана З. Айтқұлованың үйінде қонақта болып, қоныс тойымен құттықтады; сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Оңтүстік» командованиесінің өңірлік штабында болып, Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевпен және әскер қолбасшысы, генерал-майор Б.О. Сыздықовпен бірге штабтың ғимаратын аралап көрді және жеке құраммен кездесіп, офицерлер тобына пәтер ордерлерін табыс етті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы «Жасыл ел» акциясына қатысып, «Атшабар» қалалық саябағына ағаш отырғызды; Тараз қаласының «Достық» орталық алаңында жастар алдында сөз сөйледі; облыстық әкімдіктің ғимаратында қалалықтармен кездесті; Польшаны азат ету майданына қатысу кезінде оқ бораған ажал ұңғысын кеудесімен жауып, А. Матросовтың ерлігін қайталаған Кеңес Одағының Батыры А. Сухамбаев ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты.



26 сәуір

Мемлекет басшысы Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында Байзақ ауданында болып, «КСМ-Құрылыс» ЖШС кірпіш зауытының ашылу салтанатына қатысты, «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының өңірлік өкілдігінің мүшелерімен жүздесіп, облыс кәсіпорындары өндіретін өнімдердің көрмесін тамашалады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Т. Рысқұлов атындағы ауданға барып, «Шау-шен» шаруа қожалығында болды. Оның басшысы С. Дөненбаев қожалықта өсірілетін асыл тұқымды қойларды, жергілікті алатау тұқымды сиырлар мен ахалтеке тұқымды жылқыларды көрсетті.

Осы жерде Президент ауылдық округтер әкімдерімен және облыстың шаруа қожалықтары басшыларымен кездесті.

Күн соңында Мемлекет басшысы Шу қаласына барып, теміржол станциясында Жеңістің 60 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушыларына қызмет көрсету үшін жасалған «Жеңіс» арнайы поезын

жөнелту салтанатына қатысты. Вокзал маңындағы алаңда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырлардың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

27 сәуір

Мемлекет басшысы Қызылорда облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар бағдарламасы Арал қаласына барудан бас-талды, онда Н.Ә. Назарбаев қалалық су құбырын және Ұлы Отан соғысының батырларына арналған ес-керткішті салтанатты ашуға қатысты.

Бұдан кейін Президент Көкарал тоғанының және «Ақлақ» гидроқұрылымының құрылыстарымен таныс-ты, сонымен қатар облыста балық саласын қалпына келтіру бойынша жобасының тірек буыны болып табы-латын Қамышлыбаш балық тәлімбағында болды.



Түстен кейін Мемлекет басшысы Қызылорда қаласына барды, ондағы қалалық Студент-тер сарайында облыста іске асырылып жатқан инвестициялық жобалардың экспозициясын тама-шалады. Президенттің қатысуымен Қазақстанның Инвестициялық қоры басқармасының төрағасы З.Х. Кәкімжанов пен «Pilkington» (Ұлыбритания) ком-паниялар тобының атқарушы директоры С. Чамберс флоат-шыны зауытын салу бойынша ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды.

Н.Ә. Назарбаев облыс әкімдігінің ғимаратында облыс тұрғындарымен кездесу өткізді, «Ботақан» балабақшасында болды, «Сәулет» ықшам ауданында салынып жатқан коммуналдық үйдің құрылысымен танысты, Ғ. Мұратбаев атындағы стадионда «Сыр әуені» студенттік әндер фестиваліне қатысты.



29 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметовті қабылдады. Ол елдің 2005 жылдың басынан бергі әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері туралы және 2003–2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясының, тұрғын үй құрылысы, шағын және орта бизнес, Астана қаласының құрылысы бағдарламаларының іске асырылу барысы туралы баяндады.

МАМЫР



Дс	2	9	16	23	30
Сс	3	10	17	24	31
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	26	
Жм	6	13	20	27	
Сн	7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29



1 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында Қазақстан халқының бірлігі күніне және Пасха мерекесіне орай өткізілген мерекелік шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Константин-Еленинский кафедралды шіркеуінде болып, Қазақстанның барлық православтық христиандарын мерекемен құттықтады.

Содан кейін Президент Есілдің сол жағалауында салынып жатқан «Нұрсая» тұрғын үй кешенінің құрылыс барысымен танысты және астаналық паркте Қазақстан халықтарының достығы фестивалінде болды.



3 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің төрағасы О.Б. Мұхамеджановты қабылдады. Ол Қазақстан халқына Жолдауды іске асыруға бағытталған бірқатар заң жобаларының, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасының талқылану барысы туралы хабарлады.

Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МҚК-да елорданы одан әрі дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы Украина Президенті В.А. Ющенкомен украиналық тараптың бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті.

Тараптар мемлекетаралық сұхбатты жандандырып, экономиканың түрлі салаларындағы нақты жобаларды бірлесіп іске асыруды бастау қажеттігіне және екіжақты сауда көлемін арттыру керектігіне сенім білдірді. Осыған байланысты мемлекет басшылары В.А. Ющенконың Қазақстанға келу сапарының мерзімін, сапар бағдарламасына енгізуге болатын мәселелер тобын талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н.П. Үсенбаеваның Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай астаналық Конгресс-холлда өткізген қайырымдылық концертіне қатысты.

Мемлекет басшысы «Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы» №47-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «А.Н. Хамзаев туралы» №1563, «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру мәселелері туралы» №1565, «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» №1566, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексі туралы» №1567 жарлықтарына қол қойды.

4 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрі Е.М. Қосубаевты қабылдады. Ол Президентке «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңның орындалуы, сондай-ақ министрлік қызметінің ағымдық мәселелері туралы баяндады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №48-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы» №1568, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1569, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы №917 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1570 жарлықтарына қол қойды.

5 мамыр

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Германия Федеративтік Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Г. Вайстан сенім грамотасын қабылдады.

Президент дипломатты өз миссиясының басталуымен құттықтап, екі ел халықтарының игілігі үшін атқаратын еңбегіне табыс тіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Аэроұтқыр әскерінің десанттық-шабуылдау бригадасына барып, әскери техника үлгілерімен танысты, көрсетілім шабуылын тамашалап, әскери бөлімдердің бірқатар командирлеріне жауынгерлік туларды табыс етті.



6 мамыр

Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығының құрметіне соғыс және еңбек ардагерлерінің үлкен тобына мемлекеттік наградаларды табыс етті, сондай-ақ Отан қорғау күніне орай арнайы қызмет мен құқық қорғау органдарының бірқатар әскери қызметшілері мен қызметкерлеріне жауынгерлік және әскери атақтар, сыныптық шендер берді.

Сол күні Мемлекет басшысы астаналық Конгресс-холлда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына орай өткізілген салтанатты жиналысқа қатысты.

«Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол Ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Ардагерлер мен тыл еңбеккерлерін мерекемен құттықтай келе, Президент оларға денсаулық, ізгілік пен жылылық, туған туыстарына бақыт тіледі.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2004 жылғы есебін бекіту туралы» №1571 Жарлығына қол қойды.

7 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығының құрметіне өткізілген әскери шеруді қабылдады.

Соғыс ардагерлеріне арнаған сөзінде Н.Ә. Назарбаев «оларға деген мақтаныш пен құрмет сезімі әрбір қазақстандықтың жүрегінде, ал фашизмді жеңушілердің өшпес даңқы болашақ ұрпақтың жадында мәңгі сақталатынын» ерекше атап айтты.



Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналған мерекелік шараларға, сондай-ақ ТМД қатысушы мемлекеттері басшыларының бейресми саммитіне қатысу үшін кетті.

8 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД қатысушы мемлекеттері басшыларының бейресми саммитіне қатысты.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Гуманитарлық ынтымақтастық туралы декларацияға қол қойды. Бұл декларация мәдениет, ғылым, білім беру және жастармен жұмыстағы көпжақты байланыстарды дамытудың басты кезеңдерін айқындайды.



9 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына орай өткен мерекелік шараларға қатысты.

Қазақстан Президенті Қызыл алаңда өткен Жеңіс парадына қатысып, салтанатта сөз сөйледі.

Н.Ә. Назарбаев айтулы оқиғаның қарсаңында Қазақстанның барлық өңірлерінде ардагерлерді марапаттап, сый-құрмет көрсетілгенін, Астана қаласында Жеңіс парадтары өткізілгенін атап өтті. Алайда, Президенттің мәлімдемесі бойынша, басты мерейтойлық парадтың Ресей астанасының төрінде — Мәскеуде өткізілуі ұлы тарихи әділеттілік болып табылады. Себебі, Мәскеу соғыс жылдары біздің халқымыздың қажырлылығы мен ерлігінің символына айналды, нақ осы жерде Мәскеу түбінде жеңілмейтін гитлер әскері туралы аңыз жойылды. Дәл осы Қызыл алаңнан біздің әкелеріміз бен аталарымыз соғысқа аттанды, дәл осы Қызыл алаң бірінші Жеңіс Парадының куәгері болып табылады.

Мемлекет басшысы Жеңіс солдаттарына амандық пен ұзақ өмір тіледі.

Қызыл алаңдағы мерекелік шаралар аяқталғаннан кейін, Н.Ә. Назарбаев Волоколамск қаласының Дубосеково разъезіне барып, 28 батыр-панфиловшылардың мемориалдық кешеніне гүлтәж қойды, Волоколамск қаласында Кеңес Одағының Батырлары И.В. Панфилов пен Б. Момышұлының ескерткіш мүсіндерінің салтанатты ашылуына қатысты.

Салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде Президент Дубосеково разъезінің маңында орын алған шайқас Ұлы Отан соғысының жылнамасындағы ең жарқын оқиғалардың бірі болғанын айтты. Солдаттардың шегінетін жері болмады. Артта — Мәскеу. Олар — бар жоғы 28 жауынгер — танктер мен бронетехника ағынын тоқтата алды.





Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстаннан 1,7 млн. астам адам майданға аттанды, бұл республика халқының 20% құрады. Олардың ішінде әрбір екінші жауынгер қаза тауып, із-түссіз жоғалды.

Қазақстанда 50 әскери құрылым мен 50 бөлім жасақталды. Олардың көбінің жауынгерлік жолы мәңгілік өшпейтін даңққа айналды. Олардың бірі — генерал-майор И.В. Панфиловтың 1941 жылдың қарашасында 8-ші гвардиялық деп аталған 316-шы атқыштар дивизиясы, панфиловшылар Мәскеу үшін шайқаста Волоколамск қаласының түбінде күші бірнеше есе басым болған жауды тоқтатып, оларды Мәскеуге өткізбеді. 28 батыр-панфиловшылар 1941 жылдың 16 қарашасында Дубосеково разъезінің маңында Волоколамск қаласынан 8 шақырым жерде жау танктерінің Мәскеу қаласына өтуін тоқтатты, олар осы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батырлары атақтарына ие болды.

Сол күні Мемлекет басшысы Мәскеу қаласына Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік шараларға қатысуға келген шетел мемлекеттерінің басшыларымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Үндістан Республикасының Премьер-министрі М. Сингхпен кездесу барысында Үндістанның Қазақстандағы энергетикалық жобаларына, мұнай-газ кешеніне, құрылыс, фармацевтикалық сала кәсіпорындарын салу, ядролық энергетика жобаларына қатысу мүмкіндіктері қаралды.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаомен келіссөздер барысында 2005 жылғы 3–4 шілдеде Қытай басшысының Қазақстанға ресми сапарының мәселелері, сонымен қатар Астана қаласында 2005 жылдың 5 шілдесіне жоспарланған ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің кезекті отырысының мәселелері талқыланды. Өз тарапынан Ху Цзиньтао Н.Ә. Назарбаевты Қытайға ресми сапар жасауға шақырды.

Италия Республикасы Үкіметінің төрағасы С. Берлусконимен әңгіме барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері қаралды, сонымен қатар С. Берлусконидің Қазақстанға сапары туралы келісімге қол жеткізілді.

Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакпен кездесу нәтижесі бойынша тараптар мәдени-гуманитарлық салада, ең алдымен білім және мәдениет салаларында ынтымақтастықты тереңдету жөнінде, сонымен қатар Франция Президентінің Қазақстанға ресми сапарын жасау жөнінде келісті.



Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Бушпен кездесу барысында тараптар екіжақты қарым-қатынастардың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасты, атап айтқанда, экономика және қауіпсіздік салалары, сонымен қатар Қазақстандағы Америка компанияларының қызметі туралы сөз болды.

Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Шредермен кездесуде екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері әңгіме өзегіне айналды.

Люксембург ұлы Герцогтығының Премьер-министрі Ж.-К. Юнкермен әңгіме барысында Орталық Азиядағы жағдай талқыға салынды.

Польша Республикасының Президенті А. Квасьневскиймен келіссөздер барысында тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықтың бірқатар мәселелерін талқылады және жоғары деңгейдегі мемлекетаралық, сонымен қатар министрліктер мен ведомстволар деңгейінде диалогты жалғастыруға ниеттерін білдірді.



Сол күні Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен аттанды.

10–11 мамыр

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Зеленов ауданының Дарьинское ауылында болып, «Оралагрореммаш» АҚ өндіретін ауыл шаруашылығы техникасының үлгілерімен танысты, сонымен қатар М.А. Шолоховтың мұражайын аралады.

Осыдан кейін Н.Ә. Назарбаев Орал қаласына барып, Исебаевтар отбасында қонақта болды, Жәңгір хан атындағы аграрлық-техникалық университетіне барды.

Президент «Eni S.p.A.», «British Gas», «Chevron-Texaco» және «Лукойл» компанияларының басшыларымен кездесу өткізіп, оның барысында шетел компанияларының Қазақстандағы қызметтерінің әртүрлі аспектілерін талқылады, өңірдің инфрақұрылымы мен әлеуметтік саласын дамыту жайы сөз болды.

Жұмыс сапарының соңында Мемлекет басшысы облыстық филармонияға барып, облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездесті, Лондон симфониялық оркестрінің солисті М.Қ. Бисенғалиевтің концертіне қатысты.



12–13 мамыр

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болды.

Жұмыс сапары Қандыағаш қаласына барудан басталды, онда Президент «Владимир и Д» ЖШС қызметімен танысты, ауылдық округтер әкімдерімен және агроқұрылымдар басшыларымен кездесу өткізді.

Бұдан кейін Ақтөбе қаласына барып, қалалық стадионда қала тұрғындарымен кездесті, қаланың жаңа ықшам ауданында болып, соғыс және еңбек ардагерлеріне жаңа пәтерлердің кілттерін табыс етті, Қазақстан халық банкі бөлімшесінің жаңа ғимаратын қарап шықты, осы жерде «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының өңірлік өкілдігінің мүшелерімен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы «Hobas Pipes Kazakhstan» ЖШС полиэфир шыны талшықтарымен күшейтілген құбырлар мен фитингтерді өндіретін зауыттың ашылу салтанатына қатысып, құбыр шығаратын қондырғыны өз қолымен іске қосты.

Осыдан кейін Н.Ә. Назарбаев халық шығармашылығы экспозициясымен танысты, облыстық кітапханаға барып, қаланың зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

Жұмыс сапарының соңында Мемлекет басшысы «Жастық! Бақыт! Қазақстан!» ұранымен өткен облыстық студент жастарының слетіне қатысты.



16 мамыр

Мемлекет басшысы «2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №49-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі №3636 Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 желтоқсандағы №284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1572, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы №2975 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №1573 жарлықтарына қол қойды.



17 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Челябинск қаласында өткен Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының II форумына қатысты.

Форум аясында Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен шағын құрамда келіссөздер өткізді, оның барысында сауда-экономикалық және саяси ынтымақтастық, Қазақстан-Ресей шекарасын қиып өту мәселелеріне баса назар аударылды.


Содан кейін екі мемлекет басшылары Қазақстан және Ресейдің шекаралас өңірлері басшыларының II-ші Форумының пленарлық отырысына қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев ең өзекті проблемаларды айқындады, солардың ішінде антидемпингтік шаралар және көлік қызметтеріне тарифтер деңгейінің айырмашылығы мәселелерін атады. Осы орайда Қазақстан Президенті шекара маңы ынтымақтастығы жөніндегі комиссия жұмысының тиімділігін арттыру қажеттігіне назар аударды, бұл ретте 2005–2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы іс-шаралар жоспарына сәйкес құжаттарды келісу қажеттігі айтылды.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен кедендік бақылау жүргізу үшін кеден бекеттерінің санын арттыру бастамасын көтерді.

Президент шекаралық ынтымақтастықтың болашағы зор бағыттарының бірі ретінде шекаралас аудандарда арнайы режимді экономикалық аймақтарды құруды белгіледі.

Форумның нәтижелері бойынша мемлекет басшылары Қазақстан-Ресей шекарасын қиып өту тәртібін жеңілдету туралы Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Қазақстан азаматтары үшін сапар режимі — жеке куәліктер мен туу туралы куәліктер бойынша, Ресей азаматтары үшін — ішкі төлқұжаттар бойынша жүріп-тұруды белгілейді.



Қазақстан-Ресей екіжақты қарым қатынасында шекара маңындағы ынтымақтастық мәселесі ерекше орынды иеленеді, бұның өзі бірқатар объективті себептерге негізделеді.

Қазақстан мен Ресей ұзындығы 7,5 мың шақырымнан астам құрлықтағы бірлескен шекараға ие. ТМД мемлекеттерінің шекаралары бойында орналасқан Ресей Федерациясының 27 субъектісінің 12-сі қазақстандық 7 облыспен көршілесе орналасқан. Ресейдің 89 өңірлерінің 76-сы Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыста болды. Бұдан бөлек, шекара маңындағы ынтымақтастықтың үлесіне Қазақстан-Ресей арасындағы барлық сауданың 70 пайызы тиесілі.

Шекара маңындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан мен Ресей 1999 жылдың қыркүйегінде шекара маңы ынтымақтастығы туралы үкіметаралық келісімге қол қойды және 1999–2007 жылдарға арналған шекара маңындағы ынтымақтастық бағдарламасын қабылдады. 2003 жылдан бастап екі мемлекет басшыларының қатысуымен Қазақстан мен Ресей шекара маңындағы өңірлер басшыларының жыл сайынғы форумын өткізу практикасы ауқымдана түсті, оның барысында екіжақты ынтымақтастықтың аса өзекті мәселелері талқыланатын болды. Тұңғыш қазақстандық-ресейлік форум 2003 жылдың сәуірінде Омбы қаласында (Ресей) өткізілген болатын.

Мемлекет басшысы И.Ә. Жүсіповтің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

Исмаил Әбдірасылұлы — Ұлы Отан соғысына қатысушы. Әр жылдары ол республиканың басшылық лауазымдарында еңбек етті, бірнеше рет мемлекеттік наградалармен марапатталды. Оның жарқын бейнесі халықтың жадында мәңгі сақталады», — делінген жеделхатта.

18 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі елдің сауда байланыстары мен нарықтарын кеңейту, отын-энергетика саласында ынтымақтастық орнату, қазақстандық инвестицияларды Беларусь экономикасына тарту мәселелерін талқылады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне толықтыру енгізу туралы» №50-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы №1327 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1575 Жарлығына қол қойды.

19 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен бірге Астана қаласында Беларусь Елшілігінің ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің мүшесі, Қоғамдық қауіпсіздік министрі Чжоу Юнканды қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың ауқымды мәселелері, сондай-ақ екі елдің ШЫҰ аясындағы өзара іс-әрекетінің перспективалары талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы О.И. Жұмабековті қабылдады. Ол 2005 жылғы қыркүйекте болатын Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатына сайлауға әзірлік жұмыстары туралы хабардар етті.

20 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті. Онда мемлекеттік органдармен экономикалық қызмет саласында бақылау-қадағалау қызметтерінің орындалуы туралы мәселе қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы ТМД елдері арнайы қызметтерінің басшыларын қабылдады.

Кездесуде Достастық мемлекеттері қауіпсіздігінің өзекті проблемалары талқыланды. Атап айтқанда, халықаралық лаңкестікпен күрес мәселесі қозғалды. Президент сондай-ақ арнайы қызмет басшыларының назарын ТМД елдерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығына аударды.



Мемлекет басшысы «Сот сараптамасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №51-III, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымына мүше мемлекеттердің аумақтарын жедел жабдықтау, әскери инфрақұрылым объектілерін бірлесіп пайдалану туралы келісімді бекіту туралы» №52-III, «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың заңнамасы негіздерінің мәртебесі, оларды әзірлеу, қабылдау және іске асыру тәртібі туралы шартты бекіту туралы» №53-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 21 қазандағы №1461 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1576 Жарлығына қол қойды.

22 мамыр

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Ақтау қаласында Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының аясында салынған жаңа коммуналдық тұрғын үйлерді аралап көрді.

23 мамыр

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында Ақтау теңіз портында таяз суда жүре алатын «Астана» атты тұңғыш қазақстандық мұнай құю танкерінің салтанатты тұсаукесер рәсіміне қатысты.

Жиналғандарды айтулы оқиғамен құттықтай отырып, Президент су ығыстырғыштығы 12 мың тонна болатын осы тәріздес екі кеменің жасалып жатқандығын айтты. «2010 жылы Қазақстан 100 млн. тоннаға дейін мұнай өндіретін болады. Бұл дегеніміз, оны тасымалдау мәселелерін ұзаққа созбай шешуіміз керек. Сондықтан, өзіміздің заманауи танкерлік флотын құру — мемлекетіміз үшін өміршең қажет мәселе. Ол мұнайды халықаралық нарықтарға тоқтаусыз жеткізуге мүмкіндік береді» — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы теңізшілерге штурвалды беріп, Құрметті қонақтар кітабында естелік жазбасын қалдырды.

Бұдан соң Президент мұнай және мұнай өнімдерін қабылдайтын, сақтайтын және тасымалдайтын, кейін оларды танкерлерге жүктеуге арналған «Mobileks» мұнай құю терминалын қарап шықты.



«Астана» — бірегей танкер: Выборг кеме жасау зауытының (Ресей) жобалаушылары кеме құрылымына ең тиімді параметрлерді енгізді. 15 метрлік ұзындығы мен бортының биіктігі 10 метрден асатын танкер 12 мың тонна суды ығыстырғыштық қабілетімен Каспий теңізінің таяз суында жүзе алады. Сонымен қатар, ол жоғары дәрежеде автоматтандырылған, бұл көліктік ғимаратта және басқарудың орталық бекетінде қызмет көрсетуші персоналдың тұрақты түрде болуынсыз-ақ пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан да күрделі құрылым 12 адамнан тұратын шағын адамдар тобымен операцияланады. Танкер экологиялық қауіпсіздік саласындағы барлық соңғы талаптарға сай келеді.

Теңіз портынан кейін Мемлекет басшысы облыстық перзентхана орталығында болды. Мұнда Президент

кәсіби медициналық көмек көрсетуге арналған жаңа жабдықтарды, атап айтқанда, ультрадыбыстық диагностика және кардиотомографиялық тексеру аппараттарын, жаңа туған нәрестелерге арналған интенсивті терапия бөлімін қарап шықты.

«Бүгінгі денсаулық сақтау саласы — ең басты әлеуметтік басымдықтардың бірі, себебі ұлт денсаулығы — еліміздің болашағы. Денсаулық сақтау саласын реформалау ең бастысы — сапалы алғашқы медициналық көмек көрсету жүйесін қалыптастыруға, ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған. Біз бала өлімін қысқартып, демографиялық өсім үшін барлық жағдайлар жасауымыз қажет», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Мемлекет басшысы «Казмортрансфлот» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ ғимаратында облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездесу өткізді.

Өз сөзінде Мемлекет басшысы тәуелсіздік жылдарында елімізде сөз бостандығының нақты қорғалуы қамтамасыз етіліп, цензура жойылғанын айтты, Қазақстанда бейбітшілік пен келісімді нығайтуда маңызды рөлге ие болған ұлттық-мәдени орталықтардың қызметін жоғары бағалады.

Мемлекет басшысы бүкіл әлемде 2 600 нысаны бар «Marriott International» халықаралық қонақ үй компаниясының «Renaissance Aktau» жаңа бесжұлдызды қонақ үй кешенінде болып, нөмірлерді, шай ішетін бөлмені, мейрамханалар мен отель барларын қарап шықты.

Салтанаттар залында Н.Ә. Назарбаевтың шағын және орта бизнес өкілдерімен, «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының өңірлік өкілдігінің мүшелерімен кездесу өтті.

Н.Ә. Назарбаев өңірде кәсіпкерліктің дамуына оң баға берді, алайда «қол жеткізген көрсеткіштер алға жылжу үшін жеткіліксіз екендігін» атап көрсетті. Шағын және орта бизнес біздің экономикамыздағы нағыз жасампаз күшке айналды. Оның үлесіне елдің ЖІӨ төрттен бір бөлігі келеді. Бірақ, барлығы салыстырған кезде білінеді. Дамыған мемлекеттерде бұл көрсеткіш үш есе артық, ал мысалы, Жапонияда ЖІӨ 80%-дан астамын шағын бизнес мекемелері өндіреді. Сондықтан, бізге алға ұмтылатын нәрселеріміз көп. Бұл ретте отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды

ұмытпауымыз қажет. Бүгін біз өз орнымызды тауып, әлемдік нарыққа немен шығатынымызды ойлағанымыз абзал. Біздің ДСҰ-ға кіруіміз шүбәсіз, сол кезде шекара ашылады, республикада халық тұтынатын тауарлар ағыны көптеп келеді. Біз осыған дайын болып, өзіміз сапалы өнімдерді ұсынуымыз қажет».

Мемлекет басшысы сондай-ақ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тақырыбын көтерді. Президент кәсіби кадрларды даярлау үшін ішкі ресурстарды кеңінен қолдануға, өңірлерде адамдардың ахуалдарына көңіл бөлуге, шағын бизнеске көмек ретінде консалтингтік орталықты ашуға үндеді.

24 мамыр

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында Ақтау қаласында Абай алаңында өткен орта мектептер түлектерінің соңғы қоңырау салтанатына қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасына ресми сапармен барып, осы елдің астанасы Баку қаласында Президент И.Г. Алиевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың барлық мәселелері бойынша пікір алмасулар өтті.

Келіссөздер нәтижелері бойынша Қазақстан және Әзірбайжан арасында Стратегиялық әріптестік пен одақтық қарым-қатынастар жөніндегі келісімге; терроризммен күресте, есірткі және психотроптық заттарының заңсыз айналымы, прекурсорлар, ұйымдасқан және өзге қылмыстармен күресте ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге, сонымен қатар еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық, еркін сауда туралы келісімдерге өзгерістер енгізу, мұнай машинасын жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы хаттамаларға қол қойылды.

Кездесу соңында екі мемлекет басшылары бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді, одан кейін Г.А. Алиевтің ескерткішіне және Әзірбайжан тәуелсіздігі үшін күресте опат болғандар аллеясындағы Мәңгілік алауға гүлтәждер қойып, онда Н.Ә. Назарбаев естелік кітабына қолжазбасын қалдырды.



25 мамыр

Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасына ресми сапар барысында Баку қаласына жақын

маңдағы Сангачал мұнай терминалында болып өткен «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбырының әзірбайжандық бөлігін іске қосу рәсіміне қатысты.

Аталмыш шараға Грузия Президенті М.Н. Саакашвили мен Түркия Президенті А.Н. Сезер, Ұлыбритания, Италия, АҚШ, Франция, Жапония іскер топтарының өкілдері қатысты.



«Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбыры 1743 шақырымға созылып жатыр, ол үш ел — Әзірбайжан (449 км), Грузия (235 км), Түркия (1059 км) аумақтары арқылы өтеді. Құбырдың өткізгіштің қабілеті жылына 50 млн. тоннаны құрайды.

Мұнай құбырының құрылысы 2003 жылдың сәуір айында басталды. 2005 жылдың 25 мамырында әзірбайжандық бөлігі, сол жылдың 12 қазанында грузиндік бөлігі іске қосылды. 2006 жылдың 13 шілдесінде түріктік бөлігі іске қосылып, мұнай құбыры толығымен пайдалануға берілді.

Қазақстан мұнай құбырына 2006 жылғы 16 шілдеде сәйкес келісімге қол қоя отырып қосылды. Оған сәйкес Қазақстан мұнайы Ақтау портынан Каспий теңізі арқылы танкерлермен Баку қаласына тасымалданып, одан әрі құбыр арқылы жылына 8–10 млн. тонна көлемінде айдалады. Аталған маршрут бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдау 2008 жылғы 3 қарашада Теңіз мұнай кен орнынан басталды.

Сонымен қатар, 2007 жылдың 24 қаңтарында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық мұнай-газ компаниясы» АҚ «Қазақстан Каспий тасымалдау жүйесін» құру жобасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұл жоба Қарашығанақ кен орнынан қазақстандық Құрық портына дейін 800 шақырымдық мұнай құбырын салуды, онда мұнай терминалдарын құруды, Каспий теңізі арқылы танкерлік тасымалдауды ұйымдастыруды және Бакуде қолданыстағы «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбырына қосу арқылы қазақстандық мұнайды тиеу пунктінің құрылысын салуды қарастырады. Одан кейін жоба экономикалық жағынан тиімді болған жағдайда Каспий теңізінің түбі арқылы «Ақтау-Баку» құбыры учаскесінің құрылысын салу жоспарланбақ.

«Ақтау-Баку-Тбилиси-Джейхан» маршруты оңтүстік бағыттағы Қазақстан мұнайының экспортын қамтамасыз етті. Ол батыс (КҚК, «Атырау-Самара», «Дружба») және шығыс («Атасу-Алашаньюк», «Омбы-Павлодар-Шымкент-Чарджоу») бағыттарымен қатарласа, қазақстандық энерготасымалдаушылардың әлемдік нарыққа тасымалдануының әртараптандырылған жүйесін қалыптастыруға негіз болады.

Сол күні Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Энергетика министрі С. Бодманмен және Грузия Президенті М.Н. Саакашвилимен екіжақты кездесулер өткізді.

С. Бодманмен кездесуінде энергетика саласындағы қазақстандық-американдық ынтымақтастықтың мәселелері талқыланды.

Қазақстан-Грузия сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейтудің перспективалары М.Н. Саакашвилимен келіссөздердің өзекті тақырыбы болды. Тараптар 2005 жылдың маусымында Тбилиси қаласында үкімет басшылары деңгейінде Үкіметаралық комиссия отырысын өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Сондай-ақ М.Н. Саакашвили Н.Ә. Назарбаевты 2005 жылдың қазан айында ресми сапармен келуге шақырды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ө.М. Сұлтанғазиннің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Өмірзақ Сұлтанғазин — атақты ғалым, танымал қоғам қайраткері. Ол Білім және ғылым министрлігі Астрофизикалық зерттеулер орталығының Ғарыштық зерттеулер институтына, Ұлттық ғылым академиясына ұзақ уақыт басшылық етті. Академик Өмірзақ Махмұтұлының жарқын бейнесі мәңгілік халықтың жадында сақталып қалады», — делінген жеделхатта.

26 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1578 Жарлығына қол қойды.

27 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Премьер-министрі Р.Т. Эрдоғанмен бірге Алматы-2 теміржол беткеінде «Жібек жолы» көрсетілім поезд-көрмесінің ашылу рәсіміне қатысты. 19 вагоннан құралған, Түркияда шығарылған түрлі өнімдері бар поезд 2005 жылдың 24 сәуірінде Ыстамбұдан шығып, жолда Иранға, Түрікменстанға, Тәжікстанға, Өзбекстан мен Қырғызстанға аялдады.



Ашылу рәсінде сөз сөйлеген Президент «түріктік тараппен қолға алынған бастама түркі халықтарының достығын нығайтуға бағытталған. Бұл елдеріміз арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін мүмкіндіктерді ашатын тарихи поезд» деп ерекше атап көрсетті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев өзінің алматылық резиденциясында Р.Т. Эрдоғанмен келіссөздер жүргізіп, екі елдің сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастығын одан әрі нығайту перспективаларын талқылады.

28 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі №1443 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №1579 Жарлығына қол қойды.

30 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Украина Президенті В.А. Ющенкомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында отын-энергетикалық саладағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды, атап айтқанда, қазақстандық мұнайды Украинаға жеткізу және оны одан әрі Еуропаға тасымалдау үшін украиналық құбырлар мен порттарды бірлесіп пайдалану; ғарыштық зерттеулер, ядролық энергетика, мәдениет пен білім салаларындағы өзара іс-әрекет, сондай-ақ ДСҰ-на кіру мәселесіндегі өзара ықпал мәселелері қаралды.

Келіссөздер барысында мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды, сондай-ақ құпия ақпараттарды өзара қорғау туралы және ақпараттық саладағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы №54-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы №1042 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1582 Жарлығына қол қойды.

31 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №1583, «А. Серікбаев туралы» №1584 жарлықтарына қол қойды.

МАУСЫМ



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



2 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен бірге Қазақстанның «Байқоңыр» ғарыш айлағының 50 жылдығына орай мерекелік шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев пен В.В. Путин «Ангара» ракета-тасымалдаушы жобаларымен және «Бәйтерек» бірлескен ракеталық-ғарыштық кешендерімен жұмыс жүргізіліп жатқан монтаждық-сынақ кешенінде болды, 1957 жылдан бастап 460 астам пилоттық ұшырулар жүргізілген «Протон» ракета-тасымалдаушы ұшу кешенін қарап шықты. «Бәйтерек» кешенінің құрылысын бастайтын іргетасқа тас салу рәсімінен кейін, «Гагариндік старт» деп аталатын №1 алаңында болды.

Ғарыш айлағының нысандарын аралаған соң, мемлекет басшылары қаза болған ракеталық техника сынақшыларының Монументіне гүлтәждерін қойып, 1960–1963 жылдары ұшулар кезінде қаза болған 62 полигон қызметкерлерін бір минут үнсіздікпен еске алды.

Содан кейін Қазақстан мен Ресей президенттері Байқоңыр қаласындағы «Сатурн» киноконцерттік залында өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев ғарыш айлағы Қазақстан мен Ресейдің дамуы үшін үлкен маңызға ие екендігін ерекше атап өтті, себебі алдағы жылдары ғарышкерлік инвестициялар тарту үшін ең тартымды салалардың бірі болары анық, бұл өз кезегінде екі елдің экономикаларын дамытуға жаңа серпін беріп, азаматтарының әл-ауқатын арттырады. Қазақстан Президенті бірқатар проблемаларды атап көрсетті, оның ішінде ғарыш айлағының қазақстандық және ресейлік қызметкерлердің өмір деңгейін және әлеуметтік қорғалуын арттыруға бағытталған Байқоңыр мәртебесі мәселесі бойынша келісімдік-құқықтық базаға өзгерістер енгізуді жылдамдату қажеттігі туралы мәселе де бар (Қосымшаны қараңыз).

Жиналыс соңында мемлекет басшылары қазақстандықтар мен ресейліктердің бір топ азаматтарына мемлекеттік наградаларды табыс етті.



«Байқоңыр» — әлемдегі ең алғашқы әрі ірі, АҚШ-тың Канаверал мүйісіндегі және Қытайдың «Цзюцюань» космодромдары тәрізді бортындағы ғарышкерлерімен аппараттарды ұшыруға арналған ғарыш айлағы. Ол Қызылорда облысының аумағында орналасқан, 6 717 шаршы шақырымды алып жатыр.

Ғарыш айлағының құрылысы 1955 жылы басталды. Арада екі жыл ғана өткенде, 1957 жылғы 4 қазанда оның ұшыру алаңынан әлемдегі тұңғыш Жердің жасанды серігі ұшырылды. 1961 жылғы 12 сәуірде алғаш рет ғарышқа Ю.А. Гагарин ұшты.

1970–1980 жылдары Байқоңыр КСРО-дағы ең үлкен ғарыш айлағы болып табылды. Ол жерден «Восток», «Восход», «Союз» сериясынан, «Салют», «Мир» орбиталы стансалар сериясынан пилоттық ғарыш кемелері, «Энергия-Буран» көпреттік пайдалану жүйесі, планетааралық ғарыш аппараттары, Жердің жасанды серіктері ұшырылды.


1991 жылғы 31 тамызда ғарыш айлағы Қазақстанның меншігіне өтті.

1991 жылғы 2 қазанда Байқоңырдан ғарышқа тұңғыш қазақстандық ғарышкер Т.О. Әубәкіров ұшты.

1994 жылдан бастап ғарыш айлағы Ресейге 2050 жылға дейінгі мерзімге жалға берілді. Қазақстан мен Ресей бірдей уақытта ғарышты бірлесіп игерудің бірқатар бағдарламаларын іске асыруда. Сондай жобалардың бірі — «Бәйтерек» зымырандық-ғарыштық кешенін құру, ол ғарыш аппараттарын «Ангара» зымыран тасымалдаушысының көмегімен ұшыруды қарастырады.

Қазақстан алдағы уақытта Байқоңырда ғарыш индустриясының халықаралық орталығын құру мен оны арнайы экономикалық аймаққа айналдыруды жоспарлап отыр.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен екі елдің ғарыш саласындағы ынтымақтастығын одан әрі дамыту мәселелері бойынша келіссөздер жүргізді. Оның қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Бірлескен мәлімдеме қабылдады, сондай-ақ «Байқоңыр» кешені аумағындағы экология мен табиғатты пайдалану туралы келісімге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті мен Ресей Федерациясының Федералды кедендік қызметі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Ресей Федерациясының Федералды ғарыш агенттігі арасында ғарыштық қызмет саласындағы бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды іске асыру мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.



Мемлекет басшысы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №55-III Заңына қол қойды.

3 маусым

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы судьяларының IV съезіне қатысты.

Форум жұмысына елдің барлық өңірлерінің судьялық ұжымдарынан делегаттар, орталық мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, заң қоғамының, ҰЕҰ мен халықаралық заң ұйымдарының өкілдері қатысты.

Форумда алдағы өткен съезде қойылған тапсырмаларды іске асыру бойынша сот қоғамдастығының жұмыс қорытындылары, сот реформасының нәтижелері, отандық әділ сот жүйесін әрі қарай жетілдірудің жаңа басымдықтары талқыға салынды.

Президент съезде сөйлеген сөзінде: «Сот жүйесінің дамуы — мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Егер құқықтың қорғалуы қамтамасыз етілмесе, бостандық пен демократия да болмайды», — деп атап көрсетті. — «Біз сот жұмысына жан-жақты талдау жасау үшін, әділ соттың өзекті проблемаларын талқылау үшін жиналып отырмыз. Бірақ ең бастысы — сот билігін дамыту болашағының мәселелері бойынша пікірсайыс деңгейін жаңа биіктікке көтереді, азаматтардың соттар мен судьяларға сенім дәрежесін арттырады. Қазіргі сот жүйесі — мемлекет негізін құраушы тіректерінің бірі, елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғырту жолындағы демократиялық дамудың тетігі болып табылады. Осы заманғы қазақстандық құқықтық саясатқа азаматтардың қарым-қатынасы дәл осы сот жүйесінің жағдайына қатысты айқындалады, қоғамның билікке деген сенімінің деңгейін белгілейді».

Осыған байланысты Мемлекет басшысы әділ сот саласындағы проблемаларға ерекше көңіл аударды, осы ретте қоғамда арасында соттардың заңдар негізінде дауларды шешуіне сенбеушіліктің бар екендігін, сот былықтары, сот корпусының кәсіби деңгейінің төмендігі, судьялар лауазымына үміткерлерді іріктеу жүйесінің кемшіліктері, сот шешімдерін орындаудың тиімсіздігі және т.б. проблемаларды атап көрсетті.

«Сот-құқықтық реформасы сот жүйесінің тиімділігімен байланысты көкейкесті проблемаларды шешуді қарастырады, бұл мемлекет пен қоғамның бірінші кезектегі назар аударатын нысаны болуы тиіс. Сондықтан,



сот реформасын іске асыру судьялар корпусының, заң қауымдастығы өкілдерінің, кәсіпкерлердің, қоғамдық ұйымдардың және заң шығарушы және атқарушы биліктің белсенді қатысуымен жалғасуы тиіс. Біздің реформаларды ілгерілетуде табысқа жету сот билігіне қатысты болады. Бұл тәуелсіз сот жүйесінің едәуір жоғары дәрежелі жауапкершілігін білдіреді», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Р.С. Жошыбаевқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1585 Жарлығына қол қойды.

6 маусым

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Испания Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі С. Чаморродан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби әмірлігінің ханзадасы Мұхаммед бен Заид әл-Нахаянды қабылдап, онымен Қазақстанның 2003–2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға БАӘ қаржылық топтарының қатысу перспективаларын талқылады.



Мемлекет басшысы «Н.Б. Онжановқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1586, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесін және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» №1587 жарлықтарына қол қойды.

7 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысына қатысты.

Президент белсенді дипломатиялық сүйемелдеуді қажет ететін тұжырымдамалық міндеттерге назар аударып, олардың қатарында 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру; қазақстандық жеке капиталдың шетелде-



гі инвестициялық қызметіне көмектесу; Қазақстанды ақша, инвестиция, қаржылық нарықтар ағындарының халықаралық реттеу үдерісіне қосылуы тетіктерін жақсау; елдің транзиттік-көліктік әлеуетін кеңейту; ДСҰ-на кіру міндеттерін атады.

Мемлекет басшысы «Достлик» Қазақстан өзбектерінің қоғамдық бірлестіктері қауымдастығының төрағасы Р.С. Халмурадовты қабылдады. Ол өзбек тілінде оқытатын мектептердегі оқытушы кадрлардың жетіспеушілігі, Оңтүстік Қазақстан өзбек драма театрына республикалық мәртебе беру, мектеп бітірушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуді өзбек тілінде енгізу мәселелерін көтерді.

8 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан ұйғырлары республикалық мәдени орталығының төрағасы А. Шардановты қабылдады.

Кездесу барысында А. Шарданов ұйғыр тіліндегі телевизиялық хабарлар мен басылымдарды көбейту мәселелерін шешуге көмектесуін өтінді.



Мемлекет басшысы Қазақстанға Ресей Федерациясы Астрахан облысы бизнесмендерінің өкілдік делегацияларын бастап келген облыс губернаторы А.А. Жилкинді қабылдады.

Кездесу барысында мұнайды астраханьдық терминалдар арқылы ауыстырып құю мүмкіндіктері, Қиғаш өзенінің үстіне Астрахан және Атырау облыстары арқылы жүк тасымалының көлемін бірнеше есеге арттыруға мүмкіндік беретін көпір құрылысын салу, сондай-ақ 2005 жылғы қыркүйекте Астрахан облысында «Құрманғазы» ұлттық-мәдени орталығының ашылуына байланысты мәселелер талқыланды.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласының сол жақ жағалауында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ғимаратының жанында «Rixos Prezident Hotel Astana» қонақ үйінің ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы жергілікті соттарының төрағалары мен судьяларын

қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1588 Жарлығына қол қойды.

9 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауының басымдықтарын іске асыру барысының мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің басшылығы, Үкімет мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, облыс және Астана, Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңесте әлеуметтік салаға, кәсіпкерлікті дамыту, агроөнеркәсіп кешені, білім, денсаулық сақтау және тұрғын үй құрылысы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Президент тиісті есептерді тыңдап, кеңес нәтижелері бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Үкіметке жемқорлық және төрешілдікпен күрес аясында тиісті мемлекеттік органдардың «бір терезе» қағидасы бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ұстанымдарын келісуді жылдамдату; білім гранттарының санын арттыру, «Болашақ» бағдарламасын кеңейту бойынша шаралар қабылдау, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанынан екінші деңгейлі банктер беретін студенттік кредиттерді кепілдендіру ұйымдарын ашу, 7 басым кластерді құру және дамыту жоспарларын мерзімінде іске асыруды қамтамасыз ету, шағын бизнес мүдделерін қорғау бағытында нормативтік базаны жетілдіру бойынша тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар Президент Үкіметке облыстар және Астана, Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп өнеркәсіп өндірісінің, әсіресе өңдеуші секторда өсу қарқынын төмендетуді болдырмау бойынша түбегейлі шараларды қолға алуды, тұрғын үй құрылысын белсендіру мен тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында салынып жатқан баспаналардың қолжетімдігін арттыру бойынша қосымша ұсыныстарды енгізуді, әкімдердің тұрғындармен кездесулері барысында айтылған проблемаларды шешу бойынша нақты шаралар қабылдау мен барлық деңгейдегі бюджеттерді жасау кезінде олардың шешуін қарастыруды тапсырды.



Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында Қазақстанның елордасы Астана

қаласының өткеніне, бүгiнiне және келешегiне арнап жазған өзiнiң «Еуразия жүрегiнде» атты кiтабының тұсауын кестi.

«Астана тарихы — бұл тәуелсiз Қазақстанның тарихы. Мемлекетiмiздiң жаңа астанасы өзгерiстердiң символы болуы тиiс едi. Әрi солай болғанын бәрiмiз де бiлемiз! Астана — мәдениет пен салт-дәстүрi тоғысқан, түрлi өркениеттердiң өкiлдерi үйлесiмдiлiк пен келiсiмде өмiр сүрiп жатқан Еуразияның жүрегi...

...XX ғасырдың соңында елiмiздiң ұлттық мүдделерiн ескере отырып, тәуелсiз Қазақстанның елордасы қайда болатыны туралы алғаш рет шешiм қабылдауымыз үлкен саяси және адамгершiлiк мәнге ие. Бұл бостандық пен тәуелсiздiк алған егемендi ел халқының еркiндiгiнiң көрiнiсi», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.



Сол күнi Мемлекет басшысы Қазақстанға Астана күнi мерекесiне қатысуға келген Мәскеу қаласының мэрi Ю.М. Лужковпен бiрге елордадағы жаңа нысандарды аралап көрдi. Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев елiмiзге келген қонақпен бiрге «Өнер алаңы» вернисажымен танысып, суретшiлермен әңгiмелестi, жаңа «Gross» супермаркетi мен «Europe-Exclusive» бутигiнде болды.

Содан кейiн Президент Ю.М. Лужковпен бiрге елорданың Дөңгелек алаңында болып өткен «Жазғы түндегi түс» классикалық музыка фестивалiне қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбiр заңнамалық актiлерiне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы» №56-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күмiс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1589 Жарлығына қол қойды.

10 маусым

Мемлекет басшысы елордада өткен Астана күнiне арналған мерекелiк шараларға қатысты.

Мерекелiк шаралар ғашықтарға арналған «Жастар саябағының» ашылу рәсiмiнен басталды. Онда Президент «Бақытым менiң» деп аталатын бойжеткен



мен бозбаланың қола мүсінін салтанатты түрде ашты, сондай-ақ «Жасыл ел» қозғалысының өкілдерімен ағаш отырғызуға қатысты.

«Біздің еліміз — жас. Сонымен қатар тұрғындарымыздың орташа жасы да 30-дан аспайды. Дәл осы жастарымыздың Астана күні мерекесінің басты қатысушылары болуы да өзіндік мәнге ие. ...Ғашықтар ескерткіші махаббаттың ұлы сезім екенін әрдайым еске салып отырғай. Әрқашан жүректеріңізде махаббат болсын. Сүйіңіздер, сүйікті болыңыздар», — деді мерекеге жиналғандар алдында Н.Ә. Назарбаев.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Қазақ ұлттық музыка академиясында органдық залдың салтанатты ашылуына қатысты.

Салтанатты рәсімнен кейін, Академияның ректоры А.Қ. Мұсақожаева Н.Ә. Назарбаевқа мәдениетті қолдағаны үшін естелік алтын медалін табыс етті.



13 маусым

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Ол Президентке банк тәуекелдерінің ахуалы, оның ішінде тұрғын үйдің қымбаттауына байланысты мәселе туралы баяндады.

Содан кейін Президент «Қазақстан халық банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы А.С. Павловты қабылдады. Ол банктің инфляциямен күрес, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы, ипотекалық несиелеу және зейнетақы жүйесі бойынша атқарып жатқан шаралары туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» №57-III Заңына қол қойды.

14 маусым

Мемлекет басшысы Азиялық қоғамның «Қазақстан тұрақты даму және қоғамды жедел жаңарту стратегиясын іске асыру жолында» атты халықаралық бизнес-конференциясына қатысты (Қосымшаны қараңыз).



Азиялық қоғам 1956 жылы АҚШ-та коммерциялық емес білім беру ұйымы ретінде құрылды. Оның мақсаты АҚШ халқы мен Азия-Тынықмұхит өңірлері халқының арасында өзара түсіністікті орнату болып табыла-

ды. Қоғам қызметі өнер, мәдениет, саясат және бизнес салаларында жүзеге асырылады. Ұйымның штаб-пәтері Нью-Йоркте орналасқан.

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Я. Кубишти оның ЕҚЫҰ бас хатшысы өкілдігінің аяқталуына байланысты қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен ЕҚЫҰ ынтымақтастығының кең ауқымды мәселелерін талқылады, сондай-ақ Орталық Азиядағы ағымдық ахуал жөнінде пікір алмасты.

Н.Ә. Назарбаев Я. Кубишти ЕҚЫҰ бас хатшысы лауазымындағы көпжылғы жемісті қызметі үшін алғысын білдірді және осы кезең ішінде Қазақстанның осы халықаралық ұйыммен өзара қарым-қатынасы сапалы жаңа деңгейге көтерілгендігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Азиялық қоғам төрағасы Р. Холбрукты қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық экономиканы дамытудың перспективалық бағыттары және өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту жолдары қарастырылды.



Мемлекет басшысы Ресейлік «Курчатов институты» ғылыми орталығының президенті, Қазақстандық «Тоқмақ термоядролық материалтану реакторын» жасау жобасының жетекшісі, Ресей ғылым академиясының академигі Е.П. Велиховты қабылдады.

Кездесу кезінде халықаралық «ИТЭР» бағдарламасы шеңберінде Қазақстандық «Тоқмақ термоядролық материалтану реакторын» жасау жобасын жүзеге асыру мәселелері, сондай-ақ Беларусь Ұлттық ғылым академиясы Информатика мәселелерінің біріккен институтымен және Ресей ғылым академиясының Бағдарламалық жүйелер институтымен жасалған СКИФ К-1000 суперкомпьютерін пайдалану жөніндегі бірлескен орталықты құруға қазақстандық тараптың қатысу перспективалары талқыланды.



ИТЭР — 1985 жылы КСРО бастамасы бойынша құрылған, термоядролық реакторды жасау жөніндегі халықаралық жоба. Жобаға ЕО елдері, АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Оңтүстік Корея, Канада, сондай-ақ КСРО құқығын иеленушілер болып табылатын Ресей мен Қазақстан

да қатысады. 2005 жылдан бастап жоба аясында Франция мен Жапонияда 2 термоядролық реактор салында. Өз тарапынан Ресей мен Қазақстан Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласында материалтану реакторын салумен айналысуда.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы №993 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1590 Жарлығына қол қойды.

15 маусым

Мемлекет басшысы Азиялық қоғамның «Қазақстан тұрақты даму және қоғамды жедел жаңарту стратегиясын іске асыру жолында» атты халықаралық бизнес-конференциясына қатысушылармен бірқатар кездесулер өткізді.

Белгілі қаржыгер әрі филантроп Дж. Сороспен әңгіме барысында білім, мәдениет, өнер, денсаулық сақтау салалары және өзге де азаматтық бастамалар бойынша пікір алмасты.

Р. Никсон атындағы орталықтың (АҚШ) энергетика және халықаралық қауіпсіздік бағдарламаларының директоры З. Баранмен өткен кездесуде Еуропа және Азия елдерінде радикалды ислам идеологиясы қауіптерінің алдын алу проблемалары, Еуразияда демократиялық реформаларды ілгерілету үдерістері, Қазақстан мен Батыс әлемінің қарым-қатынасы, сонымен қатар АҚШ-тың Қазақстан мен Орталық Азия өңіріндегі саясаты сөз болды.

«BAE Systems» компаниясының кеңесшісі, сэр Р. Эванспен кездесуде «Air Astana» компаниясын дамыту мәселелері талқыланды.

«РУСАЛ» компаниясының Бас директоры, «Базовый элемент» (Ресей) компаниясының Директорлар кеңесінің төрағасы О.В. Дерипаскамен келіссөздер барысында екі елдің өнеркәсіп иелері мен кәсіпкерлерінің ынтымақтастық мәселелері және Қазақстан мен Ресейдің сауда-өнеркәсіп палаталарының әрекеттестігі сөз болды.



Сол күні Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді.

Президент «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ның Жезқазған қаласындағы мыс қорыту зауытында бо-

лып, зауытта ендірілген өндірістің жаңа технологиясымен танысты, бас мыс қорыту цехында зауыт жұмысшыларымен кездесті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Сәтбаев қаласына барып, салынып жатқан спорттық-сауықтыру кешенінде болды. Бұл кешеннің құрамында футбол және хоккей алаңы, 2 теннис корты, жүзу бассейні, гольф алаңы, тренажерлық залдары, 50 орындық қонақ үйі, спортшыларға арналған 2 көпқабатты үйлер болмақ.



16 маусым

Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Қарағанды қаласындағы Фитохимия институты мен «Арглабин» препаратын өндіретін фармацевтикалық зауытта болды.



1995 жылы негізі қаланған Фитохимия институты — Қазақстандағы жетекші ғылыми орталықтардың бірі. Институт ғалымдарымен әлемнің көптеген елдерінде сұранысқа ие болған өсімдік негізіндегі дәрілік препараттардың 40 астам түрі жасап шығарылды. Солардың бірі әлемде теңдесі жоқ қатерлі ісікке қарсы жаңа «Арглабин» препараты. Ол өмірлік маңызы зор дәрі-дәрмектер қатарына қосылған және әлемнің 11 елінде, оның ішінде АҚШ, Германия, Франция, Швейцария, Жапония, Қытайда патенттелген.

Мемлекет басшысы облыс кәсіпорындарының өнімдері қойылған «Қарағандылық сапа» көрмесін аралап көрді, содан кейін Қарағанды облысының кәсіпкерлерімен және «Атамекен» кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының өңірлік өкілдерімен кездесті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы «Шахтинская» шахтасында болып, кеншілермен, сондай-ақ 2004 жылы метан жарылысы кезінде қаза болған 23 шахтердің отбасыларымен кездесті. Кездесуді қорытындылай келе, Мемлекет басшысы қаза болған шахтерлерді мәңгі есте қалдыру бастамасын ұсынды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Теміртау қаласына барып, құбыр жасауға болатын және машина жасауға жарамды табақша плакаттарды алуға мүмкіндік беретін дайындауларды үздіксіз құймалау қондырғысын алғашқы іске қосу рәсіміне қатысты, сондай-ақ болашақ сортты прокат зауыты құрылысының орнына алғашқы тасын қалады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №58-III, «Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №59-III, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында «Республика Сарайына дыбыс жабдықтарын жеткізу» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы» №60-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2005 жылғы 19 тамызға тағайындау туралы» №1591, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 қыркүйектегі №920 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №1592 жарлықтарына қол қойды.

17 маусым

Мемлекет басшысы Қарағанды қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XIII пленарлық отырысына қатысты.

Отырыс Қазақстанның өңірлік ықпалдасуы мен Орталық Азияның экономикалық дамуындағы рөлi мәселелеріне арналды.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын шетел инвесторлары арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызметтерге байланысты проблемалы сұрақтарды шұғыл түрде шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Кеңес кеңесшіл-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті оның қызметіне басшылық жасап, күн тәртібін бекітетін және отырыстарына қатысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. Кеңес шеңберінде салық салу, заңнамалық мәселелер, шетел инвесторларының ағымдағы қызметтері, Қазақстанның инвестициялық имиджін арттыру және мұнай-газ секторы мәселелері бойынша 5 біріккен жұмыс тобы қызмет атқарады.

Кеңестің отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің мүшелері — «Chevron Corporation» компаниясы басқармасының вице-төрағасы П. Робертсонмен, «ExxonMobil Corporation» компаниясының президенті Р. Тиллерсонмен, «Total S.A.» компаниясының аға вице-президенті К. де Маржеримен және тағы басқаларымен екіжақты кездесу өткізді.

20 маусым

Мемлекет басшысы Атырау облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Атырау қаласында 2005–2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында салынып жатқан «Алмагүл» ықшам ауданында болып, құрылыс барысымен танысты, элиталық топқа жататын коттеджді қалашықтың макеттерін қарап шықты, «Нұрсая» тұрғын үй ауданын, «Арай» көпқызметті тұрғын үй кешенін және халықаралық қонақ үй орталығын көрді, экспозицияларды қарағаннан кейін, құрылысшылармен және қоныстой иелерімен әңгімелесті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің «Батыс» Өңірлік командованиясінің әскери қалашығында болып, Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевпен және «Батыс» Өңірлік командованиясінің әскер қолбасшысы контр-адмирал Р.Ә. Комратовпен кездесті, сонымен қатар штаб ғимаратын, Әскери басқару орталығын, оқыту залдарын, казармаларды қарап шығып, офицерлермен өңірлік командованияні және Қарулы Күштердің Әскери-теңіз күштерін дамыту мәселелерін талқыға салды.

«Атырау» қонақ үйінің конференц-залында өткен Атырау облысының зиялы қауым өкілдерімен кездесуде Президент: «Қазір Сіздер үшін өзгерістердің басында тұратын уақыт келді. Біздің елде одан әрі гүлденіп, халықтың өмірін жақсартуға, жақсы өмір сүру мүмкіндіктерін жасауға барлық жағдайлар бар, оның негізгі шарты — мемлекет ішінде тұрақтылықты, тыныштықты, осында тұратындардың достығы мен сенімділігін қамтамасыз ету. Қазақстан — біздің ортақ отанымыз. Бұл менің зиялы қауым өкілдеріне айтар басты ең сөзім. Біздің ел инвесторларды

тұрақтылығымен қызықтырады. Егер ол бұзылса, олар сол күні Қазақстанды тастап кетеді».

Зиялы қауым өкілдерімен кездесу аяқталғаннан кейін Н.Ә. Назарбаев «Agir KCO» компаниясының Каспий қайраңын игеру бойынша мамандарды даярлайтын оқыту орталығымен танысты. Оқу кабинеттері бар теориялық оқыту аймағы, зертханалар, шеберханалар, қоймалар, мұнай өндіру бойынша шағын зауыт салу жоспарланған көрсетілім аймағы орналасқан практикалық оқыту аймағы бар оқыту орталығын қарап шыққаннан кейін, Президент «Agir KCO» компаниясының директоры М. Бекеруччимен және орталық оқушыларымен кездесті.



Түстен кейін Мемлекет басшысы Атырау облысының Махамбет ауданына барып, көкөніс және бау-бақша дақылдарын өсірумен, еділбай тұқымды қой өсірумен айналысатын «Агро ТСС» ЖШС-де болды. Н.Ә. Назарбаев ауыл шаруашылығы техникасын және шаруашылық алқаптарындағы тамшылап суару жүйесін қарап шықты.



Егістік жерлерінде Мемлекет басшысы аграрлық сектор мекемелерінің басшыларымен және ауданның ауылдық округтер әкімдерімен кездесті. Кездесу барысында өңірдің ауыл шаруашылығының проблемалары мен болашағы туралы пікір алмасу өтті. Мұнайлы өлке терең өңделген ет, сүт, көкөніс өнімдерін, кондитерлік бұйымдарын, майларды импорттауға мәжбүр болып отыр. Осыған орай облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтыну көлемінің артуына байланысты және Қазақстанның алдағы кезде ДСҰ кіруіне орай, Президент өндірісте жаңа технологияларды қолданудың қажеттігіне, іріктеу жұмысын жақсартуға, қайта өңдеу қуаттарын дамыту қажеттігіне баса көңіл аударды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев Исатай ауданының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері О. Өтеғалиевқа «Волга» автокөлігінің кілтін табыс етті.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №61-III, «Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №62-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Д. Дашнямды Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1593 Жарлығына қол қойды.

21 маусым

Мемлекет басшысы Атырау облысына сапары барысында бірқатар нысандарды аралады.

Біріншіден Атырау қаласынан 35 шақырым қашықтықта орналасқан «Agip KCO» компаниясының вахталық кентіне барды. Халықаралық дәрежедегі отельдер ұстанымы бойынша орындалған және 500 орынға есептелген кешен, 5 тұрмыстық блоктан тұрады және мейрамханасы бар орталық ғимараттан, ойын-сауық кешенінен, емханадан, спорттық кешеннен тұрады.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев жаңа мұнай-химиялық зауыттың іргетасына тас салып, негізін қалады. Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Президент инвесторларды тек қана газ, мұнай өндіру мәселелерімен ғана емес, сонымен қатар жоғары қосылған құнмен дайын өнімді шығаруға бағытталған жалғаспалы өндірісті құруға, Каспий теңізінің экологиясына бірінші кезекте мән беріп, еңбек қауіпсіздігін ұдайы назарда ұстауға шақырды.

Мемлекет басшысы сондай-ақ әуе кемелерінің шектеусіз барлық түрлерін қарсы алып, оларға қызмет көрсете алатын Атырау қаласындағы халықаралық әуежайдың жаңа ұшып-қондыру жолын қарап шықты; Теңіз мұнай кен орны жанындағы экологиялық қауіпті аймақта орналасқан Сарықамыс ауылының тұрғындары қоныс аударған облыстық орталығының «Лесхоз» жаңа ықшам ауданына барды; Атырау облысының шағын және орта бизнес өкілдерімен, «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының өңірлік өкілдігінің мүшелерімен, сонымен қатар облыстық мәслихат депутаттарымен кездесті; қаланың ең көрікті жерлерінің бірі — Махамбет-Исатай алаңында өткен «Ақжелкен» орта мектебі түлектерінің балында болды.

Сол күні Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысу үшін Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына аттанды.



Мемлекет басшысы «Сыртқы шекараларда дағдарысты жағдайлар туындаған кезде Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің шекаралық ведомстволарының өзара іс-қимылы туралы келісімге қол қою туралы» №1594, «Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің интеграцияланған валюталық рыногын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы» №1595 жарлықтарына қол қойды.

22 маусым

Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысуына байланысты Ресей Федерациясында болған кезде ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапотамен, ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжамен және Мәскеу облысының губернаторы Б.В. Громовпен кездесулер өткізді.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыс жұмысының басты қорытындысы қатысушы мемлекеттермен іске асырылатын жобаларды тиімді инвестициялауға мүмкіндік беретін ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық банкінің құру туралы шешімнің қабылдануы болды.



Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) — құрамына енетін мүше мемлекеттердің ортақ рыногын құру мақсатын көздейтін халықаралық экономикалық ұйым.

ЕурАзЭҚ-ты құру туралы Шартқа Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері 2000 жылдың 10 қазанында Астанада қол қойды. 2006 жылдың қаңтарынан бастап ЕурАзЭҚ-қа Өзбекстан да қосылды. 2002 жылдан бастап бақылаушылар мәртебесін Украина мен Молдова, 2003 жылдан — Армения иеленді.

2003 жылдың желтоқсанында ЕурАзЭҚ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының жанында бақылаушы мәртебесін алды.

Мемлекетаралық кеңес, Интеграциялық комитет, Хатшылық, Парламентаралық ассамблея мен Сот ЕурАзЭҚ-тың органдары болып табылады.

23 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына төрағалық етті.

Саммит барысында Ауғанстанның ішкі саяси және әскери шиеленісуіне байланысты осы елдегі жағдайды реттеуге арналған шараларды әзірлеуге баса назар аударылды. Сонымен қоса мемлекет басшылары арасында заңсыз есірткі айналымына қарсы тұратын арнайы құрылым құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұдан басқа, ұйымның әскери құрамын нығайту мәселелеріне ерекше мән берілді, осыған байланысты 2010 жылға дейінгі және алдағы перспективаға ҰҚШҰ аясындағы әскери құрылыстар жөнінде құжаттар пакеті қабылданды.



Саммит соңында Н.Ә. Назарбаев ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің ережесіне сәйкес өзінің Кеңес төрағасы ретіндегі өкілдігінің аяқталуына байланысты бұл міндетті Ресей Федерациясы Президенті В.В. Путинге тапсыруды ұсынды.



Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) — 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт негізінде 2002 жылы ТМД-ның бірқатар елдері құрған әскери-саяси одақ. Шарт әр 5 жыл сайын автоматты түрде ұзартылып отырады. 2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері ҰҚШҰ мүшелері болып табылады. ҰҚШҰ органдарына Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (мемлекет басшылары деңгейінде), Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының комитеті, Хатшылық, ҰҚШҰ-ның Бірлескен штабы кіреді. 2004 жылдың желтоқсан айында ҰҚШҰ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесін алды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен аттанды.

24 маусым

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Семей қаласындағы «Семей-цемент» АҚ-да болып, кәсіпорында шығарылатын қазіргі заманғы қаптауыш заттар мен аяқжол плиткаларының үлгілерімен танысты.

Содан кейін Президент аймақ кәсіпкерлерімен, қала активімен және қоғам өкілдерімен кездесіп, оның барысында Мәскеу қаласында Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнату жоспарланғанын айтты. «Бұл — ресей мен қазақ халықтары арасындағы достықтың, олардың мәдени жақындықтарының



куәсі. Астанада 1999 жылдың тамыз айында ұлы орыс ақыны А.С. Пушкиннің 200 жылдық мерейтойы қарсаңында оған ескерткіш орнатылған болатын. Келесі жылы Мәскеуде Абай Құнанбаевтың ескерткіші ашылады», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Өскемен қаласына келді.

Өскеменге сапар жағалаудағы Батырлар аллеясының ашылуымен басталды. Онда Президент Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, Ұлы Отан соғысының батырларын бір минут үнсіздікпен еске алды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің базасында құрылған «Алтай» ғылыми-технологиялық паркінде болды.

Ғылыми-технологиялық парктің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жетістіктерін қарап шыққан соң, Президент «Атамекен» кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының облыстық филиалы өкілдерімен кездесті.

Жұмыс сапарының кестесіндегі келесі пункт «Қазмырыш» АҚ болды, онда Мемлекет басшысы қорғасын өндірісінің қалдықтарын пайдаланатын жаңа қондырғыны іске қосты. Бұл қондырғы шаңнан, күшәннен, селеннен, сынаптан, шығатын зиянды газды күкірт қышқылына айналдырып, өңірдегі экологиялық жағдайдың жақсаруына ықпал етеді.

Ерекше атаулы оқиға «Азия Авто» АҚ машина құрастыру зауытында болды. Мұнда Президенттің қатысуымен «Азия Авто» АҚ мен «Volkswagen» концернінің құрамына кіретін «Skoda Auto» компаниясының бірлескен жобасы аясында құрастырылған алғашқы қазақстандық «Skoda Octavia» конвейерден шығарылды.

Жұмыс сапарының соңында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның шайбалы хоккей бойынша ұлттық құрама командасымен кездесті, сондай-ақ Өскемен қаласының орталық алаңында болып өткен қаланың орта мектептерін бітіруші түлектер кешіне қатысты.



28 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжоу Сяопейді қабылдап, онымен ҚХР

Төрағасы Ху Цзиньтаоның 2005 жылдың 3–4 шілдесіне жоспарланған Қазақстанға ресми сапарының мәселелерін талқылады.



Мемлекет басшысы «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» №63-III, «Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы» №64-III, «Чехия Республикасының, Эстония Республикасының, Кипр Республикасының, Латвия Республикасының, Литва Республикасының, Венгрия Республикасының, Мальта Республикасының, Польша Республикасының, Словения Республикасының және Словакия Республикасының Еуропалық Одаққа кіруін назарға ала отырып, бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы әріптестік орнататын әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге хаттаманы бекіту туралы» №65-III заңдарына қол қойды.

29 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаевты қабылдады. Ол Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның 2005 жылдың 3–4 шілдесіне жоспарланған Қазақстанға ресми сапармен келуіне, сондай-ақ 2005 жылдың 5 шілдесінде Астана қаласында болатын ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің кезекті отырысына дайындық барысы туралы баяндады.

Сол күні Мемлекет басшысы «Air Astana» авиакомпаниясының президенті Л. Пакстонды қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевты компания қызметінің ағымдық жағдайымен және оны одан әрі дамыту жоспарларымен таныстырды. Әңгіме барысында сондай-ақ батыстағы авиакомпаниялардың Астана жіне Алматы қалаларына авиарейстерін ұйымдастыру мәселелері де сөз болды.

Мемлекет басшысы «М. Яцковичті Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1596 Жарлығына қол қойды.

30 маусым

Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында Баспасөз, телевизия және радио күніне орай Қазақстанның журналистері мен шығармашыл ұжымдарына БАҚ саласына қосқан үлестері үшін наградалар мен гранттарды табыс етті.

«Бүгін сіздердің аттарыңыздан еліміздің барлық журналистерін осы керемет мерекемен құттықтау мүмкіндігіне ие болып отырмын. Сіздерге сөздеріңіз еліміз бен халқымыздың игілігі жолындағы ізгі істермен үндесе беруін тілеймін», — деді Президент.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей ғылым академиясының академигі А.Г. Аганбегянды қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевты Ресейдің әлеуметтік-саяси даму қорытындылары туралы жазған өзінің жаңа кітабымен таныстырды.



Мемлекет басшысы «Ш. Омаровқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1597, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы тәртіптік кеңестері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1598 жарлықтарына қол қойды.

ШІЛДЕ



Дс	2	9	16	23	
Сс	3	10	17	24	
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	28	
Жм	6	13	20	29	
Сн	7	14	21	30	
Жк	1	8	15	22	31



1 шілде

Мемлекет басшысы «Royal Dutch Shell» компаниясының атқарушы директоры Й. ван дер Веерді қабылдап, онымен Қазақстанның мұнай секторын дамытуға компанияның одан әрі қатысу мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қытай Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ж.С. Кәрібжановты қабылдап, ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға ресми сапарына дайындық барысы туралы ақпаратын тыңдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары С.А. Дьяченконы қабылдады. Ол Парламенттің I сессиясының жұмыс қорытындылары туралы хабардар етті.

Сол күні Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Пәкстан Ислам Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Раджи Ирфан-ур-Рехманнан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1599, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1600, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1601 жарлықтарына қол қойды.

4 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің X мерейтойлық отырысына қатысу үшін келген Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен кездесті.

Кездесу барысында тараптар екіжақты қатынастардың жай-күйі мен дамыту перспективаларын, өңірлік қауіпсіздік проблемаларын, сондай-ақ ШЫҰ алдағы болатын саммитіне дайындық мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстанға ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің X мерейтойлық отырысына қатысу үшін келген Моңғолия Республикасының Президенті Н. Энхбаярмен кездесті.




Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасты.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің Х мерейтойлық отырысына қатысу үшін келген Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты форматтағы ынтымақтастық пен мемлекетаралық және халықаралық құрылымдар шеңберіндегі мәселелерді кеңінен талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасында стратегиялық серіктестікті орнату мен дамыту туралы Бірлескен декларация қабылдады. Сондай-ақ «Қорғас» шекаралық ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы үкіметаралық келісімге, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі мен ҚХР Жер қатынастары министрлігі арасында геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР Су ресурстары министрлігі арасында су тасқыны маусымында трансшекаралық өзендердегі шұғыл ақпараттар туралы тараптарды тез арада хабардар ету жөніндегі келісімге, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен ҚХР Темір жол министрлігі арасында Трансқазақстандық темір жол магистралін салу мүмкіндіктері бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу жөніндегі меморандумға, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі мен ҚХР Ақпараттық өнеркәсіп министрлігі арасында ақпараттық және коммуникациялық индустрия саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық туралы меморандумға, «KEGOC» АҚ мен Қытайдың мемлекеттік «State GRID Corporation of China» электр желілік корпорациясы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық туралы келісімге, «Қазнұртел» ЖШС мен ҚХР мемлекеттік даму банкі арасындағы өзара несиелік келісімге қол қойылды.

Келіссөздер барысында сонымен қатар Қытайда Қазақстанның мәдени орталығын ашу мен Қазақстанда Конфуций университетін ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.



Мемлекет басшысы «Кейбір аудандық және оларға теңестірілген соттарды қайта атау туралы» №1602 Жарлығына қол қойды.

5 шілде

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің Х мерейтойлық отырысына қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде ШЫҰ мүше мемлекеттердің халықаралық терроризммен күрес, қару-жарақтар және оқ-дәрінің, есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттер арқылы оның материалдық базасын жою, ұйымдасқан трансшекаралық қылмыстарға, заңсыз көші-қонға қарсы күресте өзара әрекеттесуін нығайту мәселелері қаралды.

«Бізге ұйымның қазіргі жағдайын бағалап, оның болашақтағы дамуын нақты белгілеу қажет, — деді Н.Ә. Назарбаев саммит жұмысының ашылуында сөйлеген сөзінде. — ШЫҰ жұмысын бастаған сәттен бері 4 жылдың ішінде одан тұрақты қызмет атқаратын органдары бар, іс-әрекетке қабілетті ұйымды жасай алдық... Шанхай ынтымақтастығы ұйымының табысы оған мүше мемлекеттердің белсенді әрекеттестігі, өзара түсіністігі мен сенімділігі арқасында мүмкін болды. Мұнда барлық шешімдер пәтуалық негізде және әрбір елдің мүдделерін барынша ескеру арқылы қабылданады. Бұл — ұйымға тиесілі ерекшелік сипаты, ол «шанхай рухы» деп аталады. Әскери шекара маңы ынтымақтастығының күрделі мәселелерімен айналысқан «Шанхай бесітігінен» ШЫҰ беделді құрылымға айналды, ол өз алдына халықаралық терроризмге тосқауыл қою және сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестікті дамыту бойынша қосбірлікті міндеттер қояды. Бұл дегеніміз, ұйым бүлдіргіш күштерді тежеу үшін ғана емес, экономикалардың өсуі мен азаматтардың әлауқатын жақсарту үшін қатысушы елдер халықтарының жақындасуы мақсатында құрылғанын көрсетеді...» (Қосымшаны қараңыз).

Саммит нәтижелері бойынша ШЫҰ мүше мемлекеттер басшыларының Декларациясына, ШЫҰ мемлекеттерінің терроризммен, сепаратизммен, экстремизммен күрестегі ынтымақтастық тұжырымдамасына, сонымен қатар ШЫҰ елдерінің Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы жанындағы Тұрақты өкілдер туралы ережесіне қол қойылды.



Саммиттің тағы бір маңызды нәтижесі ұйымға бақылаушы ретінде Үндістанның, Иран мен Пәкістанның қабылдануы болды.



Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) — өңірлік халықаралық ұйым.

ШЫҰ 2001 жылы 15 маусымда Шанхайда құрылды. Оның негізін Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінің шекара маңында әскери саладағы сенімді нығайту туралы Келісім (1996) және Шекара маңында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдерге (1997) қол қою нәтижесінде бұрынырақ құрылған «Шанхай бес-тігі» елдері құрайды. Өзбекстанның қосылуымен ұйым Шанхай ынтымақтастығы ұйымы болып өзгерді.

ШЫҰ қызметінің басымдықтарына мүше мемлекеттер аумағында қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту; лаңкестік, экстремизм, сепаратизм, ұйымдасқан қылмыс және есірткі трафигіне қарсы бірлескен күрес; экономикалық және энергетикалық ынтымақтастық; ғылыми және мәдени-гуманитарлық әрекеттестік жатады.

6 мүше мемлекетпен бірге ұйымға тағы да 4 мемлекет (Моңғолия, Үндістан, Иран, Пәкстан) бақылаушы ретінде және 2 мемлекет (Шри-Ланка мен Беларусь) диалог бойынша серіктес мәртебесімен кіреді.

Ұйым 2004 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы жанынан байқаушы мәртебесін алды.

ШЫҰ органдары: Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Министрліктер мен ведомство басшылары жиналысы, Хатшылық, Өңірлік терроризмге қарсы құрылым.

Түстен кейін Мемлекет басшысы ШЫҰ саммитіне қатысушылармен және қонақтармен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Ресейдің ШЫҰ-на қатысуы осы ұйымның табысты дамуының шешуші факторларының бірі болатындығын атап өтті.

Н.Ә. Назарбаевтың келесі әңгімелесушісі Пәкстан Ислам Республикасының Премьер-министрі Ш. Өзиз болды. Ш. Өзизді Пәкстанның ШЫҰ бақылаушысы мәртебесіне ие болуымен құттықтаған Президент, Пәкстанның болашақта осы ұйымның толыққанды мүшесі болатындығына үмітін білдіріп, пәкістандық тарапқа Қазақстанның ДСҰ кіру мәселесінде көрсеткен қолдауы үшін ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында Премьер-министрдің орынбасары — Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М. Мыңбаев пен Пәкстан Ислам Республикасының Мемлекеттік қаржы минис-



трі О.А. Хан қазақстандық нарыққа тауарлар мен қызметтердің өзара қолайлы шарттарда қолжетімділігі бойынша екіжақты келіссөздерді тәмамдау туралы хаттамаға қол қойды.

Қазақстан Президенті Иран Ислам Республикасының бірінші вице-президенті М.Р. Арефпен кездесуде екіжақты қатынастар мәселелері мен өңірлік қауіпсіздік проблемаларын талқылады. М.Р. Ареф өз кезегінде Иранға ШЫҰ жанынан бақылаушы мәртебесін беруде қолдау білдіргені үшін Н.Ә. Назарбаевқа алғысын білдірді.

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасы Президентінің міндетін атқарушы, Премьер-министрі Қ.С. Бакиевпен және Үндістан Республикасының Сыртқы істер министрі Н. Сингхпен кездесіп, екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасты.

6 шілде

Мемлекет басшысы және Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, «ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы» АҚ және «Роснефть-Қазақстан» ЖШҚ арасында «Құрманғазы» құрылымы бойынша өнімді бөлу туралы келісімге, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі мен Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және энергетика министрлігі арасында электроэнергетикалық кешендегі ынтымақтастықты тереңдету туралы меморандумға, «Қазақстанэнерго» Ұлттық энергетикалық желілері» РМК қарызын реттеу аясында Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі мен «Ресейдің бірыңғай энергетикалық желілері» Ресей акционерлік қоғамы» ААҚ арасында «Екібастұз МАЭС-2 стансасы» ААҚ базасында Бірлескен қазақстандық-ресейлік кәсіпорын құру туралы хаттамаға қол қою рәсімдеріне қатысты.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Сinema City» кинотеатрында көрсетілген «Көшпенділер» көркем фильмінің премьерасында болды.



«Көшпенділер» көркем фильмі — Қазақстан, АҚШ, Ресей кинематографистерінің бірлескен ауқымды жобасы болып табылады, онда қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты XVIII ғасырдағы оқиғалар баяндалған.

Фильмнің режиссерлері — И. Пассер мен С. Бодров (үлкені). Басты рөлдерде отандық, сондай-ақ шетелдік актерлер ойнады. Олардың ішінде — Т. Жаманқұлов, Д. Жолжақсынов, А. Есмағамбетова, Д. Ахмадиева, М. Дакаскос, К. Бекер, Дж. Эрнандес, Дж. Скотт Ли және басқалар бар.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1603, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1604, «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» №1605, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1282 Жарлығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы» №1606, «Р.М. Әлиев туралы» №1607 жарлықтарына қол қойды.

7 шілде

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Т. Блэрге Лондон қаласында болған лаңкестік әрекет салдарынан адамдардың құрбан болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Лондон қаласында орын алған лаңкестік әрекет салдарынан британ азаматтарының қаза болуы туралы хабарды қайғыра қабылдадық. Біз зорлық пен экстремизмнің барлық көріністерін айыптап, тойтарыс береміз. Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың халықаралық терроризмге қарсы күресін әркез қолдайды және қолдай береді. Бұл — адамзатқа төнген зұлымдық. Британ халқының қайғысына ортақтаса отырып, осы адамгершілікке жатпайтын әрекеттерден еш кінәсіз құрбан болғандардың туған-туыстарына көңіл айтамын», — делінген жеделхатта.

8 шілде

Мемлекет басшысы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» №66-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №67-III, «Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде өнімді бөлу жөніндегі келісімдер туралы» №68-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №69-III, «Соғыс жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №70-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық аудит мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №71-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №72-III, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы Қазақстан Республикасында Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясының Өкілдігін құру, оның артықшылықтары мен иммунитеттері туралы келісімді бекіту туралы» №73-III, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» №74-III, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №75-III, «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №76-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1608, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1609, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы» №1610, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының мәселелері» №1611, «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациядан өткізу туралы үлгі ережені бекіту туралы» №1612, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы №1484 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1613 жарлықтарына қол қойды.

12 шілде

Мемлекет басшысы Қ.С. Бакиевке оның Қырғызстан Республикасының Президенті лауазымына сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

13 шілде

Мемлекет басшысы Шортанды-Бурабай курорттық аймағында болып, Щучье көлінің оңтүстік-батыс жағалауындағы Жеке батыр тауының баурайында бой

көтерген «Көкшетау» мейманханасының және Айнакөл көлінің көрікті жағалауында орналасқан «Әлем» мейманханасының ашылу салтанатына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Шортанды-Бурабай курорттық аумағында соңғы жылдары демалушылар санының едәуір өсуі әсем Бурабай көлдерінің жағалауларында жайлылығы мен қызмет көрсету деңгейі еуропалық стандарттарға сай келетін демалу базаларының пайда болуына ықпал еткенін атап өтті. Бұл шипажайлар «Бурабай» ұлттық табиғат паркінің аумағында орналасқанын ескеру қажет, сондықтан, курорттық бизнесті табиғатқа, жалпы экологияға зиян тигізбей, сауатты, өркениетті түрде дамытқан жөн.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1614, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі №949 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1615, «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісімге қол қою туралы» №1616 жарлықтарына қол қойды.

16 шілде

Мемлекет басшысы Шортанды-Бурабай курорттық аумағындағы өзінің «Қарасу» резиденциясында Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесі премьерінің орынбасары У Иді қабылдады.

Кездесу барысында екі ал арасындағы тауар айналымының перспективалары талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы №1166 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1617 Жарлығына қол қойды.

20 шілде

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Шредермен телефон арқылы келіссөздер жүргізді. Оның барысында тараптар екіжақты қатынастардың өзекті мәселелерін талқылады, сондай-ақ халықаралық саяси өмірдің маңызды аспектілерін, атап айтқанда, БҰҰ-ны реформалау мәселелерін қарастырды.

22 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы» №1618, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Эмба полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы» №1619, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру және Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы» №1620 жарлықтарына қол қойды.

25 шілде

Мемлекет басшысы Ақмола облысының Щучинск қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусында болды.

Президент оқу сыныптарын қарап шығып, асханада болды, курсанттардың ас мәзірі мен рационна назар аударды, оқытушылармен және оқушылармен тілдесіп, кадеттіктердің тұрмыс-тіршілігімен танысты.

Оқу мекемесінің оқытушыларына айтқан сөзінде Н.Ә. Назарбаев бозбалаларды «қарапайым нәрселердің ежелеріне үйрету қажет. Болашақ офицерлер кадеттік корпус қабырғасынан дені сау, мықты ғана емес, жан-жақты білімі бар, өз Отанының тарихы мен өзге ғылымдарды білетін, әсемдік өнерлерінен хабардар мәдениетті адамдар болып шығулары тиіс» деп атап өтті.



Кадет корпусы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1996 жылдың 1 шілдесінде құрылған. Онда арнайы бағдарлама аясында Қазақстан Қарулы Күштеріне сержант лауазымында келісімшарт бойынша қызмет ететін кіші командирлер құрамының кәсіби кадрларын даярлау жүргізіледі. Оқу мерзімі — 9 сыныптар базасында 3 жыл. Даярлаудың 2 жылы өткен соң, тыңдармандар (кадеттіктер) әскери ант

қабылдап, Кадет корпусында 1 жылдық оқуға және әскерде 5 жылдық мерзімге қызметін өтеуге келісім-шарт жасасады. Мекеме бітірушілеріне сондай-ақ тиісті әскери мамандығы бойынша дипломдар табыс етіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында болып, орталықтың тарихы жайлы экспонаттар көрмесін, оқу кабинеттерін, өнер, өлкетану және радио студияларын, жүзу бассейнін, ойын және спорт залдарын аралап көрді, содан кейін орталықта демалып жатқан балалармен кездесті. Кездесуден естелік ретінде Н.Ә. Назарбаев балаларға өзінің қолтаңбасы қойылған «Еуразия жүрегінде» атты жаңа кітабын сыйға тартты.



27 шілде

Мемлекет басшысы «В.Х. Физзатов туралы» №1621, «М.М. Атановты Қазақстан Республикасының Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1622 жарлықтарына қол қойды.

28 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы» №1623 Жарлығына қол қойды.

29 шілде

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Д.А. Медведевті қабылдап, онымен қазақстандық-ресейлік қатынастардың өзекті мәселелерін талқылады. Н.Ә. Назарбаев екіжақты байланыстардың қарқынды дамуының сипаты президенттік әкімшіліктерді өзара әрекеттесуге және бірлесіп қабылдаған шешімдерді мүлтіксіз орындауға міндеттейтінін атап айтты.



ТАМЫЗ



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 тамыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі №853 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1624 Жарлығына қол қойды.

3 тамыз

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Президент Қостанай дизель зауытына барып, «Енисей» комбайны мен Ресейден әкелінетін жабдықтардан жиналатын «ВТ-150» тракторын қарап шықты, сондай-ақ АМЗ-МАН жаңартылған қозғалтқыштарын жасап шығару бойынша инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысымен танысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Затобольск кентіне барып, қазақ тілінде оқытатын 680 оқушыға арналған жаңа мектепті аралап көрді және облыстың мектеп директорларымен және педагогтарымен кездесті.



Түстен кейін Мемлекет басшысы А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен және «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының облыстық филиалының мүшелерімен кездесті.

Осыдан кейін Н.Ә. Назарбаев «Қазақтелеком» АҚ облыстық филиалында болып, Ұлттық ақпараттық магистралінің талшық-оптикалық байланыс желісінің «Петропавл-Қостанай-Ақтөбе» солтүстік сегментін іске қосу рәсіміне қатысты.

Жұмыс сапарының соңында Президент қаланың 126 жылдығына орай Қостанай қаласының орталық стадионында өткен театрландырылған қойылымды тамашалады.



Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының жаңа Королі Абдалла бен Әбдел Әзиз әл-Саудқа Король Фахд ибн Әбдел Әзиз әл-Саудтың қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Екі аса қасиетті орындардың сақтаушысы, Сауд Арабия королі Фахд ибн Әбдел Әзиз әл-Сауд біздің еліміздің тәуелсіздігін мойындаған алғашқы шетел мемлекеттері басшыларының бірі болды. Ол тығыз екіжақты Қазақстан-Сауд қарым-қатынастарының

жан-жақты дамуына орасан зор үлес қосты», — делінген жеделхатта.

8 тамыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Оңтүстік Африка Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.У. Джила мен Қырғыз Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ж. Сааданбековтен сенім грамоталарын қабылдады.

Б.У. Джиламен әңгімесінде Қазақстан мен ОАР арасында екіжақты байланыстарды реттеу мен кеңейту мәселелері талқыға салынды.

Ж. Сааданбековпен әңгіме барысында шекара маңы облыстарында сауданы кеңейту, сонымен қатар Ыстықкөл көлінің оңтүстік жағалауында сауықтыру пансионаттарын салу мәселелері қаралды.

Н.Ә. Назарбаев дипломаттарды миссияларының басталуымен құттықтап, жұмыстарына табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбековті қабылдады. Ол елдегі заңдылық мен құқықтық тәртіп туралы, сондай-ақ Президенттің 2005 жылғы 20 мамырда ҚР Қауіпсіздік кеңесі отырысының қорытындылары бойынша берген тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Т.И. Есболовты қабылдап, оның жоо қызметі және алдағы дамыту перспективалары туралы есебін тыңдады.

9 тамыз

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болып, Баянауыл кентінде академик Қ.И. Сәтбаев атындағы мемориалдық мұражайды аралап көрді және кент тұрғындарымен кездесті.



Мемлекет басшысы «Тә Сок Вонды Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1625 Жарлығына қол қойды.

10 тамыз

Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапары барысында бұрынғы Ақсулық МАЭС, қазіргі

«Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» ААҚ Ақсу ЖЭС-на барып, үшінші энергоблоқтың қалпына келтірілуі жүргізіліп жатқан машина залын қарап шықты, кәсіпорынның техникалық жетістіктерімен таныс болды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев алюминий шығаратын Қазақстандық электролиз зауытында болды. Зауыттың жұмыс барысымен танысқан Президент оның құрылысын Қазақстан Магниткасы сияқты кеңес уақытының ең ірі құрылыстарымен салыстыра отырып, елдің индустриялық-инновациялық бағдарламасының ең үлкен жетістігі деп бағалады.

Мемлекет басшысы барған келесі орын «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының облыстық филиалының ақпараттық-есептеу орталығы болды, мұнда кәсіпкерлермен, қалалар, аудандар мен облыстың ауылдық округтерінің әкімдерімен кездесу өткізді. Президент билік органдарының өкілдері мен кәсіпкерлерді ұлттық экономиканы дамытуда, кәсіпкерлік ортаға қолайлы жағдайлар жасауда жергілікті орындарда әріптестікті нығайтуға шақырды.

Жұмыс сапарының соңында Мемлекет басшысы Павлодар қаласының орталық алаңында «Нұрлы елдің жастары» атты үшінші еңбек семестрінің аяқталуына орай өткізілген студент жастардың фестиваліне қатысты. Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Президент: «Сіздердің еңбектеріңіз, оқуларыңыз бен Отанға деген махаббатыңыздың арқасында біздің Қазақстан әдемірек, қуаттырақ, одан әрі бай бола түсуде. Бізге басқа мемлекеттер сенім білдіреді, бізге инвестициялар келуде, бір доллар экономикаға 3 доллар беруде. Қазақстан бүгінде посткеңестік кеңістікте көшбасшылық орынға ие, біз көшбасшылықты қолдан шығарып алмай, чемпион тәрізді әркез жаңа жеңістерге жетуге дайын болуымыз қажет», — деді.

11 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Жұмыс сапары Талдықорған қаласының «Қаратал» ықшам ауданына барудан басталды, онда Президент жаңа тұрғын үй кешенін қарап шығып, қоныстой иелеріне пәтерлердің кілттерін табыс етті.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы Талдықорған қаласының орталық алаңында Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдығына және Қазақстан



Республикасы Конституциясы күніне арнап өткізілген облыстық халықтар достығы фестиваліне қатысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев М.Т. Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайында болып, мұражай жәдігерлерін үлкен қызығушылықпен қарап шықты, жергілікті зиялы қауым өкілдерімен кездесу өткізді. Президент экономикалық жетістіктер жоғары білім деңгейімен, әдебиет пен өнердің дамуымен, рухани мұраны үйлесімді қолданумен қуатталып отырудың ерекше маңыздылығын атап өтті.

Келесі кездесу жаңа «Меруерт» қалалық мәдени-сауықтыру кешенінде өтті, Мемлекет басшысы «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының облыстық филиалының өкілдерімен тыңғылықты әңгіме өрбітті. Кәсіпкерлермен әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев Алматы облысы экономикасының темекі өндіру, шарап жасаушылық және туризм бойынша негізгі бағыттарын айқындады.

Күн соңында Н.Ә. Назарбаев Алматы облысының қалалары мен аудандар әкімдерімен кездесіп, облыстың жаңа әкімі С.Ә. Үмбетовті таныстырды.



Мемлекет басшысы «М.Ж. Көпеев туралы» №1626, «Ш. Құлмахановты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1627, «С.Ә. Үмбетовті Алматы облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1628 жарлықтарына қол қойды.

12 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысына жұмыс сапары барысында Панфилов ауданының Жаркент қаласына барып, атақты Жаркент мешітін қарап көрді.

Қаланың орталық алаңында Президент тұрғындармен кездесіп, Қала күнін мерекелеуге қатысты. Қалалықтарды мерекемен құттықтаған Президент: «Жаркент өзінің сыртқы келбетін жедел өзгерту үстінде, оның жанданған сауда бағытында тиімді орналасуы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға тамаша жағдай жасайды. Қаланың іскерлік өмірін белсендіруде экономиканың нақ осы секторына басты рөл белгіленген», — деп атап өтті.



Түстен кейін Мемлекет басшысы көршілес Ұйғыр ауданының әкімшілік орталығы — Чунджа қаласына барды.

Жолда Президент жүгері өсірумен айналысатын «Көктал-Агро» ЖШС-да болып, ауыл шаруашылығы мамандарының облыстық семинар-кеңесіне қатысты. Н.Ә. Назарбаев Панфилов ауданының әкімі С. Бескемпіровтің есебін тыңдап, кеңеске қатысушылармен әңгімелесті. «Мемлекет алдағы жылдары саланы барынша қаржыландыруды жалғастырады, атап айтқанда, асыл тұқымды мал шаруашылығы мен өнімді қайта өңдеу салаларын қолдау жалғасын таппақ», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Чунджа қаласына келісімен Мемлекет басшысы ауданның 70 жылдығына арналған мерекелік іс-шараларға қатысты. Президент аудан тұрғындарын мерейтоймен құттықтап, олардың отбасыларына бақыт пен амандық тіледі. «Мен көпұлтты Қазақстанның азаматтары — ұйғыр ұлтының өкілдеріне құрметпен қараймын», — деді Н.Ә. Назарбаев. — Бауырлас елдің өкілдері республика игілігі үшін жемісті еңбек етіп келеді, осының арқасында біздің тәуелсіздігіміз нығайып, ел байлығы артып келеді, ал Ұйғыр ауданы — өңірде алдыңғы қатарда».



13 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысына жұмыс сапары барысында Райымбек ауданына барып, Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толуына орай өткізілген мерекелерге қатысты.

Мерекенің ашылуында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Райымбектің өмірі — Отанға деген адал махаббаттың, оның тәуелсіздігін қорғаудың, халықтың игілігі үшін қамқорлықтың жарқын мысалы. Райымбек батырдың тұлғасы Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Әбілқайыр хан, Абылай хан, Барақ сұлтан сынды тарихи тұлғалармен бір қатарда тұр, оларға қазақ халқы өзінің көпжылдық қатал сындардан өткен этникалық сана сезімі мен абыройының сақталуы үшін борышты. Ұлттың осы асыл қасиеттері тәуелсіздіктің құтты мекенінде гүлденіп, қазір әлемде өз орын тапқан осызаманғы демократиялық мемлекеттің негізін қалады. Батыр мен қолбасшының ерліктері халық жадында қалып, ғасырлар өтсе де ұмытылған жоқ. Оның өз халқына адал қызмет етуі Ұлы Отан соғысында отанын қорғағандарға үлгі болып, рух берді. Райымбек туралы естелік бізге тәуелсіз гүлденген мемлекетті құруға көмек болуда», — деп атап өтті.



15 тамыз

Мемлекет басшысы Бішкек қаласында Қ.С. Бакиевтің Қырғызстан Республикасының Президенті лауазымына ресми кірісу рәсіміне қатысты.



Түстен кейін Мемлекет басшысы Бішкек қаласында Қазақстан Республикасы Елшілігінің жаңа ғимаратын ашты.

Елшіліктің ашылу рәсіміне Қырғызстан Республикасының Президенті Қ.С. Бакиев қатысты.

19 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев Көкшетау қаласына барып, автобустар мен тіркеме техникаларын жинақтау және жасау бойынша «КамАЗ-Инжиниринг» бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіпорнының ашылу салтанатына қатысты. Президент жинақтау цехын, сондай-ақ облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары өнімдерінің көрмесін аралап көрді.



Бұдан кейін Мемлекет басшысы «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағы облыстық филиалының өкілдерімен кездесіп, шағын және орта бизнестің даму болашағы, облыстың өнеркәсіптік әлеуетін жаңғырту мен қайта құру жөнінде пікір алмасты. Өңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев көп шаруалардың жасалып жатқандығын, алдағы уақытта әлі де ауқымды міндеттердің тұрғанын айтты. «Ең алдымен, кәсіпкерлік пен мемлекет арасында бизнесті экономика негізі ретінде дамыту бойынша қарқынды, түбегейлі жаңа идеологияны құру қажет. Өрбір кәсіпкерге инновациялық экономикада өз орнын тауып, өткізу нарығы үшін белсенді бәсекеге түсуі керек» екендігін атап көрсетті.

Осыдан кейін Президент Кеңес Одағының Батыры, жазушы М. Ғабдуллиннің қалпына келтірілген мұражайын ашты, жәдігерлермен танысып, соғыс және еңбек ардагерлерімен, облыстың зиялы қауым өкілдерімен және ұлттық-мәдени бірлестіктерінің мүшелерімен кездесу өткізді.



«КамАЗ-Инжиниринг» бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіпорны Қазақстанның 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру шеңберінде құрылды.

«КамАЗ-Инжиниринг» құрылтайшылары қазақстандық тараптан — «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы, ресейлік тараптан — «КамАЗ» ААҚ болып табылады.

Кәсіпорынның жобалық қуаты жылына 2350 бірлік автотехниканы, оның ішінде 1,5 мың түрлі типтегі самосвал, 650 самосвал тіркемелерін және қалалық типтегі 200 автобусты құрайды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Көкшетау қаласындағы «Оқжетпес» стадионында «Ақ бидай» III республикалық спорттық ойындардың ашылу салтанатына қатысты, содан кейін Зеренді ауданының «Викторовское» ЖШС-на барып, егіс алқаптарын аралады, асыл тұқымды мал және ауыл шаруашылығы техникасының көрмесін қарап шықты, ауыл шаруашылығы мекемелерінің басшыларымен, аудан және ауылдық округтер әкімдерімен кеңес өткізді. Кеңесте сөйлеген сөзінде Президент Қазақстанның алдағы ДСҰ-ға кіруіне орай ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігіне ерекше көңіл аударды.

20 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Степногорск қаласына барып, «Степногорск подшипник зауыты» АҚ болды.

Президент зауыттың жұмыс цехтарын қарап шығып, Степногорск таухимия комбинатының инвестициялық даму жоспарымен танысты, онда уран шығарумен қатар молибден мен кобальт өндіру жоспарланған; жаңа күл үю орнының құрылысы мен 2006-2007 жылдары ұзындығы 52 шақырым болатын Сілеті су қоймасының су таратқышын қайта құру жобасымен танысты.

Сол күні Н.Ә. Назарбаев Степногорск қаласының орталық алаңында Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдығына арналған қалалық халықтар достығы фестиваліне қатысты.

22 тамыз

Мемлекет басшысы Премьер-министр Д.К. Ахметов басшылық ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерін қабылдап, 2006 жылға арналған бюджет жобасы туралы ақпаратын тыңдады. Жалпы, жобаның басты параметрлерін мақұлдай келе, Президент бірқатар ескертпелер айтты және тиісті өңдеулерден кейін оны Үкімет отырысының қарауына енгізуді тапсырды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі №371 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1629, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №1630, «Қазақстан Республикасы жергілікті соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1631 жарлықтарына қол қойды.

23 тамыз

Мемлекет басшысы «А.Д. Смағұловты Қазақстан Республикасының Ауғанстан Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1632 Жарлығына қол қойды.

24 тамыз

Мемлекет басшысы республикалық телевизияда тікелей эфирде қазақстандықтардың сауалдарына жауап берді.

Президент қазақстандықтарға тілдескендері үшін алғысын білдірді. «Қойылған сауалдардың бір де бірі қараусыз қалдырылмайды. Президент Әкімшілігіне барлық келіп түскен сауалдар мен өтініштерді мұқият талдауға тапсырма берілді», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев.



Тікелей эфирге дайындық пен өткізілу барысында елдің барлық өңірлеріндегі азаматтардан 25 730 сауалдар мен өтініштер келіп түсті. Олардың 60-қа жуығы телеэфир арқылы қойылды.

Мемлекет басшысының қатысуымен алдыңғы тікелей эфир 2004 жылдың 14 мамырында өткізілген болатын. Оның барысында 12 098 сауал келіп түсіп, оның 43-і телеэфир арқылы қойылды.

25 тамыз

Мемлекет басшысы Астана қаласының сол жақ жағалауындағы Қазақстан Республикасы Үкімет үйінің жаңа ғимаратында болып, Премьер-министр мен оның орынбасарларының жұмыс кабинеттерін, отырыс залдарын, Премьер-министр Кеңсесі қызметкерлерінің жұмыс орындарын аралап көрді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1633, «Қ.І. Нағманов туралы» №1634,

«А.И. Мырзахметовті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1635, «А.Ұ. Маминді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі қызметіне тағайындау туралы» №1636, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1637 жарлықтарына қол қойды.

26 тамыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Қазан қаласына ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына, сондай-ақ Қазан қаласының 1000 жылдығына орай өткізілетін мерекелік шараларға қатысу үшін келді.



Мемлекет басшысы Қазан қаласына ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына қатысу үшін келген Украина Президенті В.А. Ющенкомен және Грузия Президенті М.Н. Саакашвилимен екіжақты келіссөздер жүргізді.

Украина Президенті В.А. Ющенкомен кездесу барысында екіжақты қатынастарды одан әрі дамытудың перспективалары, посткеңестік кеңістіктегі ықпалдасуды тереңдету мәселелері, сондай-ақ бірлескен жобаларды іске асыру барысы талқыланды.

Грузия Президенті М.Н. Саакашвилимен әңгімесінде тараптар Қазақстан мен Грузияның экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейту мен дамыту мәселелері бойынша пікір алмасты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына қатысты.

Отырыстың күн тәртібіндегі басты мәселе ТМД-ны реформалау және оның органдарының қызметін жетілдіру болды.

Саммит қорытындысы бойынша әскери саладағы қарым-қатынас параметрлерін белгілейтін құжаттарға, соның ішінде 2010 жылға дейінгі әскери ынтымақтастық тұжырымдамасына, Келісілген шекаралық саясат тұжырымдамасына, 2005–2007 жылдарға арналған ТМД мемлекеттерінің терроризммен және экстремизмнің зорлықшыл көріністерімен күрестегі ынтымақтастық бағдарламасына, 2006–2008 жылдарға арналған ТМД мемлекеттерінің заңсыз көші-қонға қарсы әрекеттегі ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылды.

БҰҰ-ның 60 жылдығы қарсаңында саммитке қатысушылар осы ұйымның әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі туралы Бірлескен мәлімдеме қабылдады, сондай-ақ Чернобыль АЭС-дағы апаттың 20 жылдығына орай ТМД халықтарына және әлем қауымдастығына Үндеу жолдады.

Күн соңында Мемлекет басшысы Қазан қаласының 1000 жылдығына орай М. Жәлел атындағы Татар мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинді, Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевті, Қазан қаласының тұрғындарын және барлық ресейліктерді осы айтулы оқиғамен құттықтап, «тағдыр жазуымен мәдениеттер мен дәстүрлердің өзара сіңісу орталығына айналған шаһарға жылулық, ашықтық, қонақжайлығын мәңгілік сақтауға, ұлы тарихын есте сақтап, кемел болашаққа ұмтылуын тіледі.

М.Ш. Шаймиев Қазақстан Президентіне «Қазан қаласының 1000 жылдығы» естелік медалін табыс етті.



«Қазан қаласының 1000 жылдығы» естелік медалі Ресей Федерациясы Президентінің 2005 жылғы 30 маусымдағы жарлығымен бекітілген.

27 тамыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Қазан қаласында өткен құрамында Ресей, Беларусь, Қазақстан және Украина елдері бар БЭК-ке қатысушы төрт мемлекет басшыларының кездесуіне қатысты.

Тараптар Жоғары деңгейдегі топпен әзірленген интеграциялық үдерістерді тереңдетуге, атап айтқанда, Кеден одағына көшуге, «төрттік» аясында тауарлардың, қызметтердің, қаржы мен жұмыс күшінің еркін қозғалуына қажетті алғышарттарды қалыптастыруға бағытталған келісім жобаларының пакеттерін қарастырды. Бұдан басқа, «төрттік» көшбасшылары 2005 жылдың желтоқсан айына дейін өзара саудада бар шектеулерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін 29 келісім пакетін әзірлеуді қарастыруға уағдаласты. Сонымен қоса, қабылданған жағдайда сәйкестендірілген кедендік тарифтері бар Кеден одағын қалыптастыру үшін құқықтық негізді құратын екінші құжаттар пакетін әзірлеу туралы келісімге қол жеткізілді.





Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) — халықаралық экономикалық ұйым, мақсаты, атып айтып тұрғандай, мүше мемлекеттердің біртұтас экономикалық кеңістігін құру.

БЭК қалыптастыру туралы келісімге 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттері қол қойды.

БЭК аясында бірінші кезеңде мүше мемлекеттерден келетін тауар импортына қатысты еркін сауда режимін қамтамасыз ету, Кеден одағының және біртұтас бәсекелестік ортаны қалыптастыру алғышарттарын дайындау, ұлттық заңнамалармен үйлестіру бойынша шараларды жүзеге асыру жоспарланған болатын. Екінші кезеңде — алымсыз және шексіз еркін сауда аймағын қалыптастыруды аяқтау, үйлестірілген бәсекелестік саясатын жүргізу, бірыңғай кеден тарифі бар кедендік одақ құру. Үшінші, соңғы кезеңде, тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету. «Төрттік» мемлекеттердің интеграциялық өзара әрекеттестігін тереңдету шарасы бойынша, мүше мемлекеттер өз еріктерімен өкілеттіліктерін беретін бірыңғай реттеу органы құрылуы тиіс.

Құрамына үкімет пен Ұлттық координаторлар институты басшыларының орынбасарлары кіретін Жоғары деңгейдегі топ БЭК органдары болып табылады.

Сонымен бірге, 2006 жылы БЭК-тен Украинаның шығуына байланысты және БЭК пен ЕурАзЭҚ мақсаттарының ұқсастығын ескере отырып, оларды біріктіру туралы шешім қабылданды.



Сол күні Мемлекет басшысы ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына басқа да қатысушылармен және Қазан қаласының 1000 жылдығын мерекелеуге келген қонақтармен бірге Қазан метрополитенінің ашылуына қатысты, сондай-ақ ат спорты мерекесінде болды.

30 тамыз

Мемлекет басшысы «Конституция: тұлға, қоғам және мемлекет» атты Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.

Конференция жұмысын аша отырып, Президент «Конституцияны қатаң сақтау — мемлекет пен азаматтық қоғамның табысты дамуының негізі. Конституцияға сәйкес өмір сүру — демократияның жоғарғы мектебі» екендігін айтты (Қосымшаны қараңыз).

Жиында Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы И.И. Рогов, Франция Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы П. Мазо, Корея

Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Енг-Чоль Юн, Украина Конституциялық кеңесінің төрағасы Н. Селивон, Ресей Федерациясы Конституциялық соты төрағасының орынбасары В. Стрекозов, Еуропа Кеңесі Венециялық комиссиясының Әділ сот конституциялық департаментінің басшысы Р. Дюрр, Елші, Қазақстандағы ЕҚЫҰ орталығының басшысы И. Викки сәлемдеме сөздерін арнады.

Сол күні Мемлекет басшысы бірқатар қазақстандық және шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлеріне «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медальдарын табыс етті.

«Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалімен Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметов, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат және Мәжіліс төрағалары Н.Ә. Әбіқаев пен О.Б. Мұхамеджанов, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Ә.Р. Жақсыбеков, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы О. Әбдікәрімов, Елші, Қазақстандағы ЕҚЫҰ орталығының басшысы И. Викки, Француз Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы П. Мазо, Украина Конституциялық кеңесінің төрағасы Н. Селивон және тағы басқалары марапатталды.

ІІІ-ші дәрежелі «Барыс» орденімен Премьер-министрдің орынбасары — Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М. Мыңбаев, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Хатшылығының меңгерушісі Ж.Ә. Әлиев марапатталды.

ІІ-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Қылмыстық істер бойынша алқа төрағасы Ә.Т. Жүкенов, Қазақстан Республикасы ҰҚК төрағасының орынбасары Е.Б. Исақұлов, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қолбасшысы Б.Ғ. Ысқақов және тағы басқалар марапатталды.

ІІ-ші дәрежелі «Айбын» орденімен Ақтөбе облысы Ішкі істер басқармасының бастығы М.О. Нүкенов, Ақмола облысы Целиноград ауданы Ішкі істер бөлімінің учаскелік инспекторы П. Язаджи марапатталды.

«Парасат» орденімен — Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы И.И. Рогов, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Д. Қарағұсова, М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік

медициналық академиясының ректоры С.Ф. Беркінбаев, Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық ақындар мектебінің басшысы Ә. Қалыбекова және тағы басқалар марапатталды.

II-ші дәрежелі «Достық» орденімен Қостанай облысы бойынша Қазақстан халықтары кіші ассамблеясы хатшылығының төрағасы В.Г. Вишниченко, «Видергебурт» Атырау облыстық немістер басқармасының төрағасы А.Ф. Думлер марапатталды.

«Құрмет» орденімен Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетов, Алматы облысы Жамбыл ауданының әкімі С.Б. Баяманов, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Т.Т. Иманов және тағы басқалар марапатталды.



1



2



3



4



5



6



7



8



«Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалі (1-сурет) Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» Жарлығымен бекітілген. Медальмен Қазақстанның конституциялық негіздерінің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан, мемлекет және қоғам қайраткерлері, заңгерлер қатарынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары наградалады.

«Барыс» ордені 1999 жылы үш дәрежелі болып бекітілді. «Барыс» орденімен марапаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін жүргізіледі.

I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан (2-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (3-сурет), II дәрежелі «Барыс» ордені тақташасындағы белгіден (4-сурет), III дәрежелі «Барыс» ордені мойынға асатын лентадағы белгіден (5-сурет) тұрады.

«Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. Екі дәрежесі бар. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігі мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны үшін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады.



9



10



11



12



13



14



15



16

I дәрежелі «Даңқ» ордені жұлдыздан (6-сурет) және иыққа аса-тын лентадағы орден белгісінен (7-сурет) тұрады. II дәрежелі «Даңқ» ордені тақташасындағы белгіден (8-сурет) тұрады.

«Айбын» ордені 1995 жылы белгіленді. Үш дәрежесі бар. Орденмен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларының әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және басқаларының қызметкерлері жауынгерлік даярлықта, әскерлердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейін ұстауда, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін; әскери және қызмет бабындағы парызын өтеудегі көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғауда жасаған ерлігі үшін марапатталады.

I (9-сурет) және II (10-сурет) дәрежелі «Айбын» ордендерімен кіші және аға офицерлік құрамдағы адамдар марапатталады.

III (11-сурет) дәрежелі «Айбын» орденімен солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер мен мичман-дар марапатталады.

«Парасат» ордені (12-сурет) 1993 жылы белгіленді. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (13-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (14-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — тақташасындағы белгіден (15-сурет) тұрады.

«Құрмет» ордені (16-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

31 тамыз

Мемлекет басшысы «Т.С. Сүлейменов туралы» №1638, «А.Ю. Волковты Қазақстан Республикасының Польша Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1639 жарлықтарына қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	
Жк	4	11	18	25	



1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, үшінші шақырылымның II сессиясын ашты.

«Қазақстандық жол: тұрақтылық, жаңғыру және гүлдену» атты баяндамасында Президент «Конституция негізінде сайланған, бірнеше күн бұрын ғана он жылдық мерейтойын атап өткен кәсіпқой Парламентіміздің жұмыс істеп келе жатқанына 10 жылдай уақыт өткенін» еске салды.

«Егер Тарих үшін бұл жылдар — қас-қағым сәт болса, біздің Қазақстанымыз үшін — жүз жылға тең кезеңдерді айқындайтын тарихи белес.

Даму үшін кез келген қадамдарды жасай отырып, біз үнемі тұрақтылық пен халықтың бірлігі туралы ұмытпадық. Осының арқасында халықаралық қоғамдастықта үлкен табыстар мен беделге ие болдық. Бұл ретте ел Парламентінің ерекше рөлін атап айтқым келіп отыр» (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы Астана қаласында қазақ тілінде оқытатын жаңа мектепті салтанатты түрде ашты.

Н.Ә. Назарбаев заманауи оқу кабинеттерін, компьютерлік сыныптарды, лекция залдарын, кітапхананы, еңбек сабағына арналған шеберхананы, өнер студиясын, жылыжайды, мәжіліс және спорт залдарын аралап көрді.

Сол күні Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен жүріп кетті.

Президент Мақтаарал ауданында болып, «Кетесбай» өндірістік кооперативінің мақта алқаптарын аралады, алқаптарды суаруды қамтамасыз ететін қайта қалпына келтірілген сорғы стансасының жұмысымен танысты, содан кейін облыстың мақташыларымен, мақта зауыттарының басшыларымен, селолық округ әкімдерімен кездесті. Кездесуде мақта саласын дамыту мәселелері мен облыстың және елдің экономикалық дамуы үшін мақта кластерін құрудың маңыздылығы талқыланды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Мақтаарал ауданының әкімшілік орталығы — Жетісай қаласының орталық алаңында болып, Отан қорғаушылар даңқы ескерткішіне гүл шоқтарын қойды және қала тұрғындарымен кездесті.



Күн соңында Н.Ә. Назарбаев Жетісай қаласындағы «Сырдария» университетіне барып, кітапхананы, интернет-сыныпты, лекция залын және зертханаларды аралап көрді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2004 жылғы есепті бекіту туралы» №1640, «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы» №1641 жарлықтарына қол қойды.

2 қыркүйек

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында тарихи-сәулет ескерткіштері — «Арыстан баб» мұражай-қорығын, «Отырар» қалашығын, Қожа Ахмет Яссауи мен Бәйдібек ата кесенелерін аралады. Ғалымдармен және қалпына келтірушілермен әңгімесінде Н.Ә. Назарбаев өңірдің мәдени мұраларын жандандыру үшін қаражат толық көлемде берілетінін және Ұлы жібек жолында тартымды туризм орталығын құруға бағытталатынын атап айтты.



Сол күні Мемлекет басшысы 2005 жылдың көктемінде Сырдария өзенінің тасуынан зардап шеккендерге арнап 4 ай ішінде салынған жаңа «Наурыз» ықшам ауданы орналасқан Отырар ауданының Маяқұм кентіне барды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Түркістан қаласына барып, қасиетті «Әзірет сұлтан» сәулет кешенінің қабырғасында қала тұрғындарымен кездесті.

Содан кейін Президент Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде облыстың қоғам өкілдерімен кездесті. Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысының даму қарқынына оң баға бере отырып, шикі мақта өңдеуде және ақырғы өнімді шығаруда заманауи технологияларды қолдану қажеттігін атап өтті.



3 қыркүйек

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Шымкент қаласында «Нұрсәт» ықшам ауданында болды, «Қазақ-Орыс

текстилі» альянсының жаңа жіп иіру-тоқу фабрикасына барып, «Атамекен» кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпыұлттық одағының облыстық филиалы өкілдерімен, сондай-ақ М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттерімен кездесті.

Сол күні Н.Ә. Назарбаев «Кең баба» этнопаркінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдығына арналған Қазақстан халықтарының тілдері фестивалінің ашылу рәсіміне қатысты.

Жұмыс сапарының соңында Президент Ш. Қалдаяқовтың 75 жылдығына арналған сазгердің атындағы «Менің Қазақстаным» халықаралық ән байқауында болды.

5 қыркүйек


Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болды.

Президент Көк төбе тауын, «Медеу» табиғи саябағын және қаланың басқа да нысандарын қайта құру мен абаттандырудың бас жоспарымен танысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Республика алаңында Алматы қаласындағы ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдерімен, «Ritz Palace» мейманханасында қала кәсіпкерлерімен, №12 мектеп-гимназиясында орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің басшыларымен кездесулер өткізді.

Түстен кейін Мемлекет басшысы «Алпроф» консорциумы зауыттарының бірінде болып, құрылысқа арналған жоғары сапалы алюминий профилін өндіру технологиясымен танысты; Райымбек батыр кесенесіне барып, дін, қоғам өкілдерімен, батырдың ұрпақтарымен кездесті; 2005–2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы аясында Райымбек даңғылында салынып жатқан жаңа тұрғын үй кешенінің құрылысын қарап шықты; тәулігіне 120 мың автокөлікті өткізу мүмкіндігі бар Саин көшесі және Райымбек даңғылының қиылысындағы көлік жолайрығын қарап көрді; Алматыдағы троллейбус және автобус жасап шығаратын «Электротранс-сервис» ЖШС зауытында болды.

Күн соңында Мемлекет басшысы Алматы қаласының орталық стадионында алматылық ЖОО бірінші курс студенттеріне арнап «Қазақстанның студенттер Альянсы» қоғамдық бірлестігімен ұйымдастырылған «Жас талап» фестиваліне қатысты. Студенттер мерекесінде Президент Қазақстанның зияткерлік дамуына қосқан



айрықша үлесі үшін жүлде қоры 5 млн. теңге болатын «Жас талап» сыйақысын тағайындау бастамасын көтерді. Н.Ә. Назарбаев бірінші курс студенттеріне екі студенттік билетті өз қолымен тапсырды. Студенттер өз кезегінде Президентке «№1 студенттік билетті» табыс етті.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Орталық қалалық клиникалық ауруханасына барып, онда рентгенологиялық диагностика және физиоэмдеу бөлімшесін, ультрадыбыстық диагностика, компьютерлік томография кабинеттерін қарап шықты, қаланың медициналық қызметкерлерімен кездесті.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға жеке сапармен келген Америка Құрама Штаттарының бұрынғы Президенті Б. Клинтонды қабылдады.

Б. Клинтон өзі басқаратын Клинтон қорының атынан 2005 жылы тамызда «Катрина» сұрапыл дауылынан жапа шеккен Жаңа Орлеан қаласының тұрғындарына көмек көрсетуін өтінді.

Н.Ә. Назарбаев табиғи апатқа орай Америка халқына көңіл айтып, Қазақстан қолдан келгенше көмек көрсететіндігін жеткізді.

Кездесу қорытындылары бойынша Клинтон қоры мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында 40-тан астам елді біріктіретін Клинтон қорының сатып алулар бойынша Консорциумына Қазақстанның кіруі туралы Меморандумға қол қойылды, бұл Қазақстанның АҚТҚ/ЖҚТБ қарсы жоғары сапалы дәрі-дәрмектерді сатып алуына мүмкіндік береді.



Мемлекет басшысы танымал француз футболшысы, ФИФА мен УЕФА атқарушы комитеттерінің мүшесі М. Платиниді қабылдап, онымен Қазақстанның жер жүзіндегі ірі футболдық құрылымдармен ынтымақтастық перспективаларын талқылады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережені бекіту туралы» №1642 Жарлығына қол қойды.

7 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде алматылық ЖОО ректорларымен кездесті.

Кездесуде Қазақстанның экономикалық жаңғырту контекстінде Қазақстанда жоғары білім беруді дамыту мәселелері талқыланды. Президент ректорлық корпусының алдында шешілуі тиіс міндеттерді айқындап, ЖОО жұмысының басты өлшемі — оның шығарып жатқан мамандарының талап етімділік деңгейі болатындығын атап көрсетті. «Бізге жай ғана мамандар емес, бойларында жоғары азаматтылығы бар, нағыз патриоттар, мемлекеттің саяси тұрақтылығының сақталуы мен гүлденуін қалайтын кәсіпқойлар қажет», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Кездесу соңында Президент университеттің жатақханасында болып, студенттердің тұрмыс жағдайымен танысты.

8 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында Астана және Алматы митрополиті Мефодийді және Қазақстанның орыс қауымы басшылығын қабылдады.



Сол күні Мемлекет басшысы Ф. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында болып, танымал мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесті.

9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында «Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс VIII съезіне қатысты.

Съезде партияның атынан Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына Партия төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын ұсыну және «Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдау халықтық коалициясы» сайлауалды блогын құру туралы шешім қабылданды.

Бағдарламалық баяндама жасаған Н.Ә. Назарбаев съезд делегаттарына көрсеткен сенімдері үшін алғысын білдірді және «Отан» партиясы атынан



Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кандидатурасын ұсынуға келісім бергенін ресми түрде жария етті (Қосымшаны қараңыз).



«Отан» Республикалық саяси партиясы 1999 жылғы 19 қаңтарда құрылып, 1999 жылғы 12 ақпанда тіркелді. Партия төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.

1999 жылғы парламенттік сайлау қорытындысы бойынша Парламент Мәжілісінде 26 орынды иеленді — 30,89% сайлаушылар дауысын жинап, партиялық тізім бойынша 4 орынды иеленіп, партиялар арасында бірінші орынға шықса, бірмандатты округтер бойынша 22 орынды иеленді. 1999 жылдың желтоқсанында парламенттік фракциясын құрды.

2004 жылы парламенттік сайлауда «Отан» Парламент Мәжілісінде 53 орынға ие болды — оның 7-еуі партиялық тізім бойынша, ал 46-сы — бірмандатты округтер бойынша. 2006 жылдың желтоқсанында «Асар» Республикалық партиясымен, Қазақстан азаматтық партиясымен және Қазақстанның аграрлық партиясымен бірігуі нәтижесінде, сондай-ақ кезектен тыс X-шы съездің шешімімен «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы болып қайта құрылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №1643 Жарлығына қол қойды.

12 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстанның II Азаматтық форумына қатысты.

«Қысқа мерзімнің ішінде біз мемлекет пен үкіметтік емес сектордың әріптестік қарым-қатынастарының берік іргесін қаладық, көптеген мәселелердің шешілуіне қол жеткіздік» — деді Президент өз сөзінде. Мемлекет пен ҰЕҰ әріптестігінің болашағы туралы сөзінде Н.Ә. Назарбаев 9 стратегиялық бағыттарды айқындады, солардың ішінде ҰЕҰ-ның білім және денсаулық сақтау реформасына қатысуы, еңбекті қорғау, тұрғындарға таза ауыз судың қолжетімділігі проблемасын шешу, ауыл инфрақұрылымын дамыту, мәдениет саласын қолдау, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік тіл және демографиялық саясатты іске асыру бар (Қосымшаны қараңыз).



Қазақстанның Азаматтық форумы — 2003 жылғы сәуірде Мемлекет басшысының қатысуымен I Азаматтық форум өткізілген сәттен бастап тұрақты негізде өткізіліп тұратын ҰЕҰ республикалық съезі.

Мемлекеттің ҰЕҰ-мен өзара әрекеттестігін кеңейту міндетін Президент алғаш рет 1998 жылғы Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауында айтқан болатын. Басты басымдықтар қатарында мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ-дың өзара әрекетінің

институтталған тетіктерін дамыту, үкіметтік емес сектордың заңнамалық базасын жетілдіру және ҰЕҰ-ды әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға тарту айқындалды.

Осыған байланысты 2000 жылы әлеуметтік серіктестік туралы және 2001 жылы коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдар қабылданды. 2002 жылы 2003–2005 жылдарға арналған ҰЕҰ-ды мемлекеттік қолдаудың республикалық бағдарламасы қабылданды. Министрліктердің әлеуметтік блогында, барлық облыстардың, Астана, Алматы қалалары әкімдіктерінің жанында консультативтік-кеңесшіл органдар құрылды. 2005 жылдың сәуірінде «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңның қабылдануымен ҰЕҰ-ды гранттық негізде әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға тартудың тиімді жүйесі қалыптастырылды.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МҚК болып, елорданың одан арғы құрылысының жаңа жобаларымен танысты.

Мемлекет басшысы Италия Республикасы Үкіметінің төрағасы С. Берлусконимен телефон арқылы сөйлесті. Әңгіме барысында тараптар екіжақты сауда-экономикалық қатынастардың перспективаларын, сондай-ақ С. Берлусконидің Қазақстанға таяу уақытта сапармен келу мүмкіндігін талқылады.

Мемлекет басшысы «Епі S.p.A.» корпорациясының бас директоры П. Скарониді қабылдап, онымен компанияның Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын игеруге одан әрі қатысу мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Латвия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Плесмустан, Моңғолия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Хатанбаатардан, Венгрия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Я. Неметтен сенім грамоталарын қабылдады.

Президент дипломаттарды Қазақстандағы жаңа миссияларының басталуымен құттықтап, ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарына табыс тіледі.

14 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен «Асар» Республикалық партиясының кезектен тыс съезіне қатысты.



Съезд делегаттары Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын ұсынуды бір ауыздан қолдады. Сондай-ақ партияның Саяси кеңесінің «Отан» партиясымен бірлесіп «Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдау халықтық коалициясы» сайлауалды блогын құру туралы үндеуі де бірауыздан қолдау тапты.



«Асар» Республикалық саяси партиясы 2003 жылғы 25 қазанда құрылып, 2003 жылғы 19 желтоқсанда тіркелді. Партия төрағасы — Д.Н. Назарбаева. 2004 жылғы парламенттік сайлау қорытындысы бойынша Парламент Мәжілісінде 4 орынға ие болды, оның 1-і партиялық тізім бойынша және 3-і бірмандатты округ бойынша. 2006 жылы «Отан» Республикалық саяси партиясының құрамына кірді.

Сол күні Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясынан Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кандидат ретінде Орталық сайлау комиссиясы алдында мемлекеттік тілді жетік білетіндігін растады.

Мемлекет басшысы «В.П. Зверьковқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1644, «В.Г. Цыбенконы II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1645 жарлықтарына қол қойды.

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы халықаралық конвенцияға қол қою туралы» №1646 Жарлығына қол қойды.

16 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Д.О. Қуанышевты Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі қызметіне тағайындау туралы» №1647 Жарлығына қол қойды.

21 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Kazakhstan Open» гольфтан I қазақстандық ашық кәсіби турнирінің ашылу рәсіміне қатысты.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы Башқұртстан Республикасының Президенті М.Г. Рахимовқа жазушы әрі ақын М. Кәрімнің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Мұстай Кәрім өз отанында ғана емес, Қазақстанның, Орталық Азияның басқа да республикаларының сүйікті ақыны болған еді. Мұстай-ағаның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады», — делінген жеделхатта.

23 қыркүйек

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Қазақстанның азаматтық партиясының кезектен тыс VI съезіне қатысты.

Съезд делегаттары Н.Ә. Назарбаевты алдағы Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына кандидат ретінде ұсыну шешімін бірауыздан қабылдады. Сонымен қатар Азаматтық партияның «Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдау халықтық коалициясы» сайлауалды блогына кіруі туралы партияның ОК Пленумының шешімі бірауыздан мақұлданды.



Қазақстанның азаматтық партиясы (ҚАП) 1998 жылғы 17 қарашада құрылып, 1999 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Партия ОК бірінші хатшысы — А.Т. Перуашев.

1999 жылғы парламенттік сайлау қорытындысы бойынша Парламент Мәжілісінде 16 орынды иеленді — 2-і партиялық тізім бойынша, 14 орын бірмандатты округ бойынша. 1999 жылдың желтоқсанында парламенттік фракциясын құрды.

2004 жылғы парламенттік сайлауға ҚАП Қазақстанның Аграрлық партиясымен бірге АИСТ (Еңбекшілердің аграрлық-индустриялық одағы) сайлау блогының құрамында қатысты. 2006 жылғы 10 қарашада болып өткен ҚАП VII съезінің шешімі негізінде «Отан» Республикалық саяси партиясының құрамына кірді.

Сол күні Мемлекет басшысы «Кастинг» ЖШС павлодарлық филиалында болып, кәсіпорынның металлургиялық өндірісіндегі инновациялық бағдарламалардың іске асырылу барысымен танысты. «Тағы да бір заманауи өндіріс пайда болып, жаңа жұмыс орындары ашылғаны қуантарлық жайт. Бұл елдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының басты бағыты», — деді



Н.Ә. Назарбаев металлургтермен әңгімесінде. Президент Қазақстанның алдағы ДСҰ-ға кіруі ұлттық экономиканың жетілгендігін тексеретін нағыз сын болмақ, одан әлемдік нарыққа бағдарланған, инновациялық дамуға қабілетті кәсіпорындар ғана өте алады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде болып, студенттер мен оқушыларды қашықтықтан оқыту ұшқыр жобасымен танысты.

26 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласының бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарында болды. Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев «Экотон плюс» ұяшықты бетон өндіру зауытында; мұнай және газ өнеркәсібі, су және жылумен қамтамасыз ету жүйелері үшін жылу өткізбейтін құбырлар шығаратын Қазақстандық жылу өткізбейтін құбырлар зауытында; итальяндық технология бойынша жоғары сапалы ағаштан терезелер мен есіктер әзірлейтін «SHEBER.SC.KZ» кәсіпорнында болды.

Президент сондай-ақ Ақбұлақ өзені арқылы салынып жатқан жаңа көпірдің құрылыс барысымен танысып, тұрғын үй кешендерінің жобалары көрсетілетін «Модел Хаус» астаналық көрме кешенін және оңтүстік корейлық «HighVill» жетекші құрылыс компаниясы пәтерлерінің макеттерін қарап шықты.



Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МҚК баырып, елорданы одан әрі дамыту, жаңа нысандар құрылысы, соның ішінде тұрғын үйлер мен жол-көлік фимараттарын салу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Президентімен кездесу үшін арнайы Алматы қаласынан астанаға келген «Еуразия» II халықаралық кинофестивалінің қатысушылары мен қонақтарын қарсы алды.

Кездесуге атақты грек кинорежиссері, «Еуразия — 2005» кинофестивалі қазылар алқасының төрағасы Т. Ангелопулос, ресейлік кинорежиссерлер В.Ю. Абдрашитов және Е.А. Кончаловский, голливудтық актер Ж.-К. Ван Дамм, актриса Н.У. Аринбасарова, американдық кинопродюсерлер М. Мур және М. Мануэль қатысты.

«Біз Сіздерді жас тәуелсіз мемлекетіміз — 14 жыл ішінде әлемге әйгілі болған және қарқынды дамып



жатқан Қазақстанда қарсы алып отырғанымызға қуаныштымыз. Мен Сіздерді жаңа елордамызды көру үшін арнайы Астанаға шақырдым», — деді Н.Ә. Назарбаев. Президент қонақтарға Қазақстанның экономикалық дамуы, Астана қаласының құрылысы, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы («Культурное наследие») және кинематография саласындағы мемлекеттік саясат туралы айтып берді.



«Еуразия» халықаралық кинофестивалі 1998 жылдан бері Азия, Еуропа, Америка, ТМД және Балтық елдері кинематографистері мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен өткізіліп келеді. Алғашқы төрт фестиваль Алматы қаласында өткізілді. 2008 жылдан бастап кинофестиваль елордамыз Астана қаласына көшіріліп, осында бесінші кинофестиваль болып өтті. Фестиваль аясында Азия мен Еуропа елдерінің толықметражды ойын фильмдерінің негізгі байқауы және Орталық Азия елдерінің кіші байқауы өткізіледі.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №1648, «Т. Цунодзакиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1649 жарлығына қол қойды.

27 қыркүйек

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысын- да жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев Петропавл қаласында болып өткен Қазақстанның Аграрлық партиясының кезектен тыс VI съезіне қатысты.

Съезд делегаттары бірауыздан алда болатын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына сайлауда Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын ұсыну туралы және Аграрлық партияның «Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдау халықтық коалициясы» сайлауалды блогына кіруі туралы шешімді қабылдады.



Қазақстанның Аграрлық партиясы (ҚАП) 1999 жылғы 6 қаңтарда құрылып, 1999 жылғы 16 наурызда тіркелген. Партия төрағасы — Р.Р. Мадиев. 1999 жылғы парламенттік сайлауда Парламент Мәжілісіндегі 6 орынды иеленді — сайлаушылардың 12,63% даусын жинап, партиялар арасында үшінші орынға ие болып, партиялық тізім бойынша 2 орынды, 4 орынды бірмандатты

округ бойынша иемденді. 1999 жылдың желтоқсанында парламенттік фракциясын құрды. 2004 жылғы парламенттік сайлауға ҚАП Қазақстанның Азаматтық партиясымен бірге АИСТ (Еңбекшілердің аграрлық-индустриялық одағы) сайлау блогының құрамында қатысты. 2006 жылғы 10 қарашада болып өткен ҚАП VII съезінің шешімі негізінде «Отан» Республикалық саяси партиясының құрамына кірді.

Сол күні Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесінде болды. Онда Солтүстік Қазақстан облысының егістік алқаптарында жұмыс істейтін отандық және шетелдік техникалардың үлгілері көрсетілді.

Содан кейін Президент күрделі мұнай өндіру техникасын жасайтын «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ-да болып, ҚРАЗ автокөлігі базасындағы мұнай-газ техникаларының, жылу алмастыру жабдығының үлгілерімен, сондай-ақ жаңа ұтқыр бұрғылау қондырғысының макетімен танысты.



28 қыркүйек

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы төралқасының төрағасы Т.А. Мамашевті қабылдап, Астана қаласында Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайының өткізілуі барысы туралы ақпаратын тыңдады.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы халықаралық веложарыс-критериумның ашылу рәсіміне қатысты.

Жарысқа әлемнің үздік кәсіби велошабандоздары, солардың ішінде Олимпиада ойындарының жүлдегерлері және әлем чемпионаттарының жеңімпаздары Қазақстаннан А.Н. Винокуров, Ресейден В. Екимов, Австралиядан М.Б. Джон, Италиядан П. Савольделли қатысты.

«Әлем чемпионаты тәрізді аса маңызды жарыстан кейін біздің шақыруымызды қабыл алып, бұл жарысқа келгендеріңізге ризашылығымызды білдіреміз», — деді Президент спортшыларға арнаған сөзінде. — «Қазақстанда біз әртүрлі спорттардың дамуына назар аударамыз, соның ішінде қазақстандықтар, әсіресе жастар сүйетін велоспортты дамытудамыз». Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ таяу арадағы перспективада Аста-



на қаласында салынатын әлемдік деңгейдегі велотрек құрылысының жоспары туралы ой бөлісті, онда елдің үздік спортшылары жаттығатын болады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1650, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1651 жарлықтарына қол қойды.

29 қыркүйек

Мемлекет басшысы Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайына қатысты, оған жақын және алыс шетелдердегі 32 елден 300 делегат келді.

Отырыс қатысушыларын қарсы ала отырып, Н.Ә. Назарбаев елдің жан-жақты қарқынды әрі үдемелі дамуының символына айналған Қазақстанның жаңа астанасы — Астана қаласында Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы бірінші рет өткізіліп отырғанын атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Отырыста сондай-ақ Ресей, Қытай, Германия, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан делегаттары, олардың ішінде Ресейге еңбегі сіңген экономист Н. Ысқақов; тарих ғылымдарының докторы, Ыстамбұл университетінің оқытушысы А. Кара; Қырғыз Республикасының кардиохирургия институтының директоры, академик С. Жошыбаев және басқалары сөз сөйледі.

Отырыс барысында делегаттар Н.Ә. Назарбаевты Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының төрағасы етіп қайта сайлады.



Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы 1992 жылдан бастап өткізіліп келеді. Оның жұмыс органы 1992 жылы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен құрылған Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы болып табылады.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Корея Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ким Иль Судан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» №77-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» 2005 жылғы 29 қыркүйектегі №1652, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1653 жарлықтарына қол қойды.

30 қыркүйек

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік хатшысының Еуропалық және Еуразиялық істер жөніндегі көмекшісі Д. Фридпен кездесті.

Кездесу барысында екіжақты қатынастардың кең ауқымды мәселелері, атап айтқанда, сауда-экономикалық байланыстардың жай-күйі мен перспективалары, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселелері қаралды.



Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі М. Муттакиді қабылдады.

Кездесуде Қазақстан мен Иранның сауда-экономикалық ынтымақтастығы, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

М. Муттаки Н.Ә. Назарбаевқа Иран Президенті М. Ахмадинежадтың Иранға сапармен келуге шақыруын жеткізді.

Мемлекет басшысы Мұғалімдер күніне орай астаналық «Салтанат сарайында» өткен салтанатты қабылдауға қатысты.

Кездесуге Қазақстанның түкпір-түкпірінен 250-ден аса педагог-новаторлар шақырылған болатын.

«Тек білімі жоғары, дарынды, дана әрі отансүйгіш ұстаз ғана саналы ұрпақ тәрбиелей алады. Ұлы Абай айтқандай, «Адамның адамшылығы — жақсы ұстаздан» болады. Бүгінде ұстаз балаларға білім беріп қана қоймай, ең бастысы, өмір бойы үйренуге де үйретуі тиіс», — деді Н.Ә. Назарбаев елдің ең үздік педагогтарына арнаған сөзінде.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы» №78-III Заңына қол қойды.

ҚАЗАН



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	



1 қазан

Мемлекет басшысы Қарағанды облысының Темір-тау қаласында болып, қаланың 60 жылдық мерейтойына арналған мерекелік іс-шараларға қатысты.

Президент өзінің тапсырмасы бойынша салынған «Миттал» жаңа спорт кешеніне барды, содан кейін Мұз сарайында қала мерейтойына арналған театрландырылған көрсетілімді тамашалады.

«Бұл қала мен үшін өте ерекше, менің 19 жыл өмірім осы қаламен байланысты. Мұнда менің жастық шағым өтті, әлі күнге дейін хабарласып тұратын керемет достарымды таптым. Ал бұл жерде алған өмірлік сабақтарым ше? Олар әрқашан маған көмектесті және әлі де көмектесетін болады. Менің ойымша, елдің басшысы металлургиялық мектептен өтуі керек. Себебі металлургия отты бағындырады, ал ол үшін жоғары тәртіп, ерлік, нақтылық және білім қажет. Міне, сондықтан да мен сол жылдарды менің университеттерім деп атаймын», — деді Н.Ә. Назарбаев теміртаулықтарды құттықтау сөзінде.



2 қазан

Мемлекет басшысы Грузияда ресми сапармен болды.

Президент жүк айналымының 90%-ы мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу болып табылатын Батуми теңіз портының жұмысымен танысты.

3 қазан

Мемлекет басшысы Грузияға ресми сапар барысында осы елдің астанасы Тбилиси қаласында Грузия Парламентінің төрағасы Н. Бурджанадземен кездесті.

Кездесу барысында екі елдің заңнамалық базасының жеке салаларын келісу мәселелері қарастырылды. Өз жағынан Президент Грузия Парламентінің төрағасы мен депутаттарын парламентаралық ынтымақтастықты ретке келтіру үшін Қазақстанға шақырды.

Н.Ә. Назарбаев сонымен қатар «ТұранӘлем банкі» АҚ-мен орындалып жатқан «Иверия» тбилисилік қонақ үйінің қайта қалпына келтірілуінің басталу рәсіміне қатысты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Грузия бірлігі үшін құрбан болған батырлар мемориалына гүл шоқтарын қойды, б.з. VI ғасырда салынған Джвари кресттік монастырінде болды, Грузия және Кавказ маңының

бірегей материалдық және рухани мәдениет ескерткіштері жинақталған Грузия мемлекеттік мұражайының асыл қазынасын көріп қайтты.

Күн соңында Мемлекет басшысы Грузия Президенті М.Н. Саакашвилимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективаларын талқылады, соның ішінде транзиттік-көлік әлеуетін пайдалану, Грузиядағы жекешелендіру үдерісіне қазақстандық бизнестің қатысуы, Қара теңізде демалыс және туризм нысандарын құру мәселелері қарастырылды.

Кездесу қорытындылары бойынша Мемлекет басшылары Бірлескен коммюникеге қол қойды, онда мұнай-газ кешеніндегі байланыстарды одан әрі дамыту, әсіресе негізгі экспорттық «Баку-Тбилиси-Джейхан» құбыры жобасын іске асыру, сондай-ақ Грузияға қазақстандық газды тасымалдау мәселелерін шешуге ынталарын білдірді. Сонымен қатар, өзара азаматтардың жол жүрулерінің үкіметаралық келісіміне және 2006–2010 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастықтың үкіметаралық бағдарламасына, Маңғыстау облысы мен Грузия Республикасының Аджар Автономиясы арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылды.

6 қазан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен «Орталық Азия ынтымақтастығы» (ОАЫ) ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері, су-энергетикалық, азық-түлік және көліктік консорциумдарын құру, сонымен қатар ЖҚТБ-мен күрес жобасын іске асыру жөніндегі өңірлік комитетті құру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, ортаазиялық елдер көшбасшыларының назарында ортақ нарықты қалыптастыру, мәдениет және өнер қайраткерлерінің форумын өткізу мәселелеріне де назар аударылды.

Саммиттің басты қорытындысы қазақстандық және өзбек тараптарының бастамасымен ұсынылған «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымын ЕурАзЭҚ-пен біріктіру туралы шешімі болды.

«ОАЫ жақсы жұмыс жасады, бірақ ЕурАзЭҚ пен ОАЫ мақсаттары толықтай сәйкес болғандықтан,



осындай шешім қабылданды. Посткеңестік кеңістікте интеграциялық бірігулер жаңа сапаға ие. Бұл шешімді дұрыс деп санаймын», — деп мәлімдеді өз ұсынысын дәлелдей келе Н.Ә. Назарбаев.



«Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымы (ОАЫ) — халықаралық аймақтық ұйым.

ОАЫ-ны бекіту туралы келісімге Алматы қаласында 2002 жылғы 28 ақпанда қол қойылды. Жаңа құрылым 1994 жылы құрылған «Орталық Азия экономикалық ынтымақтастығы» тараған Ұйымының құқығын иеленуші. ОАЫ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан кірді. 2004 жылдың 18 қазанында ОАЫ-ға Ресей қосылды.

Мемлекет басшылары мен премьер-министрлер кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ұлттық координаторлар комитеті және Қауіпсіздік қызметі мен күш құрылымдары басшыларының тұрақты жұмыс істейтін кеңесі ОАЫ органдары болып табылады.

2005 жылдың 6 қазанында Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ мен ЕурАзЭҚ-ты біріктіру туралы шешім қабылданды.



Мемлекет басшысы «А.Қ. Жанқұлиевті Қазақстан Республикасының Франция Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1654 Жарлығына қол қойды.

8 қазан

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында өткен «Қазақстан: бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту» Халықаралық симпозиумына қатысты.

Симпозиумға АҚШ Мемлекеттік хатшысының қару-жарақты қадағалау және халықаралық қауіпсіздік жөніндегі орынбасары Р. Джозеф, «Ядролық қауіпті қысқарту бойынша бастама» қорының тең төрағалары С. Нанн мен Т. Тернер, НАТО-ның Парламенттік ассамблеясының төрағасы П. Лелуш, МАГАТЭ-ның Қауіпсіздік шаралары жөніндегі департаментінің директоры К. Мураками, Д. Эйзенхауэр институтының президенті С. Эйзенхауэр қатысты.

«Осы конференцияның өткізілуін мен Қазақстанның қарусыздандыру үдерісінде маңызды рөлге ие болуының айғағы ретінде бағалаймын. Әлемде төртінші ядролық әлеуетке ие бола отырып, одан бас тартып, Қазақстан әлем эпицентріне айналды. Біздің ел қарусыздандыру, экстремизм және лаңкестікпен күрестің жүйелі жақтаушысы болып табылады. Бірақ



жаһандық қауіпсіздік жүйесі әрдайым жетілдіріліп отыруы қажет. Оның шешуші элементі — таратпау режимін дамыту. Бүгінгі таңда Қазақстан мен оның көпұлтты халқы ядросыз әлем үшін өзінің таңдауын қуаттап отыр, осыған өзге елдерді шақыруда», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

10 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Б.С. Әйтімованы қабылдады. Ол білімді дамыту бағдарламасын іске асыру барысы, 2005 жылдың 4 қазанында өткен білім және ғылым қызметкерлері форумының нәтижелері, сонымен қатар отандық ғылымды дамыту болашағы туралы баяндады.

Н.Ә. Назарбаев министрлікке ғылымды жақын болашақта дамыту бағдарламасын қабылдауды тапсырды, бұл ретте гранттық негізде нақты ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды арттыру қарастырылуы қажет.

Мемлекет басшысы Пәкстан Ислам Республикасының Президенті П. Мушаррафқа жер сілкінісі салдарынан қаза болған құрбандарға орай көңіл айту жеделхатын жолдады. «Сіздің еліңіздегі апат пен көптеген адам өмірін әкеткен жер сілкінісі туралы қайғылы хабарды терең өкінішпен қабыл алдым. Қазақстан халқы мен жеке өзімнің атынан Сізге және қаза болғандардың отбасыларына көңіл айтамын», — делінген жеделхатта.

Сонымен қатар Президент Үндістан Республикасының Президенті А. Қаламға жер сілкінісінен қаза болғандарға орай көңіл айту жеделхатын жолдады. «Адамдар өмірлерін жалмаған табиғи апат туралы қайғылы хабарды өкінішпен қабыл алдым. Қазақстан халқы мен жеке өзімнің атымнан Сізге және қаза болғандардың отбасыларына көңіл айтамын», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы «Чжоу Сяопэйді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1655 Жарлығына қол қойды.

11 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресінің Өкілдер палатасының мүшелері Д. Исса мен Л. Санчесті қабылдады.



Әңгіме барысында экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, лаңкестікпен күрес саласындағы өзара қатынастарды нығайту, сондай-ақ Қазақстанда болатын президенттік сайлау мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» компаниясының Басқарма төрағасы әрі бас атқарушы директоры Д. О'Райллиді қабылдап, онымен «Теңізшевройлдағы» өндірістік қуатты арттыру жобасын іске асыру арқылы Қазақстанның мұнай секторына компанияның құятын инвестициясын арттыру мәселесін талқылады. Мұның нәтижесінде Теңіз кен орнындағы көмірсутекті өндіру шамамен екі есеге арттырылмақ.



«Chevron Corporation» — нарықтық капиталдануы жағынан әлемдегі бесінші компания. Ол Қазақстандағы ең үлкен мұнай өндіруші компания болып табылады әрі үш ірі мұнай жобасы — Теңіз, Қарашығанақ кен орындары мен КҚЖ жобаларындағы үлестің айтарлықтай бөлігіне ие.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен «Қазақстан-2030» стратегиясы іс жүзінде халықаралық конференциясына қатысты.

Конференция жұмысына Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметов, Парламент депутаттары, Үкімет пен биліктің аумақтық органдарының мүшелері, жетекші халықаралық сарапшылар, шетелдік және отандық даму институттарының өкілдері, ғалымдар қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев 1997 жылы Қазақстанның Даму стратегиясы қандай сыртқы және ішкі жағдайларда қабылданғанын еске салып, бүгін оның іске асырылуының 8 жылдық нәтижелерін шығара отырып, таңдалған басымдықтардың дұрыстығы мен негізділігін айтуға болатындығын атап өтті. «Бұл — даму жолын көрсететін шамшырақ болды, — деді Президент. — Бүгін біз осы конференцияда үздік тәжірибемізбен бөлісіп, бірлескен іс-әрекеттерімізді талқылауға тағы бір мүмкіндік туып отыр. Сіздердің кәсіби ұсыныстарыңыз бен идеяларыңыз — қазіргі заман алдымызға қойып отырған жаңа міндеттерді белгілеуде пайдасын тигізеді».

Мемлекет басшысы Стратегияны әзірлеу мен іске асыруға қатысқан барлық қазақстандық және шетелдік сарапшыларға алғысын білдірді (Қосымшаны қараңыз).

13 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы К. Райсты қабылдады.

Тараптар халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің кең ауқымды мәселелерін, қазіргі заман қауіп-қатерлерге бірлесіп қарсы тұру мәселелерін талқылады. Тараптар Қазақстанның ДСҰ-ға кіру үдерісі, қазақстандық қоғамды демократияландыру жолдары мен алдағы президенттік сайлау туралы пікір алмасты.



Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Премьер-министрі Ф.Ш. Куловты қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері қаралды. Тараптар үйлестірілген іс-қимылдардың арқасында Қазақстан аумағы арқылы автокөліктер транзитін рұқсаттау жүйесі жойылғанын, кедендік рәсімдер жеңілдетілгенін, Қазақстанның екінші деңгейлі банкттері Қырғызстан экономикасына қаржы инвестициялап жатқанын көңілдері тола атап өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссияның VI отырысының жұмысына қатысты.

Ұлттық комиссия аясында құрылған жұмыс топтарының жетекшілері Президентке Жалпыұлттық демократиялық реформалар бағдарламасы жобасын бүкілхалықтық талқылаудың нәтижелері, Саяси жүйені реформалау мемлекеттік бағдарламасының жобасы, Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы мен елді саяси реформалауды ілгерілету аясында қабылданып жатқан өзге шаралар туралы баяндады.

«Сіздер әр-алуан пікірлер ауқымын жинай алдыңыздар, әрі бұл әртүрлі саяси күштердің диалогы үшін тиімді алаңға айналды. Қазір бұл жұмысты жалғастыру қажет. Халықаралық ұйымдармен, ең алдымен, ЕҚЫҰ-мен белсенді әрекеттесу керек, өзге елдердің тәжірибесін, олардың ұсыныстарын ескеру қажет» — деді өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев.

Президент Ұлттық комиссия базасында Жалпыұлттық демократиялық реформалар бағдарламасымен жұмыс жасау үшін Мемлекеттік комиссия құруға тапсырма берді.





Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия — Қазақстанның саяси дамуының маңызды мәселелері жөніндегі жалпыұлттық сұхбатты дамыту мақсатында құрылған консультативтік-кеңесшіл орган. Комиссия Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия туралы» 2004 жылғы 2 қарашадағы №1467 Жарлығымен бекітіліп, 2002 жылдың қарашасынан бері жұмыс істеп келе жатқан Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңестің базасында құрылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы №1513 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1656 Жарлығына қол қойды.

14 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Әділет министрі З.Я. Балиеваны қабылдады. Ол министрліктің 2005 жылдың 9 айындағы қызметінің қорытындылары және заң жобалары жұмыстарының жоспары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Біріккен Араб Әмірліктерінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Ибрахим Хасан Сейф бен Рабех әл-Әлиден және Еуропалық комиссияның Қазақстандағы Өкілдігінің басшысы А.Х. Ван дер Мейерден сенім грамоталарын қабылдады.

Президент сондай-ақ өкілеттіктерінің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы ҚХР Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжоу Саопейді және Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Т. Цунодзакиді қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев Т. Цунодзакиге Қазақстан мен Жапония арасындағы екіжақты қатынастарды нығайту мен дамытуға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапаттады және оған дипломатиялық қызметінде жаңа жетістіктер тіледі.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан

Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №79-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ғ.Р. Әбдірахымов туралы» №1657, «З.Қ. Тұрысбековті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1658, «Б.Ә. Мұхаметжановты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №1659, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы №280 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1660 жарлықтарына қол қойды.

15 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға Р. Никсон атындағы орталықтың «Жыл адамы» халықаралық сыйлығын Н.Ә. Назарбаевқа тапсыру үшін жеке сапармен келген 1973 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты, Америка Құрама Штаттарының бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Г. Киссинджерді қабылдады.

17 қазан

Мемлекет басшысы «Еуразия» гуманитарлық зерттеу орталығының жетекшісі М.Ж. Жолдасбековті қабылдады. Ол орталықтың қызметі мен жоспарланып отырған жобалар туралы, атап айтқанда, «Елтұтқа» кітабының бірнеше томын шығаруды жалғастыру мен «Тәуелсіздік және тұлға» үштомдық монографиясының шығарылуы туралы айтып берді.

18 қазан

Мемлекет басшысы бұл күні Астана қаласында өткен «Толеранттылық арқылы — рухани бірлікке» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысушыларды қабылдады.

Кездесуге Бас мүфти, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Әбсаттар қажы Дербісәлі; Астана қаласындағы Әулие Мария Рим-католиктік архиепархиясының Архиепископ Митрополиті Т. Пэта; Қазақстанның Бас раввині Е. Коген; Астана округі шіркеулерінің, Константин-Еленин кафедралды шіркеуінің бастығы Архимандрит Серапион; Христиан адвентистері жетінші күн шіркеуі Солтүстік Қазақстан конференциясының президенті Д. Павелко; ғалым-арабанушы, Құранды орыс тіліне аударған В.М. Порохов қатысты.

«Осы заманғы әлемде даулар белең алуда, олардың көпшілігі діни факторды пайдалану әрекеттерімен байланысты. Сонымен қоса дінаралық даулар қазір де, болашақта да болмай қалмайтыны анық. Лаңкестік пен экстремизм адам өмірінің құндылығын, қандай да бір шектерді мойындамайды. Сондықтан, лаңкестік пен экстремизмнен мықты қорғану жүйесін құру аса маңызды болып табылады, бұл мемлекеттік органдардың, барлық қоғам мен рухани көшбасшылардың жаплы міндеті болып табылады», — деп ерекше көңіл аударды Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Б.М. Имашевты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1661 Жарлығына қол қойды.

21 қазан

Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық корпустың өкілдерімен кездесті.



Сол күні Мемлекет басшысы «Лукойл» ААҚ президенті В.Ю. Алекперовты қабылдады. Ол «Лукойлдың» Қазақстанда іске асырып жатқан жобалары, компанияның инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі алдағы жоспарлары туралы ақпарат берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №80-III, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына норма шығару қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №81-III, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімді бекіту туралы» №82-III заңдарына қол қойды.

22 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қайта құру және даму

банкі арасындағы Техникалық жәрдемдесу мен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімді бекіту туралы» №83-III, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №84-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру туралы» №1662 Жарлығына қол қойды.

23 қазан

Мемлекет басшысы Республика күні қарсаңында жетекші республикалық бұқаралық ақпарат құралдары — «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің және «Қазақстан» РТРК, «Хабар» агенттігінің журналистеріне сұхбат берді.

25 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Республика күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

«Бүгін — еліміздің аса маңызды мерекелерінің бірі. Маңызды болатыны, осыдан он бес жыл бұрын Мемлекеттік егемендігіміз туралы декларацияны қабылдап, көпұлтты әрі көпконфессиялы мемлекет ретінде өзіміздің даму жолымызбен жүруді бастадық. Бұл күн Қазақстанның тәуелсіздігін жария етуге негіз болды», — деді Президент өз сөзінде.



26 қазан

Мемлекет басшысы сенімді өкілдерімен, алдағы президенттік сайлауда іс басындағы Мемлекет басшысының кандидатурасын қолдау үшін құрылған Республикалық қоғамдық штабының белсенділерімен кездесті.

Кездесуге Штаб мүшелері — «Отан» Республикалық саяси партиясы төрағасының міндетін атқарушы Б.Т. Жұмағұлов, Қазақстан аграрлық партиясының төрағасы Р.Р. Мадиев, Қазақстан азаматтық партиясы ОК бірінші хатшысы А.Т. Перуашев, Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Н.М. Оразалин, КСРО Халық әртісі Ә.М. Дінішев, Сидней қаласындағы 2000 жылғы Олимпиада ойындарының жеңімпазы О.В. Шишигина, «Семейцемент» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Е.Н. Әпсәлімов және т.б. қатысты.

Н.Ә. Назарбаев кездесуге қатысушыларға, олардың атынан барлық сайлау науқанында жұмыс жасағандарға, іс басындағы Мемлекет басшысының бағытын қолдайтын барлық қазақстандықтарға алғысын білдірді. «Менің осы сөздерімді шалғайдағы барлық жақтастарыма жеткізіңдер», — деді Президент.

Өз кезегінде сенімді тұлғалар Президентке орталық және округтік штабтардың жұмысы мен олардың үгіт науқанын жүргізуге толықтай дайын екендігін хабарлады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесті.

Кездесуге Қазақстанның барлық өңірлерінен ардагерлер кеңестерінің 40-тан астам өкілдері қатысты.

«Сіздердің қырау шалған самайларыңызда даналық пен өмір сүрген жылдардың тәжірибесі бар. Сіздер соғыс шебі мен тылда қатал өмір мектебінен өтіп, елді қалпына келтіріп, соғыстан кейінгі жылдардың жоқшылығы пен азабын тарттыңыздар. Сіздер бейбітшілік пен келісімнің бағасын білесіздер», — деді Президент кездесудің ашылуында сөйлеген сөзінде.

Кездесуде сондай-ақ Қазақстанның Республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Р. Сағдиев, Алматы ардагерлер кеңесінің төрағасы Е. Шайхутдинов, Шығыс Қазақстан ардагерлер кеңесінің төрағасы Н. Воронин, Оңтүстік Қазақстан ардагерлер кеңесінің төрағасы Н. Кабиrow, Ижевск өндірістік кооперативінің төрағасы І. Жанғоразов, Еңбек ардагері Н. Рыжих, соғыс және еңбек ардагері, Социалистік Еңбек Ері Б.Ә. Әшімов сөз сөйледі.

Кездесу соңында Б.Ә. Әшімов 1,5 млн. қазақстандық ардагерлердің атынан Н.Ә. Назарбаевқа батасын беріп, «Ардагерлер алдағы сайлауда Сізге қолдау көрсетеді. Қазақстандықтар өз Президентіне сенеді және оның соңынан ереді», — деп мәлімдеді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «KAZSAT» байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №85-III, «Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы арасындағы Қауіпсіздік туралы келісімді бекіту туралы» №86-III заңдарға қол қойды.

27 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік пен прогресс сыйлығын елімізге Н.Ә. Назарбаевтың шақыруы бойынша келген Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевке табыс етті.

Марапаттау рәсімінде Президент М.Ш. Шаймиевтің қазақстандық-ресейлік ынтымақтастықты дамытуға қосқан зор үлесін ерекше атап көрсетті. «Осы аласапыран жылдары Сіз көпұлтты Татарстанда тұрақтылықты сақтап қалдыңыз, халықты біріктіріп, ең үздік экономикалардың бірін құрдыңыз. Сондықтан да арнайы комиссия Сізге бейбітшілік, келісім мен достықты нығайтқаныңыз үшін Қазақстанның жоғарғы наградасын тапсыруға шешім қабылдады», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы бейбітшілік және халықтар арасындағы достықты, өзара сенімді, мемлекетаралық қатынастарда теңдік пен бірдей қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған белсенді қызметі үшін; қоғамдық және ұлтаралық келісімді орнықтыруға, Республиканың көпұлтты халқының бірлігін нығайтуға қосқан ерекше үлесі үшін; Қазақстан ұлттары мен ұлыстарының мәдениеті мен тарихи дәстүрлеріне деген құрметті қалыптастыратын терең ойлы публицистикалық шығармалар үшін беріледі. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған адамдарға «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты» атағы беріледі, диплом, омырау белгісі, куәлік және ақшалай сыйақы тапсырылады.

Мемлекет басшысы Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Я. Кубишті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Еуропалық Одақтың өзара қарым-қатынасының жай-күйі мен перспективасы, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі, алда болатын президенттік сайлау туралы мәселелерді талқылады.



Мемлекет басшысы Л. Качиньскийге Польша Республикасының Президенті лауазымына сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

«Көптеген халықтар, соның ішінде поляктар да бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан

Қазақстанда поляк халқымен көпжақты достық қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға ерекше мән беріледі. Сіздің президенттік кезеңіңізде елдеріміз арасында саяси, сауда-экономикалық, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық және өңіраралық салалардағы ынтымақтастықты белсендіруге жаңа мүмкіндіктер ашылатынына сенімдімін», — делінген жеделхатта.

28 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің II-ші Конгресіне қатысты.

«Мен бизнесті нарыққа қарай алғашқы қиын қадамдарынан-ақ қолдадым және уақыт өте келе кәсіпкерлер реформалардың тірегі мен мәні болатынына үлкен үміт арттым. Біздің бүгінгі міндетіміз — Қазақстанды жоғары өмір стандарттары бар әлемнің қарқынды дамушы еліне айналдыру. Бұл мақсат отандық экономиканың, атап айтқанда, кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды талап етеді. Жеке сектор неғұрлым мықты болса, соғұрлым мемлекет те мықтырақ болмақ. Сондықтан, мемлекет пен бизнестің күшін біріктіруде басқа балама жоқ», — деп атап өтті Президент.

Мемлекет басшысы билік пен бизнес-қоғамдастық әріптестігінің жаңа идеологиясының пішінін белгілеп, оны «үш кит» деп атады: экономикалық әріптестік, әлеуметтік жауапкершілік және азаматтық ұстаным.

Жаңа идеологияға сәйкес Н.Ә. Назарбаев алдағы жылдары мемлекет пен бизнестің бірлесіп шешуі тиіс 5 негізгі міндеттерді ұсынды.

Олардың ішінде — мемлекет тарапынан шағын бизнесті дамытуға барынша ықпал жасау, барлық деңгейлерде бизнес пен мемлекет арасындағы сұхбат тетіктерін жетілдіру, жеке меншікті қорғау, отандық кәсіпкерлерді экспорттық өнім, тауарлар мен қызметтерді өндіруге бағдарлау, елде қолайлы бизнес-климат жасау бар (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы «Д.Ә. Бердәлиевке I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1663, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жанындағы Тұрақты кеңестегі Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілі туралы ережені бекіту туралы» №1664 жарлықтарына қол қойды.

31 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан кәсіподақтар федерациясының кезектен тыс XXI-ші съезіне қатысты.

«Жаңа Қазақстанның құрылуының ең қиын жылдарында мен кәсіподақтар тарапынан өзімнің бірізді әрі іскер жақтаушыларымды тапқанымды ерекше атап өткім келеді. Бірге біз біртұтас ел және жоспарлы экономиканың құлдырауымен қатар жүрген еңбек пен әлеуметтік дауларды еңсере алдық. Біз тәуелсіз мемлекеттік құрдық, халықтың бірлігін сақтап, өтпелі кезеңнің реформаларын табысты жүзеге асырдық. Қазақстан сенімді өсім мен даму траекториясына шықты. Мен сіздерге маған және жүргізіп жатқан саясатыма көрсеткен қолдауларыңыз үшін алғысымды білдіремін», — деді Президент өз сөзінде.

Мемлекет басшысы кәсіподақ қозғалысының алдына мемлекеттің, жұмыс берушілердің және кәсіподақтардың бірлесіп әрекеттесуін талап ететін жаңа міндеттерді қойды. «Елдің кәсіподақтары мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жасап, іске асыруға қатысуы қажет», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

Елдің барлық өңірлерінен жиналған, экономиканың барлық салалары мен әлеуметтік салалардан келген 300-ден астам делегат — съезд қатысушылары өз тараптарынан барлық кәсіподақтар мүшелеріне, Қазақстанның барлық еңбекшілеріне арнап Үндеу қабылдап, онда Н.Ә. Назарбаевқа алдағы президент сайлауында толықтай қолдау көрсететіндігін мәлімдеді.



Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының президенті, Америка Құрама Штаттары Конгресінің мүшесі А. Хастингсті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту мәселелері талқыланды және ЕҚЫҰ мүше мемлекеттерде бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудың маңыздылығы атап өтілді.

ҚАРАША



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС президенті В.С. Кимді, сонымен қатар халықаралық қаржы ұйымдарының, банктердің және инвестициялық-сақтандыру қорларының басшыларын қабылдады.

В.С. Ким корпорацияны Лондонның қаржы қорына шығару бойынша атқарылған жұмыстар пен алдағы жоспарлары туралы хабарлады. Кездесуге қатысқан лорд Р. Ренвик Н.Ә. Назарбаевқа Ұлыбританияның Премьер-министрі Т. Блэрдың жеке жолдауын табыс етті, онда «Мен «Қазақмыс» акцияларын Лондонның қор биржасында бастапқы орналастырудың табысты өткізілуі туралы хабарды қуана қабыл алдым, бұл Қазақстанның минералдық-шикізат кешенін дамытуға бірнеше жүз миллион доллар инвестициялар тартуға мүмкіндік берді. Табысты листинг әлемдік инвесторлардың Сіздің еліңіздің орасан зор әлеуетіне, оның минералдық ресурстарына үлкен қызығушылығын туғызды, инвестицияларды тарту Қазақстанның алдағы қарқынды экономикалық дамуын қамтамасыз етеді», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы елімізге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шақыруымен келген Еуропа Парламенті төрағасының бірінші орынбасары А. Видал-Квадрасты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен ЕО ынтымақтастығын кеңейту мәселелері, қазақстандық энерготасымалдаушыларды Еуропаға жеткізуді әртараптандыру болашағы, сондай-ақ халықаралық және өңірлік қауіпсіздік проблемалары талқыға салынды.

А. Видал-Квадрас Президентке Еуропа Парламенті Төрағасының ресми жолдауын және Испания Королі І Хуан Карлостың жеке жолдауын табыс етті.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Алатау» спорт сарайында ашылған «Индустриялық-инновациялық Қазақстан» көрмесін аралады.

Президент ұлттық инновациялық жүйеге, ғарыш саласына, металлургияға, өңдеуші өнеркәсіпке, машина жасауға, жоғары технологиялық өнімдерді өндіру мен өнеркәсіптің басқа салаларына арналған экспозициялар мен стенділерді қарап шықты.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы №1268 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №1665 Жарлығына қол қойды.

2 қараша

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Шымкент қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің авиациялық базасына барып, СУ-25 ұшағының тактикалық-техникалық сипаттамаларымен танысты, тренажерлік кешен мен Ұшу аппараттарының электрондық құралдарын қалпына келтіру орталығын аралады.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Шымкент қаласында өткен ІІ-ші Бүкіләскери кеңестің жұмысына қатысты.

Президент өз сөзінде Қарулы Күштер алдына 9 басым тапсырмаларды қойды, олардың қатарында Қарулы Күштердің тиісті жауынгерлік деңгейін және жалпы мемлекеттің қорғанысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету, қарулар мен әскери техниканың сапалы жағдайын қолдау, тиімді әрекеттестік пен өңірлік күштердің біріктіру, әскерлерді құрудың келісім-шарттық негізіне кезеңмен көшу, лаңкестікпен және экстремизм көріністерімен күрес мәселелерінде күш министрліктері мен ведомствалардың әрекеттесуін әрі қарай жетілдіру, әскери ғылым жетістіктері мен жаңа технологияларды тиімді қолдану, әскери білімді дамыту, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар орын алғанда, әскерлерді қолданудың жоспарлануын жетілдіру, әскерилердің өмір сапасын жақсарту бар.



Сол күні Мемлекет басшысы «ИнтерКомШина» АҚ шина зауытында болды, сондай-ақ Шымкент қаласындағы «Меланж» АҚ-ның тоқыма және мақта-мата өндіретін жетілдірілген кәсіпорынды іске қосу рәсіміне қатысты.

3 қараша

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Сарыағаш қаласында болып, онда қалалық орталық «Абдул Хамид Кат-

тани» мешітінде мерекелік намазға қатысты және Қазақстанның барша мұсылмандарын Ораза айт мерекесімен құттықтады.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев «Алтын күз» ауылшаруашылық жәрмеңкесіне қатысқан Сарыағаш ауданының тұрғындарын күзгі дала жұмыстарының аяқталуымен құттықтады.

Президент сондай-ақ Мақтаарал және Сарыағаш аудандарының арасын қосатын «Оңтүстік қақпа» автожол көпірінің және бекетінің құрылысы мен қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты, Келес өзені арқылы өтетін жаңа көпір үстімен жүріп өтті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Шымкент қаласының жастарымен кездесті.

4 қараша

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Кентау қаласына барып, қуатты майлы трансформаторлар мен кешендік трансформаторлық подстансаларды шығаратын Қазақстандағы жалғыз кәсіпорын — «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-нда болды; Кентау қаласының ардагерлерімен, сондай-ақ қаланың №16 мектеп-лицейінде ұстаздар ұжымымен кездесті.



7 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, Қазақстандағы жер сілкіністерінің сейсмикалық қаупі мен болжамы мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңеске Алматы қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетов, орталық және жергілікті атқарушы органдар, органдардың басшылары, ғалымдар қатысты. Президент Қазақстан үшін сейсмикалық қауіп мәселесінің маңызды екендігін атап айтты, себебі оның үштен бір бөлігі сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан. Осыған орай Н.Ә. Назарбаев қазіргі заманғы мониторинг жүйесін құру, жер сілкінісінің алдын алу және салдарын азайту бойынша 4 басым бағытты белгіледі. Атап айтқанда, бұлар: республикалық бірыңғай сейсмикалық бақылаулар жүйесін түбегейлі жаңғырту, оны техникалық жағынан дамыту және бағдарламалық-математикалық қамсыздандыру; сейсмология саласында іргелі және қолданбалы

зерттеулерді дамыту, күшті жер сілкіністерін болжаудың жаңа әдістерін әзірлеу, жер сілкіністерінің салдарын жоюға күштер мен құралдардың әзірлігін қамтамасыз ету; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мәселелерінде халықаралық тәжірибені тиімді қолдану.

Кездесу нәтижелері бойынша Президент Үкіметке жер сілкіністерінің алдын алу бойынша бағдарламаны, сонымен қатар табиғи (дүлей) апаттар орын алған жағдайда, іс-қимылдарды үйлестіру бойынша шаралар кешенін жасауды тапсырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы метрополитенінің бірінші кезегінің құрылысы барысымен және «Алматы ауласы» бағдарламасы аясында «Самал-1» ықшам ауданы ауласын абаттандыру нәтижелерімен танысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» №1666, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі №3120 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1667, «К. Хигучиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1668, «Б.Қ. Әміреев туралы» №1669, «Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі Д.О. Қуанышевты Қазақстан Республикасының Словения Республикасындағы, Хорватия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы етіп тағайындау туралы» №1670 жарлықтарына қол қойды.

8 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Иордания Королі Абдалла II бен Хусейн бен Талалмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар мәдени байланыстарды әрі қарай дамыту, сонымен қатар екі ел арасында көліктік даму



және экономикалық ынтымақтастықтың басым салаларын белгілеу мәселелерін қарастыратын екіжақты экономикалық комиссия құру туралы келісімдерге қол жеткізді.

Король Абдалла II бен Хусейн бен Талал Н.Ә. Назарбаевты Иорданияға кез келген өзіне ыңғайлы уақытта сапармен келуге шақырды.

Келіссөздер қорытындылары бойынша мәдениет саласында ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге, сонымен қатар Астана және Амман қалаларын бауырлас қалалар деп табу туралы меморандумға қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1671 Жарлығына қол қойды.

10 қараша

Мемлекет басшысы Ресей Сыртқы экономбанкінің төрағасы В.А. Дмитриевті қабылдады.

Кездесуде бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндіктері, Қазақстанды одан әрі инвестициялық дамыту үшін шетелдік ресурстарды тарту, сондай-ақ Сыртқы экономбанк, Қазақстанның даму банкі, Қытайдың мемлекеттік даму банкі базаларында банкаралық одақ құру перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қытай ұлттық мұнай-газ компаниясының президенті Чэнь Гэнді қабылдады.

Кездесу барысында «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырының құрылысын аяқтау, компаниямен «PetroKazakhstan Inc.» акцияларының бақылау пакеттерін сатып алу мәселелері талқыланды.



ҚХР-ның бұрынғы мұнай өнеркәсібі министрлігінің базасында құрылған Қытай ұлттық мұнай-газ компаниясы әлемнің ең ірі мұнай компанияларының ондығы қатарында және Қазақстанның мұнай-газ саласының басты инвесторларының бірі болып табылады. Компания Маңғыстау облысындағы кен орнын игеруге, «Кеңқияқ-Атырау», «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырларының құрылысын салуға, «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырының құрылысы бойынша техника-экономикалық негіздемесін жасауға қатысады. 1997 жылдан бастап компания Қазақстан экономикасына 2 млрд. доллардан аса инвестиция құйды.

Мемлекет басшысы «Merrill Lynch Europe» инвестициялық компаниясының бас басқарушы директоры Э.С. Газитуаны қабылдап, компанияның қазақстандық экономиканы инвестициялауға қатысуы туралы ұсынысын тыңдады.

Мемлекет басшысы Иордания Королі Абдалла II бен Хусейн бен Талалға ел астанасы Амман қаласында лаңкестік әрекеттің салдарынан адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Бұл жан түршігерлік оқиға халықаралық терроризммен күресті күшейтуге үндейді. Қазақстан халқының атынан және жеке өз атымнан жақындарынан айрылған барлық отбасыларына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын», — делінген жеделхатта.

Сол күні Президент Иордания Королімен телефон арқылы келіссөздер жүргізіп, оның барысында Қазақстанның иордандық халыққа жан-жақты көмек көрсетуге әзір екендігін жеткізді.

11 қараша

Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында бірқатар кездесулер өткізді.

Украинаның Жоғарғы Рада төрағасы В.М. Литвинмен әңгіме барысында екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективалары, сонымен қатар 2005 жылдың 17–18 қарашасында Қазақстан Президентінің Украинаға ресми сапары туралы пікір алмасты.

Азиялық даму банкінің президенті Х. Куродамен Н.Ә. Назарбаев екіжақты және өңірлік экономикалық ынтымақтастық мәселелерін, Қазақстанның жеке секторы мен инфрақұрылымын дамыту бағдарламасын, сонымен қатар Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қытай, Ресей, Әзірбайжан және Моңғолия елдері мүше болып табылатын Ортаазиялық өңірлік ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру барысын талқылады.

«Газпром» ААҚ басқармасының төрағасы А.Б. Милермен болған кездесуде ресейлік және ортаазиялық газдың Қазақстан аумағы арқылы тасымалдануын арттыру, сонымен қатар бірлескен маркетингтік саясатын әзірлеу мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А.С. Есі-



мовті қабылдап, ол 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасын іске асыру қорытындылары туралы баяндады.

Сол күні Мемлекет басшысы телефон арқылы Украина Президенті В.А. Ющенкомен 2005 жылдың 17–18 қарашасында Н.Ә. Назарбаевтың Украинаға ресми сапарына қатысты мәселелер туралы және Грузия Президенті М.Н. Саакашвилимен қазақстандық газдың Грузияға жеткізілуін арттыру мәселелері туралы сөйлесті.

14 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен самбодан XXVIII әлем чемпионатына қатысып, жарыстың бірінші күнінің жеңімпазы, самбодан екі дүркін әлем чемпионы А. Шахаровқа алтын медальды өз қолымен тапсырды.

15 қараша

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сиюннен және Жапония императоры Акихитоның жеке сәлемін жеткізген Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Т. Итодан сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1672 Жарлығына қол қойды.

16 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетовті қабылдады. Ол республикалық бюджеттің 2006 жылғы басты параметрлері, сондай-ақ Алматы қаласында Өңірлік қаржы орталығын құру туралы, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату, лицензиялау туралы заң жобаларының әзірлену барысы туралы баяндады.



17 қараша

Мемлекет басшысы Украинада ресми сапармен болды.

Сапар Днепродзержинск қаласына барудан бас-талды, онда Н.Ә. Назарбаев Днепродзержинск жоғарғы кәсіптік училищесінде болып, оқу орнының 80-жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысты.

«Мен өзімнің жастық шағым өткен қалаға келгеніме қуаныштымын. Мен осында білім алып, кәсіптің ежелерін меңгердім, өмірлік достарды таптым. Сондықтан мен Украинаға әрбір келген сайын сіздің қалаңызға барғым келеді, сіздердің қалай өмір сүріп жатқандарыңызбен көбірек танысқым келеді, қандай өзгерістер болып жатқанын білгім келеді... Днепродзержинск мен үшін алғашқы махаббатыммен тең», — деді Қазақстан Президенті.



Сол күні Мемлекет басшысы Днепродзержинск металлургия комбинатында болып, домна цехы мен көрікшінің көмекшісі болып жұмыс істеген №7 пешті қарап шықты.

«Мен үшін металлург кәсібіне алғашқы қадамдарымды жасаған сіздің кәсіпорныңызда болу ерекше қымбат. Осы уақытта мұнда көп нәрселер өзгерді. Сіздердің өткен жылдардың экономикалық құлдырауын еңсеріп, ырғақты жұмысты тәртіпке келтіре алғандарыңыз үшін қуаныштымын. Осы жетістіктеріңіздің негізінде сіздің жанкешті еңбегіңіздің жатқаны анық. Ал металлургтың еңбегі туралы мен өзім жақсы білемін», — деді Н.Ә. Назарбаев комбинат ұжымының алдында сөйлеген сөзінде.



18 қараша

Мемлекет басшысы Украинаға ресми сапары барысында осы елдің астанасы Киев қаласында Украинаның Жоғарғы Радасында болып, депутаттар алдында сөз сөйледі.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде украиндік парламентарийлерді Қазақстанда тәуелсіздік жылдары іске асырылған экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар тәжірибесімен, қазіргі жағдайы және перспективалық жоспарларымен таныстырды. Қазақстан-Украина ынтымақтастығы мәселелерін қозғай отырып, Мемлекет басшысы құрылып жатқан Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украинаның Бірыңғай экономикалық кеңістігінің зор әлеуетін ерекше атап өтті.

Екі ел арасындағы достық қатынастарды нығайтудың маңыздылығын атай отырып, Президент

Қазақстандағы Украина жылы және Украинадағы Қазақстан жылын өткізу туралы ұсыныс жасады.

Сол күні Мемлекет басшысы Украина Президенті В.А. Ющенкомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екі елдің энергетика, көлік коммуникациялары, тауар алмасу мен инвестициялар тарту салаларында ықпалдасу мәселелерін талқылады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның украиналық мұнай құбырлары мен газ құбырларын, сонымен қатар Каспий мұнайын еуропалық нарықтарға тасымалдау үшін теңіз порттарын дамытуға мүдделі екендігін атап өтті. Бұл ретте болашақта «Броды-Плоцк» учаскесіндегі кеңейтілуімен «Одесса-Броды» мұнай құбыры елеулі рөл атқаруы мүмкін.

Мемлекет басшысы Украинаның «Дружба» және «Адрия» мұнай құбырларының ықпалдасуы бойынша ынтымақтастық туралы келісіміне Қазақстанның қосылуына жәрдем етуін және Донузлав көлінің аймағында халықаралық порт құру бойынша жобасын іске асыру ниетін құптады.

Келіссөздер нәтижелері бойынша Қазақстан және Украина президенттерінің Бірлескен мәлімдемесі қабылданып, көлік секторында, агроөнеркәсіп кешенінде, әуеғарыштық қызметте және отын-энергетика саласында ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған 2006–2007 жылдарға арналған Қазақстан-Украина Іс-қимыл жоспарына («Жол картасы») қол қойылды. Сонымен қатар әскери-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім, Алматы облысының әкімдігі және Киев облыстық мемлекеттік әкімшілігі арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөнінде Келісім, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Т.Г. Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті арасында өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды.

Осыдан кейін журналистерге арналып өткізілген брифингте мемлекет басшылары Қазақстандағы Украина жылы мен Украинадағы Қазақстан жылының өткізілетіндігі туралы мәлімдеді.

19 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Грузия Премьер-министрі З. Ногаиделиді қабылдады.

Кездесу барысында энергетика, туризм, көлік инфрақұрылымы, қазақстандық компаниялардың Грузиядағы инвестициялық жобалары салаларындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

21 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Отырыстың күн тәртібіне елдің 2005 жылдың 10 айында әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері, 2003–2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясының бірінші кезеңін және 2005–2007 жылдарға арналған Мемлекеттік тұрғын-үй құрылысын дамыту бағдарламасын іске асырудың қорытындылары шығарылды. Сонымен қоса 2005 жылдың 10 айында республикалық бюджетті орындау нәтижелері қаралды.

Кеңесті қорытындылай отырып, Мемлекет басшысы Үкімет басшылығымен қозғалған Алматы қаласында қаржы орталығын, Ұлттық холдингтік компанияны, «электрондық үкіметті», мұнай-химия кешенін құру, елдің оңайлатылған салық жүйесін жасау мәселелеріне жан-жақты тоқталды.

Президент үкіметке Қазақстанның 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясын және «Концессия туралы» заңының жобасын әзірлеуді, сонымен қатар ортамерзімді кезеңге мемлекеттік және жекеменшіктік әріптестікті дамыту бойынша іс-қимылдар жоспарын қабылдауды тапсырды.

Н.Ә. Назарбаев Үкімет мүшелерінің назарын Алматы қаласында қаржы орталығын, ұлттық холдингтік компания мен мұнай-химия кешенін құруға, сонымен қатар елдегі салық салу жүйесін жеңілдетуге аударды.

Сөзінің аяғында Мемлекет басшысы келесі жылдың басында барлық деңгейлердегі әкімдер халық алдында атқарылған жұмыстары туралы есеп берулері тиіс екендігін еске салды.



Мемлекет басшысы облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдерімен кеңес өткізді.

Президент облыстарды әлеуметтік-экономикалық дамыту, инновациялық және тұрғын үй бағдарламаларын жедел іске асыру мәселелеріне әкімдер назарын аударды.

Мемлекет басшысы «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» №87-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1673, «Қазақстан Республикасы жергілікті соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1674 жарлықтарына қол қойды.

22 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XI сессиясына төрағалық етті.

«Биылғы жылы біздің Ассамблеямызға 10 жыл толды! Бейбітшілік, келісім мен жасампаздықтың 10 жылы. Дәл осы Ассамблея біздің мемлекеттік ұлттық саясатымыздың тарихында жаңа бетті ашып, әлемдік тәжірибеде «ұлттық мәселені» шешуге жол салды», — деді Президент өзінің «Бейбітшілік, ұлтаралық келісім мен жасампаздықтың 10 жылы» баяндамасында.

Н.Ә. Назарбаев «осы 10 жыл біздің тарихымызға аянбай еңбек ету, тынымсыз ізденіс пен елді дағдарыс әлегінен алып шығып, ауқымды қираудан аман қалуға жол бермеген ерекше шешімдерді қабылдау жылдары ретінде енеді» деді. Этникааралық келісім конфессияаралық диалогсыз болуы мүмкін емес, тиісінше, Қазақстандағы екі ең ірі конфессияларға құрмет көрсете отырып, Мемлекет басшысы мұсылмандардың мейрамы Құрбан айт пен православиелік Рождествоның алғашқы күндерін мерекелік демалыс күндері ретінде тануды ұсынды (Қосымшаны қараңыз).



Қазақстан халықтары Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған болатын.

Этникааралық мәселелер жөніндегі қоғамдық институтты құру идеясын алғаш рет Мемлекет басшысы 1992 жылы Қазақстан халықтарының I Форумда жариялады.

Ассамблея міндеттері Қазақстанда этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, рухани мәдени жаңаруға және оның аумағында өмір сүретін этностарды теңқұқылық принципін сақтау негізінде дамытуға жәрдемдесу, этникалық мүдделердің көптүрлілігін ескере отырып, мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Ассамблея құрылымына сондай-ақ барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында әрекет ететін және әкімдер жанында консультативтік кеңесші орган мәртебесін иеленген Кіші Ассамблеялар да кіреді.

2007 жылғы 21 мамырдағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді, конституциялық мәртебеге ие болды, өздерінің өкілдерін Парламент Мәжілісіне ұсынуға мүмкіндік алды.

2007 жылғы 20 тамызда Ассамблеядан Мәжіліске 9 депутатты сайлау болып өтті.

2008 жылдың қазанында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы — Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №88-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №89-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №90-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қ.Қ. Әбдірахмановқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1675 Жарлығына қол қойды.

23 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, қалалық әкімдік қызметкерлерімен кеңес өткізді.

Президент алматылықтардың қала мен өңірдің әлеуметтік және экономикалық даму мәселелерін шешу, сонымен қатар Алматы қаласының гуманитарлық және мәдени әлеуетін арттырудағы табыстарын көңілі тола атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында барлық Орталық Азияның ірі қаржы орталығын құру үшін қолданып жатқан шараларға ерекше мән берді, барлық мүдделі мемлекеттік органдарға ұйымдастырушылық және қаржылық сипаттағы шешімдерді қабылдауды жеделдетуге тапсырма берді.

24 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан қаржыгерлерінің V Конгресіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде Конгреске қатысушылардың назарын Алматы қаласында өңірлік қаржы орталығын құру мәселесіне аударды.

«Біздің стратегиялық міндетіміз — елдің қаржы секторында жинақтаған әлеуетті барынша пайдалана отырып, өңірлік қаржы нарығында көшбасшы болу. Қазір Алматыда бәсекеге қабілетті халықаралық қаржылық кластерді құру бойынша қаржылық сектор мен мемлекеттің күштерін біріктіру қажет. Алматы барлық әлемде халықаралық дәрежедегі қаржылық қызметтердің кең спектрін көрсететін өңірлік орталық ретінде танылуы тиіс. Республикада қаржылық операцияларды жүргізу үшін барлық қолайлы жағдайларды жасау қажет, қаржылық қызметтердің деңгейі мен сапасын едәуір арттырып, халықаралық қаржы ағымдарына кірігу қажет. Сондықтан, бәрін егжей-тегжейлі ойластырып, халықаралық тәжірибені терең зерттеп, Алматы қаржы орталығының табыс факторларын анықтап, көздеген жоспарларды салмақты түрде іске асыру қажет», — деді Мемлекет басшысы.

Конгресс жұмысына Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьер, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ә.Ф. Сәйденов, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері мен Парламент депутаттары, отандық, шетелдік және халықаралық қаржы институттарының, мемлекеттік қаржылық даму институттарының басшылары мен елдің ғылыми және іскер топтарының өкілдері қатысты.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Президентін сайлауды бақылау жөніндегі ЕҚЫҰ Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы миссиясының басшысы О.Ф. Глоуферді қабылдады.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында «Chevron Corporation» компаниясының атқарушы вице-президенті Дж. Киркландты қабылдап, онымен компанияның Қазақстанның мұнай секторындағы инвестицияларын арттыру перспективаларын талқылады.

25 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XIV пленарлық отырысына төрағалық етті.

Отырыстың басты тақырыбы Қазақстанның алдағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі болды.

«ДСҰ-ға кіру — елде жүргізіліп жатқан экономикалық реформалармен қуаттандырылған Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуіне дәйекті қадамы. Ашық нарықтық экономика жолын таңдап, біз экономикада ырықтандыру мен құрылымдық реформаларды мақсатты және табанды түрде іске асырдық, бұны әлемдік қауымдастық та мойындады», — деді Қазақстан Президенті өз сөзінде. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі, сөзсіз елдегі қолайлы инвестициялық климатты одан әрі нығайтып, жүргізіліп жатқан нарықтық реформалардың ауыспаушылығын қамтамасыз ететінін» атап өтті.

Отырыс қорытындылары бойынша Мемлекет басшысы мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьер бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын шетел инвесторлары арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызметтерге байланысты проблемалы сұрақтарды шұғыл түрде шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған. Кеңес кеңесшіл-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті оның қызметіне басшылық жасап, күн тәртібін бекітетін және отырыстарына қатысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. Кеңес шеңберінде салық салу, заңнамалық мәселелер, шетел инвесторларының ағымдағы қызметтері, Қазақстанның инвестициялық имиджін арттыру және мұнай-газ секторы мәселелері бойынша 5 біріккен жұмыс тобы қызмет атқарады. Кеңестің отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің мүшелерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді. Атап айтқанда, Президент «Епі S.p.A.» мұнай корпорациясының бас өндірістік директоры С. Каоны, «BG Group» компаниясының бас атқарушы директоры

Ф. Чапмәнді, «Total S.A.» компаниясының аға вице-президенті К. де Маржериді қабылдады.

Кездесулер барысында компаниялардың Қазақстандағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы, сондай-ақ елдердің ДСҰ-на кіру жағдайында инвестициялардың өсу перспективалары талқыланды.

28 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласының бірқатар нысандарын аралап шықты. Атап айтқанда, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты ғимаратының құрылыс барысымен танысты, Халыққа қызмет көрсету орталығында, «Шапағат» коммуналдық базарында болып, Ақбұлақ өзені арқылы өтетін жаңа көпірді қарап көрді.



Мемлекет басшысы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» №91-III Заңына қол қойды.

29 қараша

Мемлекет басшысы «Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын тағайындау туралы» №1676, «Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы» №1677, «Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006–2014 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы» №1678 жарлықтарына қол қойды.

30 қараша

Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының (РЖФА) делегациясын қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан мен Ресейдің ғылым саласындағы ынтымақтастығының мәселелері, сондай-ақ бірлескен бағдарламаларды іске асыру перспективалары қарастырылды.

Кездесу соңында Академия президенті О.Л. Кузнецов Н.Ә. Назарбаевқа «Қоғамды дамытуға қосқан үлесі үшін» орденін табыс етті.



«Қоғамды дамытуға қосқан үлесі үшін» ордені Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясы Төралқасының 2005 жылғы 31 наурыздағы шешімімен бекітілген және ғылым, экономика, мәдениет және білім салаларындағы жетістіктері үшін беріледі.

Мемлекет басшысы Астана қаласына жаңа елорданың көрікті жерлерімен танысу үшін келген Алматы қаласы ардагерлерінің делегациясын қабылдады.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Қазақстан» спорт кешенінде өткен форумда өз жақтаушыларымен кездесті.

Форумға Қоғамдық штаб өкілдері, партиялар және «Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер Н.Ә. Назарбаевты қолдау жөніндегі халықтық коалиция» сайлауалды блогы бірлестіктерінің көшбасшылары, бизнес өкілдері, мәдениет, өнер қайраткерлері, атақты спортшылар қатысты.

«Мен бүгін тәуелсіздік жылдары жанымда болып, мен жүргізген саясатты қолдаған баршаңызбен кездескеніме қуаныштымын. Қазір — тарихи сәт. Халық өз болашағы үшін, еліміздің гүлденуі үшін өз таңдауын жасауы қажет», — деді Н.Ә. Назарбаев форумның ашылуында сөйлеген сөзінде. Форумда, сонымен қатар, Халықтық коалицияға біріккен саяси партиялардың көшбасшылары, Б.Т. Жұмағұлов, Д.Н. Назарбаева, Р.Р. Мадиев, А.Т. Перуашев, М.С. Нәрікбаев, А.Қ. Жағанова, әртістер Д. Жолжақсынов, Р.Қ. Рымбаева, Н.Л. Жмеренецкая, кәсіпкерлер Г.М. Президент, А.Г. Ким, «Жасыл ел», «Қайсар», Қазақстанның жастар Конгресі, Қазақстанның студенттер альянсы, жастар бірлестіктерінің белсенділері, ауыр атлетикадан әлем чемпионы И.И. Ильин сөз сөйледі.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 15 қазандағы №702 және №839 жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1679 Жарлығына қол қойды.

ЖЕЛТОҚСАН



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	



1 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының пленарлық отырысына қатысты.

Президент сенаторларды үшінші шақырылымның I сессиясы жұмысының басталуымен құттықтады және оларға табысты еңбек тіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Хан шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы ғимаратының іргетасын қалау рәсіміне қатысты, сондай-ақ цирк құрылысының барысымен танысты.



2 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан — тек қана алға!» ұранымен ұлтымызға үндеу тастап, онда Қазақстан Республикасы Президентін сайлаудағы өзінің сайлауалды тұғырнамасының басты қағидаттарын ұсынды (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы — атқарушы хатшысы В.Б. Рушайлоны қабылдады.

В.Б. Рушайло 2005 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында болып өткен бюджеттік ұйымдардың 2006 жылға арналған өлшемдері айқындалған ТМД үкімет басшылары кеңесі отырысының қорытындылары туралы және ТМД-дан Қазақстандағы президенттік сайлауды тәуелсіз байқаушылардың жұмысы туралы хабарлады.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу барысын байқауға келген Ұлыбританияның Каспий ақпараттық орталығының делегациясын қабылдады.

Делегация құрамында Ұлыбританияның Консервативтік партиясының бұрынғы Төрағасы лорд Л. Паркинсон; британдық Парламенттің Қазақстан бойынша бүкілпартиялық тобының мүшесі лорд Килкени, қауымдар палатасының мүшесі П. Лили, Ұлыбританиядан Еуропарламенттің мүшесі, БҰҰ Бас хатшысы лауазымына үміткер Н. Дева; саясаттану профессоры К. Миног; әлеуметтану профессоры Д. О'Кифф; Каспий ақпараттық орталығының директоры Дж. Фрост болды.

Кездесу кезінде Қазақстанда тұрақты экономикалық өсіммен қатар демократияның негізгі қағидаттарының терең нығаюы байқалып, сайлау үдерісінің мөлдірлігі мен әділдігі қамтамасыз етіліп жатқаны атап өтілді.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Словакия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Д. Подгорскиден сенім грамотасын қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты кеңейту, бірлескен қорғаныс өндірісі мен машина жасау кәсіпорындарын құру, Қазақстанда қатерлі ісік және жүйке ауруларына диагностика жасау жабдықтарын шығаратын бірлескен циклотрондық орталықты құру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан — Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартты ратификациялау туралы» №92-III Заңына қол қойды.

3 желтоқсан

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ-дан, Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясынан, Азия қоғамынан және басқа да беделді халықаралық ұйымдардан келген шетел байқаушыларының үлкен тобын қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы 2005 жылғы Президент сайлауы демократиялық, бәсекелестік және ашықтық қағидаттарының сақталуымен өтіп жатқандығын атап айтты. Барлық Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлер тең жағдайда болып, олардың әрбіреуінің мүдделері заңмен қорғалуда.

4 желтоқсан

Мемлекет басшысы президент сайлауы күні Астана қаласының М. Горький атындағы Орыс драма театры ғимаратындағы №2 сайлау учаскесінде дауыс берді.

«Бүгін — біздің ел тарихындағы ерекше күн. Президент сайлауы — әрқашан кез келген мемлекет үшін ең маңызды саяси оқиға. Біз осы сайлауды айрықша деп санаймыз, себебі биыл ол теңдессіз демократиялық жағдайда өткізіліп жатыр.

Халықаралық ұйымдардың ұсыныстарына сәйкес сайлау заңнамасына өзгерістер енгізілді. Мен біздің



халқымыздың еркін ерік білдіруін қамтамасыз ету үшін арнайы Жарлық шығардым. Сайлау баламалы түрде өтуде. Барлық үміткерлерге тең жағдайлар жасалды. Үміткерлер барлық облыстарда, қалаларда, ауылдарда сайлауалды науқандарын жүргізді. Олар тең жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарында шықты. Қазақстан 1637 байқаушыны тіркеп, шақырды, бұл — сайлаудың әділ, таза, теңқұқылы, ашық түрде өткізілуінің кепілі болып табылады.

Барлық үміткерлер өз пікірлерін айтуға, үгіт жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алды. Мен өзімнің электоралдық науқанымды жеке өзім жүргізбей, өзге үміткерлерге өріс бердім, олар өз бағдарламаларын жариялау үшін осы уақытты пайдаланды.

Бүгін қазақстандықтар өзінің жолын, болашақта өздерінің, балалары мен немерелерінің қалай өмір сүретіндерін таңдауда.

Мен қазақстандықтардың саяси тұрақтылық, көпұлтты халықтың бейбітшілігі пен келісімін, мемлекеттің осы арнада байсалды дамуын таңдайтындарына сенімдімін. Бірге біз әлемнің 50 дамыған мемлекеттерінің қатарына қосылып, елдің тұрақтылығын сақтаймыз, экономиканы әрі қарай дамытып, өз азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсарта бермекпіз.

Бүгін жақсы, ізгі күн, ол барша қазақстандықтар үшін игі күн болсын», — деді Н.Ә. Назарбаев журналистерге арналған брифингте.



2005 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентіне кезекті сайлау Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің 2005 жылғы 7 қыркүйектегі қаулысына сәйкес өткізілді.

Дауыс беру 9580 сайлау учаскесінде болып өтті. Сайлаушылар тізіміне енгізілген 8 млн. 880 мың сайлаушылардың 6 млн. 850 мыңға жуығы немесе 77 пайыздан астамы дауыс беруге қатысты.

1447 сайлау учаскесінде сайлаушыларға дауыс беру тәсілін таңдау мүмкіндігі ұсынылды (электрондық сайлау жүйесінің көмегімен немесе қағаз жүзіндегі сайлау бюллетенінің көмегімен).

Дауыс беру күнінде сайлау учаскелерінде Қазақстан Республикасы Президентіне үміткерлердің 11 мыңнан астам сенімді тұлғалары; шет мемлекеттерден, халықаралық ұйымдардан мыңдаған байқаушылар, шетелдік БАҚ өкілдері; саяси партиялардың 16,5 мың байқаушылары; қоғамдық бірлестіктерден 5600-ден аса байқаушылар; Қазақстандағы 500-ге жуық БАҚ өкілдері болды.

Сайлау бюллетеньдерінде Қазақстан Республикасы Президентіне 5 үміткер тіркелді, олар: Қазақстан Республикасының

Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.А. Абылқасымов, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Ә.М. Бәйменов, Қазақстан экологиялық қозғалысының төрағасы М.Х. Елеусізов, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысының төрағасы Ж.А. Тұяқбай.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1680 Жарлығына қол қойды.

5 желтоқсан

Мемлекет басшысы ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы — атқарушы хатшысы В.Б. Рушайло бастаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен келген байқаушылар тобын қабылдады.

ТМД байқаушылары Нұрсұлтан Назарбаевты жарқын жеңісімен және сайлауды сәтті өткізумен құттықтады.


«ТМД-мен бірге біз сайлауды демократиялық және заңды түрде болып өтті деп таныдық. Біз сайлаушылардың жоғары белсенділігін ерекше атап өтеміз», — деді В.Б. Рушайло журналистерге арналған брифингте.

Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының байқаушылар миссиясының басшысы, ШЫҰ атқарушы хатшысы Чжан Дэгуанды қабылдады.

Чжан Дэгуан Нұрсұлтан Назарбаевты сайлауды табысты өткізуімен және айқын жеңісімен құттықтады.

«Мен және менің әріптестерім үшін саяси тұрақтылық пен Қазақстанды әлемнің бай және дамыған елдерінің қатарына қосуға бағытталған жедел әрі қарқынды экономикалық даму, ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу жағдайында өтіп жатқан осынау маңызды оқиғаның байқаушылары мен куәгерлері болу жоғары мәртебе. Сайлау Сіздің жоғары беделіңізді, Қазақстан халқының Сізге деген сенімі мен құрметін көрсетті», — деді ШЫҰ байқаушылар миссиясының басшысы Президентке айтқан сөзінде.

Чжан Дэгуан ШЫҰ байқаушылар миссиясы сайлаудың Конституцияның, қолданыстағы заңнамалардың талаптары мен Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сай, сәтті, ашық және заңды өткенін атап өтті.



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресі Өкілдер палатасының мүшесі Ч. Мелансон бастаған халықаралық байқаушылар тобын қабылдап, олар Н.Ә. Назарбаевты сайлаудағы сөзсіз жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен, Грузия Президенті М.Н. Саакашвилимен, Түркия Республикасының Премьер-министрі Р.Т. Эрдоғанмен телефон арқылы сөйлесті. Олар Н.Ә. Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

Ресей Президенті Мемлекет басшысын 2005 жылдың 4 желтоқсанында өткен президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтап, көпұлтты Қазақстан халқына игі тілектерін жолдады. «Сіздің биылғы сайлаудағы жеңісіңіз — Сіздің Қазақстан халқының игілігі үшін тынымсыз қызметіңіз бен дұрыс сыртқы саясатыңыздың нәтижесі», — деді В.В. Путин Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық әріптестігін әрі қарай нығайту мен дамытуға үмітін білдіре отырып.

М.Н. Саакашвили Н.Ә. Назарбаевты президент сайлауындағы жарқын жеңісімен құттықтап, оның сөзсіз жеңіске жететініне сенімді болғанын атап өтті. «Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан таңғаларлық жетістіктерге жетті, экономикалық реформалардың көшбасшысы болып, көптеген елдер үшін даму моделінің үлгісіне айналды», — деді Грузия Президенті. Ол сондай-ақ екіжақты қарым-қатынастардың әрі қарай нығаюына үлкен сенім артатындығын жеткізді.

Р.Т. Эрдоған Қазақстан Президентін сайлаудағы жеңісімен құттықтап, «бауырлас қазақ халқының Нұрсұлтан Назарбаевты жоғары қолдауы — түрік халқының Қазақстан көшбасшысын сөзсіз қолдауын көрсетеді». Телефонмен сөйлесу барысында Түркия Премьер-министрі қазақстан-түрік қарым-қатынастарының әрі қарай жан-жақты дамуына мол үміт артатынын білдірді.

Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды штабында болды, содан кейін астаналық «Қазақстан» спорт кешенінде өзінің жақтаушыларымен кездесті.

«Жаңа ғана мен өзімнің штабымда болғанда, сайлаудың алдын-ала қорытындылары туралы естідім.



Әлемнің барлық ақпараттық агенттіктерінің таспаларынан сайлауда Нұрсұлтан Назарбаевтың жеңіске жеткені туралы хабарлар таратылуда. Мен Қазақстан халқы жеңіске жетті деп санаймын, олар менің тәуелсіздіктің 14 жылы ішінде атқарған еңбегіме жақсы бағасын берді.

Дағдарыстан шығу, экономиканы нығайту, Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін арттыру мен біздің болашаққа жоспарлаған міндеттеріміз — елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын дамыту, демографиялық жағдайды жақсарту, білім, ғылым, денсаулық сақтау жүйелерін жетілдіру — осының бәрі халықтың қолдауына ие болды. Халық осы басымдықтарға: иә, іске кірісіңдер, алға басыңдар деп жауап берді.

Халқымыз бірлік, келісім, ұлтаралық достық, ел болашағы үшін дауыс берді.

Маған дауыс бергендерге алғысымды білдіремін.

Мен қарсы дауыс бергендер мен қалыс қалғандарға теріс қарамаймын. Себебі олардың проблемалары бар, мен оларды білемін. Менің барлық қызметім оларды шешуге бағытталмақ. Біраз уақыттан кейін бұл қазақстандықтар менімен бірге болады, осыған сенімдімін.

Маған қолдау көрсету үшін құрылған Халықтың коалицияға алғысымды білдіремін. Олар тамаша жұмыс жүргізе отырып, шыңдалды.

Мен халықаралық байқаушыларға (олардың жалпы саны 1637) рахмет айтамын, олар басынан аяғына дейін ұлан-ғайыр еліміздің кеңістігінде ауқымды жұмыс жасап, сайлаудың заңды өтуін бақылады.

Мен біздің сайлаудың ашықтығы мен әділдігін дәлелдеген саяси партиялардың 16 мың байқаушысына алғыс айтамын.

Мен әр сағат сайын бүкіл әлемге сайлаудың барысы туралы ақпарат таратқан БАҚ-қа алғысымды айтамын.

Демократия жолына аяқ басқан Мемлекет басшысы ретінде мен өз қарсыластарыма, осы сайлауға қатысқан әрбір адамға рахмет айтуға тиіспін. Демократиялық мемлекет ретінде бізге оппозиция қажет. Бірақ біз мінегіштікке қарсымыз. Бізге жаңа идеялар, жаңа ұсыныстар қажет. Егер оларды оппозиция ұсынатын болса, бұл ұсыныстар қолданысқа алынады.

Біз сіздермен бірге барша әлем алдында теңдессіз әділ, ашық, бәсекелі сайлауды өткіздік. Біздің халқымыз өзінің саяси мәдениетінің өскенін, беделшілдікке берілмейтіндігін көрсетті», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Мемлекет басшысы шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған баспасөз мәслихатын өткізді. Оған әлемнің жетекші масс-медиа журналистері — «Reuters», «France-Presse», «Xinhua», «ИТАР-ТАСС», РИА «Новости», «The Daily Telegraph» және басқалары қатысты.

6 желтоқсан

Мемлекет басшысы құрамында Сенат төрағасы Н.Ә. Әбіқаев, Мәжіліс төрағасы О.Б. Мұхамеджанов және Парламент депутаттары бар Қазақстан Республикасы Парламентінің делегациясын қабылдап, олар Президентті сайлаудағы жеңісімен құттықтады.



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының «2005 жылғы 4 желтоқсанда жария етілген Қазақстан Республикасы Президентін сайлау қорытындыларын бекіту мен жариялау туралы» 2005 жылғы 6 желтоқсандағы №54\109 Қаулысына сәйкес бүкілхалықтық дауыс беру қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды, ол Қазақстан азаматтарының 6 147 517 даусына немесе ел сайлаушыларының 91,15%-ының даусына ие болды. Қалған 4 кандидат бойынша сайлаушылар даусы мынадай болды:

Ж.А. Тұяқбайға — 445 934 дауыс берілді немесе сайлауға қатысқандардың 6,61%-ы;

Ә.М. Бәйменовке — 108 730 дауыс берілді немесе сайлауға қатысқандардың 1,61%-ы;

Е.А. Абылқасымовқа — 23 252 дауыс берілді немесе сайлауға қатысқандардың 0,34%-ы;

М.Х. Елеусізовке — 18 834 дауыс берілді немесе сайлауға қатысқандардың 0,28%-ы дауыс берді.

Мемлекет басшысы өзін Астана қаласына Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауындағы жеңісімен құттықтау үшін келген Алматы қаласының делегациясын қабылдады.

Алматы қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетов бастаған делегация құрамында қалалық мәслихат депутаттары, соғыс және еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер, ғылым мен мәдениет салаларының өкілдері бар.

Мемлекет басшысы әкім Ө.Е. Шөкеев бастаған Астана қаласының делегациясын қабылдады. Президентті

жеңіспен құттықтауға қалалық мәслихат депутаттары, соғыс және еңбек ардагерлері, мәдениет пен өнер қайраткерлері, астананың іскер топтарының өкілдері келді.

Кездесу барысында Астана қаласы мәслихатының депутаттары Астана күнін мерекелеуді 6 шілдеге көшіру ұсынысын енгізді. «1994 жылдың 6 шілдесінде елорданы Алматыдан Астанаға көшіру туралы шешім қабылданды. Астана тұрғындары осы шешімнің маңыздылығын және қала үшін жасалған барлық істерді ескере отырып, осы күнді Астана күні ретінде тарихи бекіту қажет деп санайды», — деді Н.Ә. Назарбаевтың Астана қаласы бойынша сайлауалды штабының жетекшісі, елорданың Кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы П. Казанцев журналистерге арналған брифингте.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «ҚазТАГ» құқықтық мұрагері — «Қазақпарат» Ұлттық компаниясы» АҚ-нда болып, ардагерлер мен қызметкерлерін ұйымның 85 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Президент «ҚазТАГ» — 85 жыл: тарих жылнамасы» фотокөрмесін қарап шығып, ақпараттық агенттіктің шығармашылық және техникалық қызметтерінің жұмысымен танысты.

«Білуіңізше, мен бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен құрметпен қараймын, олардың арасында «Қазақпарат» шын мәнінде ерекше орынға ие», — деді Президент журналистерді құттықтау сөзінде.

Мемлекет басшысы «Қ.Е. Омаровқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1681 Жарлығына қол қойды.

10 желтоқсан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Бушпен американдық тараптың бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті.

«Біз Сіздің өте танымал екеніңізді білеміз. Халық Сіздің жұмысыңыздың нәтижесін көріп отырғанда, сөзсіз, бүкілхалықтық қолдауға ие боласыз. Мен Сіздің АҚШ деген досыңыздың бар екендігін атап өткім келеді. Біз Сізге қолдау көрсетеміз әрі Жұмысыңыз үшін алғысымызды білдіреміз», — деді Дж. Буш.

12 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1682 Жарлығына қол қойды.

13 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі әкімдермен кеңес өткізіп, оның барысында олардың алдында 2006 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін қойды және ауыл шаруашылығы секторын дамыту мемлекеттік бағдарламаларын іске асырудың нәтижелерін шығарды. Бұл бағдарламалар агрозық-түлік және ауылдық аумақтарды дамыту, аграрлық өндірісті қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Н.Ә. Назарбаев әкімдердің халық алдындағы жыл сайынғы есептерін өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» №93-III, «Қазақстан Республикасының Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенцияға (оған 1982 жылғы 3 желтоқсандағы Париж хаттамасымен енгізілген түзетулермен және 1987 жылғы 28 мамырда Режинде енгізілген түзетулермен) қосылуы туралы» №94-III, «Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекеті арасындағы өзара қатынастар мен ынтымақтастықтың негіздері туралы шартты ратификациялау туралы» №95-III, «Қазақстан Республикасының Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы конвенцияға қосылуы туралы» №96-III, «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны ратификациялау туралы» №97-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Дипломатиялық дәрежелер беру туралы» №1683 Жарлығына қол қойды.

14 желтоқсан

Мемлекет басшысы астаналық цирктің салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, «Күн балалары» театрландырылған қойылымын, цирктің жаңа бағдарламасын, жарықәуенді пиротехникалық шоуды тамашалады.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін, Президент астаналық цирк ұжымымен кездесіп, әртістерді премьералармен құттықтады және оларға шығармашылық табыс тіледі.



Мемлекет басшысы Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Х. Карзаймен ауғандық тараптың бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті. Ол Н.Ә. Назарбаевты Президент сайлауындағы жеңісімен құттықтап, оның барлық өңірде тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтудағы үлкен рөлін атап өтті. Әңгіме барысында Х. Карзай екі ел арасында қарым-қатынастардың әрі қарай дамуына мол үміт артатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы Х. Карзайға алғыс айтып, Қазақстан Ауғанстанның табысты дамуына және екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екендігін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің экспорттық бақылауының бірыңғай тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» №98-III, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) ратификациялау туралы» №99-III, «Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенцияны және Қорытынды хаттаманы ратификациялау туралы» №100-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» №1684 Жарлығына қол қойды.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында Тәуелсіздік күніне орай бір топ қазақстандықтарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік награлаларын табыс етті.

«Дәстүр бойынша біз басты мерекеміз — ел Тәуелсіздігі күні қарсаңында үздік отандастарымызды ордендер және медальдармен марапаттаймыз. Тәуелсіздігіміздің 14 жылында біз бірталай істер атқардық, олармен біз қуана мақтана аламыз. Біздің жетістіктерімізді барлық әлем мойындауда. Біз Қазақстан халқының ауызбірлігін сақтап, мемлекет тәуелсіздігін нығайттық, қажетті реформаларды жүргіздік, адамдардың өмірін жақсарттық. Соңғы өткен сайлауда халық осы уақытқа дейін жүргізілген



бағытымызға бірауыздан қолдау көрсетті», — деді Президент.

Жоғары наградаларға ие болған саяси, қоғам қайраткерлері, ғылым, мәдениет, өнер, спорт және бизнес өкілдері Мемлекет басшысын президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтап, оның тәуелсіздікті нығайтып, қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуына қосқан үлесін атап өтті.




Сол күні Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» астаналық резиденциясында бірқатар әскери қызметкерлер мен құқық қорғау құрылымдарының қызметкерлеріне ерекшелік белгілері мен жоғарғы әскери және арнайы атақтар және сыныптық шеңдерді табыс етті.

Өз кезегінде марапатталғандар Н.Ә. Назарбаевты президент сайлауындағы жеңіспен құттықтады.

Мемлекет басшысы «Атасу–Алашанькоу» Қазақстан–Қытай магистральдік мұнай құбырын салтанатты іске қосу рәсіміне қатысты.

Астана қаласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бас диспетчерлік бекетінде Президент тетікті басып, қазақстандық мұнай құбырға құйыла бастады.

«Бүгін ерекше күн. Қазақстанның Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында біз стратегиялық және экономикалық әріптесіміз — Қытай Халық Республикасымен сауда-экономикалық қарым-қатынастарындағы маңызды оқиғаны атап өтудеміз», — деді Н.Ә. Назарбаев. Президент «Атасу–Алашанькоу» мұнай құбырының құрылысы Қазақстанның көлік инфрақұрылымын жетілдірудегі, елдегі көмірсутек өндіру көлемінің ұдайы өсуі жағдайында жаңа экспорттық бағытты құруда маңызды кезең болып табылатындығын атап өтті.



Жобалық өткізгіштік қуаты жылына 20 млн. тонналық, ұзындығы 992 шақырым болатын «Атасу–Алашанькоу» мұнай құбыры бірінші кезекте Қазақстанның Каспий кен орнын Қытаймен қосуға бағытталған «Қазақстан–Қытай» магистральдік мұнай құбырын білдіреді. 2009 жылғы 2 шілдеде «Атасу–Алашанькоу» мен «Атырау–Кеңқияқ» учаскелерін біріктірген 793 шақырымдық «Кеңқияқ–Құмкөлдің» екінші кезегінің іске қосылуымен «Қазақстан–Қытай» мұнай құбырының құрылысы аяқталды. «Қазақстан–Қытай» мұнай құбырын іске қосу шығыс бағыттағы Қазақстан мұнайының экспортын қамтамасыз етті. Ол батыс (КҚК, «Атырау–Самара», «Дружба») және оңтүстік («Ақтау–Баку–Тбилиси–Джейхан») бағыттарымен

қатарласа қазақстандық энерготасымалдауыштардың әлемдік нарыққа тасымалдануының әртараптандырылған жүйесін қалыптастыруға негіз болды. Одан басқа, мұнай құбыры Қазақстан мұнай құбырының бірыңғай жүйеге біріктірілуін аяқтауға және оны Қытай мен Ресей құбырларының жүйелерімен ықпалдастыруға, және өз кезегінде Қазақстан мен ҚХР арқылы ресейлік мұнайды тасымалдауға мүмкіндік берді.

Кешке Мемлекет басшысы Астана қаласында «Салтанат сарайында» өткен Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

«Биыл біз ел тәуелсіздігінің 14 жылдығын атап өтудеміз. Тарихи өлшеммен алғанда, 14 жыл — бұл қысқа уақыт мерзімі. Бұл уақытта біз үлкен жетістіктерге жеттік. Біздің жалпыхалықтық мақсатымыз батыл — алдағы онжылдықта Қазақстан әлемнің барынша дамыған 50 елінің қатарына қосылуы тиіс», — деп, Президент алдағы кезеңде шешілуі тиіс міндеттер кешенін айқындады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №101-III, «Шанхай ынтымақтастық ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны ратификациялау туралы» №102-III, «Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы шеңберіндегі құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» №103-III, «Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігі арасындағы Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны ратификациялау туралы» №104-III, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» №105-III, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швеция Корольдігінің Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы» №106-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Р.Т. Түсіпбековті Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қызметіне тағайындау туралы» №1685 Жарлығына қол қойды.

16 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шараларға қатысты.

«Барлықтарыңызды елдің басты мерекесімен құттықтаймын. Біз Қазақстанның көпұлтты халықтарының арасында достық пен келісімді сақтап қалдық, барлық діни конфессиялардың бітімгершілікпен өмір сүруін қамтамасыз еттік. Бүгінде қазақстандықтар болашағына сеніммен қарайды», — деді Президент астаналық әкімдіктің алдындағы алаңға жиналған жұртшылыққа арнаған сөзінде.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №107-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстанның даму банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №108-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1686 Жарлығына қол қойды.

24 желтоқсан

Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Г. Алиевке адамдар өмірін қиған әуе апатына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Әзірбайжан Республикасында болған қорқынышты әуе апаты — бортында қазақстандық және әзірбайжандық азаматтары бар жолаушылар лайнерінің күйреуі туралы хабарды терең қайғымен қабылдадым. Қазақстан халқы қаза болған жолаушылар мен ұшақ экипажының туыстары мен жақындарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады», — делінген жеделхатта.

26 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1687, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1688, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1689, «Қазақстан Республикасы жергілікті соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1690 жарлықтарына қол қойды.

27 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Ақбұлақ өзенінің алқабында орналасқан орталық мұз айдынының ашылу рәсіміне қатысты.

28 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Думан» ойын-сауық орталығының жанында салынған Мұз қалашығының ашылу рәсіміне қатысты.

Президент Мұз қалашығының құрылымдарымен танысты, олардың қатарында Бәйтерек, афиналық Акрополь, мәскеулік Кремль, үнділік Тәж-Махал, египеттік пирамида, римдік Колизей және басқалары бар.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1691, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1692 жарлықтарына қол қойды.

29 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1693 Жарлығына қол қойды.

30 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» №109-III, «Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенцияны ратификациялау туралы» №110-III, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне соттылықтың аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №111-III заңдарына қол қойды.

31 желтоқсан

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан Жаңа 2006 жылмен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).

ҚОСЫМШАЛАР

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитетінің IV арнайы отырысында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 2005 жылдың 26 қаңтары

Уважаемые участники заседания!

Проведение заседания в г. Алматы свидетельствует о признании Советом Безопасности той важной роли, которую играют страны Содружества в борьбе против международного терроризма.

Проведение мероприятий, аналогичных сегодняшнему, — веление времени, требование эпохи. Вызовы XXI века суровы и непререкаемы. Содержание этих вызовов задано всепланетно, глобально. Взаимосвязанность всех стран и регионов мира, все более возрастающая взаимозависимость по всем параметрам социального бытия — это реалии наших дней.

Два года назад я отмечал в своей книге «Критическое десятилетие» несколько направлений единой концепции безопасности».

В книге акцентировалось внимание на необходимости продолжения политики многовекторности и стимулирования крупных внешних игроков к сближению и сотрудничеству, развития многоуровневого и многовариантного обеспечения безопасности. Подчеркивалась необходимость продолжения формирования концентрических кругов стабильности вокруг Казахстана и Центральной Азии.

Национальная безопасность нашей страны тесно связана с безопасностью центральноазиатского региона. Безопасность центральноазиатского региона следует рассматривать как составляющую безопасности Центральной Евразии. Центрально-Евразийский регион должен быть частью евроазиатской системы безопасности, являющейся частью глобальной системы безопасности.

Время показало справедливость этих прогнозов и оценок.

Терроризм стал самым опасным вызовом системе международной безопасности. Сегодня масштабы этой угрозы превзошли все прогнозы. Возрос и комплекс проблем, связанных с терроризмом. Это прежде всего конфликты, зарождающиеся на почве национализма, межэтнических и религиозных противоречий, организованная преступность, наркотрафик, незаконная торговля оружием и «отмывание» денег. Все это ложится тяжелым бременем на плечи всех государств планеты.

Благодатной почвой для распространения идей терроризма являются нарушения прав человека, нищета и ухудшение состояния окружающей среды.

Вопреки заметному прогрессу в экономическом и политическом развитии большинства регионов планеты мир не становится более защищенным от угроз.

В эпоху глобализации неравномерное развитие регионов негативно отражается и на международных взаимоотношениях. Достижения глобализации по-прежнему сконцентрированы в относительно небольшой группе стран. Их неравномерное распределение между регионами, а также сохраняющееся неравенство между развитыми и развивающимися странами приводит к эскалации существующих кризисов. В этой связи силовые методы борьбы с терроризмом не только недостаточны, но и не способны принести долгосрочные позитивные результаты.

Глобальность самой проблемы безопасности задает масштаб и качество именно совместным решениям в сложных перипетиях международной жизни. Поэтому, на наш взгляд, в сложившихся непростых условиях ООН и ее специализированные организации в партнерстве с региональными объединениями призваны играть ведущую роль в предупреждении и искоренении угрозы терроризма. Несмотря на усилившуюся в последние годы критику ООН в отношении ее способности решать сложные международные проблемы, мы в Казахстане уверены в той стратегической, консолидирующей функции, которую она выполняет. Казахстан связывает с Организацией большие надежды на обеспечение стабильности в мире и формирование справедливого мирового порядка, основанного на общепризнанных нормах международного права.

Но надо понимать, что ООН — это не мировое правительство, призванное принимать решения по наболевшим проблемам современности. ООН олицетворяет сегодня совокупную концентрацию совместных усилий всех заинтересованных государств, ведущих поиск компромиссных решений, в том числе с целью обуздания терроризма. Поэтому наша общая задача должна состоять в том, чтобы выработать единую стратегию действий, направленных на укрепление единства мирового сообщества, на преодоление национальных, религиозных и этнических противоречий, чтобы исключить питательную почву для терроризма.

Именно поэтому необходима система всесторонних, в том числе духовных гарантий безопасности.

По инициативе Казахстана в 2003 году в нашей стране был успешно проведен I съезд лидеров мировых и традиционных религий. И его участники единодушно отвергли использование религии в качестве идеологического обоснования терроризма.

Казахстан разделяет мнение о том, что для предотвращения угрозы межгосударственных и внутренних конфликтов необходимо уделять больше внимания развитию региональных структур безопасности и сотрудничества.

Поэтому мы поддерживаем курс ООН, нацеленный на поддержку региональных структур, разрабатывающих системы раннего предупреждения и мер доверия.

Большой вклад в дело мира и стабильности вносит Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии. Проведенные в рамках СВМДА за последние 2 года встречи высокого уровня уже стали важным шагом в создании действенного механизма безопасности в Азии. С принятием на последней министерской встрече Каталога мер доверия сотрудничество в этой области приобретает все более системный и углубленный характер.

Предпринимаются конкретные меры по созданию нормативно-правовой базы и в рамках такой авторитетной международной организации, как Шанхайская организация сотрудничества.

В формате Организации «Центральноазиатское сотрудничество» в настоящее время ведется работа по формированию перечней террористических, религиозных экстремистских организаций, а также списков их руководителей и активных членов.

Одной из целей инициативы по реформированию институтов СНГ является укрепление антитеррористического вектора его деятельности.

Проблемы терроризма и экстремизма актуальны и для Казахстана. Они вполне конкретны и реальны, особенно если иметь в виду тенденцию глобализации

международного терроризма, порожденного взаимосвязанностью политических, социальных и экономических проблем регионов и международного сообщества в целом.

На сегодняшний день противодействие терроризму представляет одно из приоритетных направлений в обеспечении национальной безопасности Казахстана.

Казахстан принял некоторые упреждающие меры.

Во-первых, государство присоединилось ко всем 12 конвенциям ООН по борьбе с терроризмом.

Во-вторых, в Казахстане создан национальный Антитеррористический центр, активно взаимодействующий с аналогичными международными и региональными структурами. Центр призван повысить эффективность межведомственной координации, усилить контроль над соблюдением антитеррористического законодательства и выполнением соответствующих государственных программ.

В-третьих, совершенствуется национальное законодательство. В Парламенте находится законопроект, предусматривающий меры по противодействию экстремизму. В частности, в нем предусматривается судебный порядок идентификации экстремистских организаций.

В-четвертых, в Казахстане проводится превентивная работа по нейтрализации активной деятельности террористических организаций. К примеру, осенью 2004 года Верховный суд запретил деятельность на территории республики ряда организаций, чья причастность к террористическим актам доказана.

В-пятых, в соответствии с решениями Совета Безопасности ООН в стране налажена система противодействия «отмыванию» денег и финансированию террористических организаций.

Вместе с тем, нам еще предстоит выполнить значительный объем работ.

Существующий уровень террористической активности в регионах, находящихся в относительной близости от Казахстана, заставляет держать систему безопасности в состоянии повышенной готовности.

Важная роль принадлежит средствам массовой информации, деятельность которых должна быть направлена на создание атмосферы неприятия и нетерпимости в отношении любых проявлений террористической и экстремистской деятельности.

Мы все понимаем, что все еще продолжается поиск взаимоприемлемых схем сотрудничества. Речь идет о придании взаимодействию более систематического характера, оптимизации потоков информации.

И деятельность Контртеррористического комитета Совета безопасности ООН оптимальным образом отвечает решению такой задачи.

Мы с большим желанием и готовностью согласились принять у себя специальное заседание в этот год, юбилейный для Организации Объединенных Наций.

Казахстан рассчитывает на активный диалог всех участников по конкретным направлениям взаимодействия в области борьбы с международным терроризмом.

«Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Астана қаласы, 2005 жылдың 18 ақпаны

**Құрметті қазақстандықтар!
Ардақты ағайын!**

1. Біз неден бастадық?

Біздің өмірімізді түбегейлі өзгертіп, Қазақстан тәуелсіздікке ие болған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының тарихқа озғанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Сана мен сезімнің шиеленісі мен ширығуы жағынан бұл ерекше жылдар болды. Бұл біздің мемлекетіміздің алдағы жүрер жолын айқындайтын аса маңызды шешімдер қабылданған жылдар болды, сол кезде қабылданған бір ғана бұрыс шешім еліміздің жүрер жолының бағыт-бағдарын елеулі өзгеріске ұшыратуы әбден ықтимал еді. Осы уақыттың ішінде халық менің елімізге басшылық етуіме өзінің шынайы сенімін білдірді. Мен болсам, Сіздердің сенімдеріңізді ақтауға тырысып, біздің стратегиялық бағытымыздың негізгі бағдарларын әр жыл сайын өздеріңізбен бірге саралап келемін.

Міне, бүгін, араға 15 жылдай уақыт салып, мен сіздерді біздің бірлесе атқарған жұмысымыздың қорытындысын шығаруға шақырып отырмын. Біздің мақтан тұтарлық істеріміз жеткілікті.

Біз неден бастадық, жол басында қолымызда не болды, сол кездегі біздің нақты мүмкіндіктеріміз қандай еді?

Әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал шын мәнінде сын көтермес күйде еді. Қазақстанның экономикалық және саяси мүмкіндіктері сырттан осылай бағаланды: экономикасы әлжуаз, қазынасы бос, саяси жүйесі балаң, Кеңестер Одағы заманының Конституциясы бойынша өмір сүріп жатқан, одан бар болғаны белгілі бір әскери әлеует қана еншілеген ел саналдық.

Былайғы дүние бізді көзге де ілген жоқ, әлемдік қоғамдастықты біздің ядролық қару-жарағымыз ғана алаңдатты.

Енді 20–25 жылдан кейін мемлекеттік басқарушылардың жаңа ұрпағы «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясының» қорытындысын шығарып, біздің әуел бастағы әлеуетімізді және өзгерістердің нәтижесін елеп-екшер болса: «Шынымен, солай болды ма екен», — деп таң-тамаша қалары анық.

Сонда олардың бізге қызыға қарарына көзім әбден жетеді. Біздің батылдығымызға, жігерімізге, қабілетімізге, сайып келгенде, еркіндігімізге қайран қалары анық. Өйткені, бүгінгі күні біз жасаған дүниені рухы күшті жандар ғана жасай алатын еді.

Біз алдымызға анық та айқын мақсат қойдық: біз жақсы өмір сүргіміз келді, біз еркіндікке ұмтылдық, біз бәрінен де бұрын балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қаладық. Бұған сіздер мен біздер өз ғұмырымыздың біраз жылдарын арнадық. Еңбегіміз еш кеткен жоқ, біз бүгінгідей биікке көтерілдік.

Өзіміздің төл теңгеміз айналысқа енген, экономикалық тәуелсіздігіміз аныққа шыққан 10 жыл кезеңді алайықшы. Бұл 10 жыл – елімізді тұрақты еткен, экономикамызды өркендеткен төл Конституциямыздың да мүшелді мерекесі.

2. Біз жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтып, бірлесіп тағы да бір Қазақстан орнататындай межеге жақындадық.

2.1. Біз ойдағыдай жұмыс істеп жатқан нарық экономикасын құрдық.

Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, біз қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамаларды жасауға қол жеткіздік. Бүгінгі таңда Қазақстанда нақтылы жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика бар.

Егер осыдан 10 жыл бұрын жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз жеті жүз доллардан сәл ғана асса, 2004 жылдың соңында ол екі мың жеті жүз долларға жетті, ендеше биылғы жылы біздің жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз енді 3 мың доллардай болады деген болжамымыз бар.

Мен 2010 жылы жан басына шаққанда жалпы ішкі өнімді 5,8 мың АҚШ долларынан асатын мөлшерге, яғни Чехия, Венгрия, Польша, Малайзия сияқты елдердің бүгінгі деңгейіне, ал 2015 жылы шамамен 9 мың АҚШ доллары мөлшеріне жеткізуге күшіміз жетеді деп санаймын. Жалпы, сатып алу қабілетінің шамасы жағынан бұл цифрларға біз қазірдің өзінде жақынбыз.

Біз еліміздің жалпы ішкі өнімін 2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы екі есе ұлғайтуды жоспарласақ та, бұл көрсеткішке 2008 жылы-ақ жететінімізге сеніміміз мол.

Бүгін экономикалық өсудің негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып отыр. Көмірсутегі шикізатын өндіру көлемін 1985 жылмен салыстырғанда біз 225% ұлғайтуға қол жеткіздік, ал былайғы дүниеде ол небәрі 1,3 есе шамасында ғана өсті.

Экономикаға 30 млрд. АҚШ долларындай тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл өте жоғары көрсеткіш. Бүгінгі Қазақстанның тұрақты, тиімді әрі сенімді әріптес екені барша инвесторларға әлдеқашан аян, ақиқат.

Қазақстанның қаржы жүйесі де топжарғандар қатарында танылды, ал мұны жетекші халықаралық сарапшылардың өздері мойындап отыр.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, сыртқы қолайсыз факторларға тәуелді болмау үшін Ұлттық қор құрды.

Бүгінгі күні Ұлттық қорда 5,3 млрд. доллар жинақталып отыр. Ұлттық қорды қоса есептегенде, еліміздің алтын-валюта резервтері, тұтас алғанда, 14 млрд. АҚШ долларынан асып түсті. Осыдан 10 жыл бұрын бұл жайында армандаудың өзі қиын еді.

Біз ашық сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргізіп келеміз. Айталық, 2004 жылы сыртқы сауда айналымы көлемінің оң сальдосы 7 млрд. доллардан асатын 33 млрд. АҚШ долларына жетті. Бұл 1994 жылмен салыстырғанда 3 еседен астам өсті деген сөз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында негізінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ауқымымен шектелген біздің сыртқы саудамыздың географиясы да біршама тарамдала түсті.

Қазақстан тауар айналымының құрылымында 2004 жылы Еуропалық одаққа мүше елдер, Ресей, Швейцария мен Қытай алғашқы орындарға шықты.

Осылайша біз өзіміздің әлемдік экономиканың бөлінбес бөлігіне айналып, жаһандық бәсекелестік арнасына еркін енгенімізге анық көз жеткіздік.

2.2. Біздің өміріміз жақсара бастады.

Бүкіл дүниежүзілік банктің жіктемесі бойынша қазіргі уақытта Қазақстан кірісі орта деңгейдегі елдердің тобына кіреді.

Егер өмір сапасының негізгі көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, онда соңғы 10 жылда қазақстандықтардың орташа ақшалай кірісі 5 есе; ал орта айлық жалақысы 6 есеге жуық ең төменгі табыс мөлшері 25 есе; зейнетақылардың орташа айлық мөлшері 4,6 есе; жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері мен бір кісінің жасайтын салымының көлемі тиісінше 35 және 37 есе өскенін көреміз. Биылғы жылы кепілді тегін медициналық көмек көлеміне жұмсалатын мемлекеттің шығысы 2003 жылмен салыстырғанда 1,7 есе өсті.

Экономикамыздың қарқынды өсуі мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік бағдарлануын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді, мұның өзі экономикамыздың айтарлықтай бекемдік деңгейіне жеткенін айғақтайды.

Біз айрықша қысқа мерзімнің ішінде еліміздің дәл орталығында жаңа астана-мызды тұрғыздық. Көрген жанның бәрі Астана көркіне тәнті болып жүр. Астана қазақстандықтардың мақтанышына айналды.

2.3. Біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық.

Біз демократия жол басы емес, алдағы мақсатымыз екенін ешқашан естен шығарғамыз жоқ. Біз демократияны декретпен енгізуге болмайтынын, оны өз өзегіңнен өткізу керек екенін білдік.

Қазақстан мемлекеттілігі біржолата орнықты. Біздің еліміз өз саяси дамуының үлгісі жағынан Батыс демократиясына және әлеуметтік ілгерішілдігі мен саяси саналуандығы бүкіл әлемге танылған «жаңа» азиялық демократия дегенге де жақын.

Біз саяси өмірімізді ырықтандыру жөнінде де айтарлықтай табыстарға жеттік. Бұл тұста мыналарды айтсақ та жеткілікті:

- Қазақстанда демократиялық институттардың дамуы дәйекті жүргізіліп келеді; еркін демократиялық сайлаулар үнемі өткізіледі; тежемелік әрі тепе-теңдік негізінде билік тармақтарының ара-жігін ажырату қағидаты жүзеге асырылып жатыр;

- Қазақстанда саяси саналуандық және көппартиялылық орныққан; кез келген қазақстандық кез келген қоғамдық және саяси бірлестікке еркін кіре алады;

- 5 мыңнан аса үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, азаматтық қоғам институттары мен құрылымдары жасақталып, жұмыс істеуде;

- Қазақстанда тәуелсіз сот жүйесінің негіздері қаланып, заңның үстемдігі дәйекті қамтамасыз етіліп келеді. Біздің қоғамда сот жүйесіне деген сенім барған сайын арта түсіп отыр;

- Қазақстанда сөз бостандығы қамтамасыз етілген, цензура жоқ мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары құрылып, жұмыс істеуде. Осы орайда бұрынғы шақырылған Парламентте БАҚ еркіндігін шектеу әрекеті байқалғанын, сонда мен дүдәмал заң жобасына тоқтау салғанымды естеріңізге сала кеткім келеді, сөйтіп

мемлекет өзінің баспасөз бостандығы жолындағы бағытының мызғымайтынын тағы да қуаттап берді;

- Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласында маңызды қадамдар жасалып, елеулі нәтижелерге қол жетті; Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институты құрылды; Қазақстан адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылды. Құрамы жөнінен көрнекті әрі беделді Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия жұмыс істейді;

- Қазақстанның кез келген азаматы елден шыға да және қайтып орала да алады;

- бүгін кез келген қазақстандықтың өзінің қалауына қарай қызметпен шұғылдануға құқығы бар;

- әркімнің өз балаларын тиімді деп тапқан жерлерде оқытуға құқығы бар;

- әрбір қазақстандықтың сайлауға және сайлануға құқығы бар;

- Қазақстан діни сенім-наным бостандығын қамтамасыз етіп, конфессиялар аралық келісім мен діни теңқұқылық саясатын дәйекті жүргізіп келеді. Бізде түрлі конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі қамтамасыз етілген әрі діни экстремизмге қарсы дәйекті күрес жүргізіледі. Астанада өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съезі еліміздің бітімгершілік әлеуетінің өсіп келе жатқанының айқын айғағына айналды;

- Қазақстанда өлім жазасына мораторий енгізілген;

- біз Қазақстанда ұйымдасқан қылмыстың буындау тамырын құрттық;

- Қазақстан ТМД-да бірінші болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде заң қабылдады әрі бұл бағытта алдағы уақытта да жалғаса беретін дәйекті жұмыс жүргізіліп келеді.

Осыдан 10 жыл бұрын мұның бірі де болып көрмеген еді, ал бүгін өмір бойы осылай болып келе жатқан сияқты.

Осының бәрі де қуатты президенттік билік институтының сақталуымен ұштасып, елімізге өткен дәуірдің сарқыншақтарын еңсеріп, Достастық мемлекеттерінің көпшілігіне қарағанда, неғұрлым жоғары қарқынмен даму үшін мүмкіндіктер туғызған шығар деп санаймын.

Сөйтіп, біз бүгін саяси жүйені жаңартудың белгілі бір белесіне көтерілдік. Өткен жылы бізге келіп қайтқан ЕҚЫҰ төрағасы Соломон Пассимен кездесуіміз кезінде ол: «Соңғы жылдары Қазақстанда демократиялық реформалардың айрықша ілгері басқаны байқалып отыр», — деп атап көрсеткен еді.

2.4. Біз Қазақстанды Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналдырдық.

Біз қаруланбау мен ядролық қарусыздану жолын таңдап алып, әлемдік қауымдастықтың алдында өңірлік қауіпсіздік факторына айналдық, Қазақстан Семей ядролық сынақ полигонын өз еркімен жапты. Әлемдегі төртінші ракеталық-ядролық әлеуетінен бас тартып, күллі дүниеге үлгі көрсетті.

Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестердің бастамашысы әрі белсенді қатысушысы болды.

Біздің еліміздің әлемдік аренадағы есімі Азиядағы Өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру туралы ұсынысымен тікелей астасып жатыр

десек, асыра айтқандық емес. Өзіндік төлтума құжат – Сенім шараларының каталогын қабылдаған Сыртқы істер министрлерінің Алматыдағы соңғы кездесуі — мен 1992 жылдың өзінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында жасаған бастаманың ойдағыдай іске асуының жақсы айғағы.

Егер 1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың іс жүзінде Қазақстанға қандай да бір ықыласы аумап келсе, бүгінгі күні Қазақстанды әбден танып, құрметтеп отыр.

Таяуда белгілі Ресей ғалымы, академик А.Аганбегян атап көрсеткендей «Қазақстан мен Қытай сияқты екі ел бүгінгі таңда жоғары экономикалық даму қарқынына жетіп отыр».

2.5. Біз қайда бара жатырмыз?

Мен жүзеге асқан бастамаларымызды баяндап бердім. Біз бірлесе отырып, еркін экономика мен ерікті ұлт жасақтау жолында алға жылжуымызға қажетті берік негіз қаладық. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірінен саналады, бұл да барша жұрт таныған ақиқат.

Қымбатты отандастарым! Сіздер менің ұлттың бастаушысы болуыма сенім жүктеп қана қойған жоқсыздар, сіздер әрдайым менің жанымнан табылып, сөздеріңізбен де, істеріңізбен де мені әрдайым қолдап отырдыңыздар, сол үшін де мен сіздерге шын көңіліммен ризамын.

Біздің болашағымызды мен өзіме қалай елестетемін?

Еліміздің экономикалық және саяси дамуындағы түбегейлі жаңа кезең, Қазақстанды одан әрі жаңарту мен демократияландыру — біздің күн тәртібіміздегі мәселе осындай.

Сондықтан да алдағы уақытта менің күш-жігерім:

- мемлекеттілікті нығайтуға, Қазақстанды осы заманғы демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде дамытуға;
- еліміздегі және өңірдегі бекем тұрақтылықты нығайтуға; өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға;
- жаһандану талаптарына сәйкес экономиканы серпінді дамытуға және шикізаттық емес секторларды ілгерілетуге баса ден қоя отырып, жаңа технологияларды дамытуға;
- білім беруді, кәсіптік даярлық пен әлеуметтік саланы ХХІ ғасырдың деңгейіне көтеруге;
- азаматтық қоғамды дәйекті дамыта беруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге;
- қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан әрі дамыта беруге;
- діни негіздегі жатсынбаушылық пен конфессиялар аралық келісімді қамтамасыз етуі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске;
- лаңкестікке, есірткі саудасына, кез келген түрдегі экстремизмге қарсы жаһандық күреске бағытталады.

Ендігі бір айтқым келетін жәйт: Қазақстан бүгін Еуропа мен Азия арасындағы коммуникациялар легінің түйіскен тұсында тұр. Біздің міндет — осынау бірегей геосаяси жағдайымызды өз еліміз бен халықаралық қоғамдастықтың мүддесі үшін ұтымды пайдалану.

Бүгін мен өзіміздің бұдан былайғы жаңғыруымызды жеделдетудің нақтылы жоспарын ұсынғым келеді. Соған сәйкес біз өзіміздің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-қимылымызды реттейтін боламыз.

3. Қазақстанның жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік прогресі.

Қазақстан өз азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиіс. Біз мұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей аламыз.

3.1. Инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыту.

Біз экономиканы диверсификациялауға бағытталған Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыра бастадық. Бұл болашақтың бағдарламасы.

Біз бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, бәсекелестікке қарымы мол басым салаларды дамытуға кірістік, сол арқылы қазақстандық кластерлер жүйесінің дамуына жол аштық.

Биылғы жылдың ортасына қарай біздің қолымызда нарықтың туризм, мұнай-газ машиналарын жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары сияқты салаларда кемінде 5-7 кластерін жасау мен дамытудың жоспары болуы керек деп санаймын. Ел экономикасының шикізаттық емес салалардағы ұзақ мерзімдік мамандануын, міне солар айқындайтын болады.

Біз өзімізді жаңа технологиялар мен жаңа экономика әлеміне енгізетін экономикалық дамуды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесі — Ұлттық инновациялық жүйе жасауды қолға алдық.

Индустриялық-инновациялық дамудың инфрақұрылымы қазірдің өзінде қалыптасты. Мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру жыл басында 730 млн. АҚШ долларын құраса, инвестициялық жобалар портфелі 1 млрд. 200 млн. АҚШ долларынан асып отыр.

2004 жылы 204 инвестициялық жоба іске асырылса, соның тең жартысы даму институттарының қолдауымен жүзеге асты.

Біздің стратегиялық міндетіміз — бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан да мемлекет пен жеке меншік сектор өзара сенім мен тиімділікке негізделген әріптестік қатынастарын жолға қоюы керек.

3.2. Шағын және орта бизнес туралы.

Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90%-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50%-дан астамын береді.

Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет. Біз кәсіпкерлік ортаның бастамашылығын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек.

Әрбір іскер қазақстандық осы ортаға кірігіп, инновациялық экономикадағы өз орнын табуға тиіс.

Қазақстандықтардың бастамашылығына кең өріс ашу үшін жағдай жасалды, кәсіпкерлер ендігі жерде осы мүмкіндіктерді пайдалана білсе игі!

Мен өңірлерді экономикада өршіл болуға шақырамын.

Ендігі жерде жаңа идеологияға сәйкес заңнаманы сапалық жағынан жақсарту міндет. Қысқасы, сөзден іске көшетін, мемлекеттік кәсіпорындар мен мегахолдингтердің, ең алдымен ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың өздеріне үйлеспейтін міндеттерін шағын және орта бизнеске беру жөніндегі жұмысты тындыратын сәт туды. Сол арқылы біз бизнеске тың тыныс ашамыз.

Бұл ретте бірқатар стратегиялық маңызды мемлекеттік компаниялар акцияларының пакеттерін басқаруды арнайы құрылатын мемлекеттік холдинг компаниясына беру қажет. Әлбетте бұл шараларға қарсыласу да, сөзбұйдаға салу да болмай қоймайды. Бірақ Үкіметтің батылдық танытып, бұл іске мықтап кірісетін кезі келді.

Келесі бір мәселе туралы. Даму банкі мен Инвестициялық қорға барлық кәсіпкерлердің қолы жете бермейді. Сондықтан «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» өзіндік бір «үлкен қаржылық маркетке» айналуға тиіс. Біз Қорға биылғы жылы республикалық бюджеттен қосымша 10 млрд. теңге бөлеміз, сонда шағын бизнес субъектілерін кредиттеу мүмкіндігі 25 млрд. теңгеге дейін өседі. Биылдан бастап, банк кредиттеріне кепілдік беру мен сақтандыруды жүзеге асыруды қолға алу керек. Мұның өзі қомақты мемлекеттік қолдау болмақ.

3.3. Аграрлық мәселелер.

Биыл 3 жылдық аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру аяқталады. Біз еліміздегі аграрлық бизнесті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесін негізінен қалыптастырдық. Үстіміздегі жылы ғана ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға республикалық бюджеттен 57,9 млрд. теңгеден аса қаржы бөлінеді. Бұл рекордтық сан.

«Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заң қабылдау қажет.

Алдағы уақытта Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына кіруіміз, біз бұл мәселені талай мәрте талқылаған болатынбыз, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабылеттілігіне айрықша талаптар қоятын болады. Ендігі жерде ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен өңдеу саласында кластерлік бастамашылықты іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыруға айрықша назар аудару қажет деп санаймын. Жеке меншік сектордың назарын нақ осыған аудару керек, сондай-ақ кредиттерді де, атап айтқанда, агроиндустриялық саясат арнасында осында тарту керек.

3.4. Қаржылық сектор мәселелері.

Қаржы секторын одан әрі дамыту үшін қазір құнды қағаздар нарығын дамыту мен 2005–2007 жылдары жинақтау зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламалары қабылданды. Енді тек жұмыс істеу керек.

Банктердің қызметі ашықтықтың айтулы өнегесі болуға тиіс. Ең алдымен, мұның меншік құрылымы мен аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтерге қатысы бар. Банк қабылдайтын шешімдерге елеулі ықпалы бар барлық тұлғалар уәкілетті органның келісімін ала отырып, өздерінің мәртебесін нақтылай түсулері керек. Банктердің инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды топтасу негізінде ретке келтіру қажет. Аффилирленген тұлғалармен жасалатын мәмілелер банктерді тәуекелге барғызбауы шарт. Қаржылық қадағалау агенттігінің бұл жұмысты батыл жүргізуі міндет.

3.5. XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау.

XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз.

Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт.

Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру. Ал жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемде танылуға тиіс. Олар мұны істеуге міндетті.

Біздің әрбір қазақстандықтың жоғары білім алуына нақтылы кепілдік беруіміз керек.

Студенттердің оқуын бюджеттен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Үкіметке білім беру кредиттерінің есебінен білім беруге арналған кредиттердің мөлшерін 50%-ға арттыруды тапсырамын.

Сонымен бір мезгілде осы аталған кредиттердің қайтарылуына мемлекеттің кепілдігін беруді қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге кредит бөлудің осы заманғы жүйесін жасау керек.

Үкіметтің каникул кездерінде студенттерге тұрғын үйлер тұрғызатын құрылыс отрядтарында жұмыс беру, елімізді көгалдандырудың «Жасыл ел» бағдарламасын өрістетіп, бұл игілікті іске студенттерді қатыстыру мәселесін нақтылы қарауы міндет.

Енді оқытушылар жайында. Олардың проблемалары да бізге жақсы мәлім, бұл проблемалар шешіліп те жатыр, алайда бәрін бір сәтте шешіп тастау да мүмкін емес. Білім және ғылым министрлігі Жоғары оқу орындарының ассоциациясымен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамына қолдау көрсету жүйесін ойластырғаны жөн. Айталық, қазірдің өзінде кез келген шетелге тәжірибеден өтуге баруды қарастыратын әрі бір жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие «Үздік оқытушы» мемлекеттік стипендиясын тағайындауға болар еді.

Менің тапсырмам бойынша биылғы жылы Қазақ Ұлттық университеті мен Еуразия ұлттық университетіне 20 шетелдік оқытушы кеңесшілер тарту үшін 2 млн. доллар бөлінді. Ендеше Батысқа танымал өзіміздің үздік мамандарымызды дәл осылайша неге марапаттамасқа!

Өзіміз зәру болып жүрген әрі кадрларды сырттан шақыруға мәжбүр етіп отырған техникалық мамандықтарды бірінші кезекте дамыту керек деп санаймын.

Бәрі де мектептен басталады. Сондықтан біздің 2008 жылдан бастап 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшіп, педагогтардың кәсіптік деңгейін, оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруымыз керек.

Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз.

3.6. Ана, бала, аға ұрпақ.

Біздің стратегиямыздың маңызды мәселесі — қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің — балалардың, олардың аналарының және аға ұрпақтың өмірін лайықты қамтамасыз ету. Мемлекет бұл мәселелерді шешу үшін қаражат аямайтын болады. Біз балалар мен жүкті әйелдерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөнінде нақтылы шаралар қабылдадық, енді оларды іске асыратын боламыз.

2003 жылдан бастап, перзенттің дүниеге келуіне байланысты біржолғы жәрдемақы төленіп келеді.

Биылғы жылдан бастап, біз әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясы ба-рынша қарапайым үш деңгейлік жүйесін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетудің 3 жылдық бағдарламасын іске асыруды қолға аламыз. Біріншіден, бұл мемлекет кепілдік беретін негізгі әлеуметтік төлемдер. Екіншіден, бұл міндетті әлеуметтік сақтандыру. Ақыр аяғында, бұл кейіннен әлеуметтік төлемдерге айналатын азаматтардың ерікті жинақтаулары. Міне, осындай үш бастау азаматтарымыздың қарттық кезеңін лайығымен қамсыздандыруға тиісті жағдай тұғызады.

3.7. Тұрғын үй мәселелері.

Ендігі бір өзекті міндет — тұрғын үй проблемасын жеделдете шешу. Баспананың болмайынша, түтін түтетіп, бала өсіру қиын.

Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер жауапкершілікті өздеріне алып, қолдарынан не келетінін қазақстандықтарға көрсетсін. Тұрғын үй құрылысы — біздің экономикамызды алға сүйреуші қуатты күш.

3.8. Рухани даму мен конфессиялар аралық келісім.

«Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет.

Біз осы саланы мемлекеттік қолдаудың толымды бағдарламасын қалыптастыруымыз керек.

Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі — еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан да жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр, Жаратушының қандай жолмен болса да түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы – Қазақстандағы конфессиялар аралық татулықтың аса маңызды тұғырларының бірі. Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этностар аралық, конфессиялар аралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз. Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуеті алдағы уақытта да мұқият сақталып, дамытыла береді.

3.9. Жоғарыда айтылған сөздердің бүгінгі күні әрбір отбасы үшін, әрбір қазақстандық үшін мәнісі неде?

1. Биылғы жылдан бастап, біз іс жүзінде әрбір отбасының мүддесіне игі ықпалын тигізетін 2005–2007 жылдарға арналған әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасын іске асыра бастадық.

2. Үстіміздегі жылдан бастап, біз жекелеген сырқаттар бойынша 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен, ал жүкті әйелдерді — құрамында темір мен йоды бар препараттармен амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз ететін боламыз.

3. 2006 жылдан бастап, диспансерлік есепте тұратын және амбулаториялық деңгейде жеңілдік шарттары қолданылатын балалар мен жасөспірімдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге көшуіміз керек.

4. 2006 жылдан бастап, аз қамтылған отбасыларына 18 жасқа дейінгі балаларына ай сайынғы жәрдемақылар төленуге, 4 және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» немесе I және II дәрежелі «Ана даңқы» белгілерімен марапатталған аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 4 мың теңгеге дейін көбейтілуге тиіс.

5. Біз нәрестенің тууына байланысты бір жолғы жәрдемақыларды қазір де төлеп келеміз. Енді соларға қосымша бұрын жоспарланғандай 2007 жылдан емес, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап, бір жасқа дейінгі сәбиді күту жөнінде мемлекеттік жәрдемақылар енгізу қажет деп санаймын.

6. Биылғы 1 шілдеден бастап, біз барлық зейнеткерлерге, еңбек өтіліне, жалақысы мен тағайындалған зейнетақысының мөлшеріне қарамастан, 3 мың теңге мөлшерінде қосымша негізгі зейнетақылық төлем жасайтын боламыз. Осылайша ең төменгі зейнетақының мөлшері негізгі зейнетақылық төлеммен бірге 9 200 теңгені құрайтын, ал зейнетақының орташа мөлшері 12 мың теңгеден асатын болады.

7. Биылғы 1 шілдеден бастап, біз жоғары оқу орындары студенттері, сондай-ақ орта кәсіптік білім беру ұйымдары оқушылары стипендияларының мөлшерін екі еседен астам өсіретін боламыз.

8. Біз ең лайықты деген жастардың шетелдерде білім алуларына жәрдем жасаймыз. Жыл сайын 3 мың үздік студентке «Болашақ» бағдарламасының шеңберінде әлемнің ілгері жоғары оқу орындарында білім алулары үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болады.

9. Бізде инженерлер мен технологтар бола алатын және болуды қалайтын дарынды жастар көп. Білім беру гранттары мен кредиттері — мемлекеттің оларға көрсететін нақты көмегі осындай. Жеке меншік секторын мен осы іске белсене қатысуға шақырамын.

10. Коммерциялық банктердің студенттерге таяудағы 5 жылда бөлетін кредиттеріне мемлекеттік кепілдік беру жүйесін іске асыру үшін қосымша 2 млрд. теңге, оның ішінде биылдың өзінде 600 млн. теңге бөлу қажет.

11. 2006 жылдан бастап мүгедектердің барлық топтарына және жасына байланысты жәрдемақы алушыларға, сондай-ақ мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды қосымша 1 мың теңгеге арттыру қажет деп санаймын. Биылдан бастап, бұл жәрдемақылардың едәуір арттырылғаны мәлім.

12. 2006 жылдан бастап, асыраушысынан айырылған 247 мың отбасына 300-ден 1 мың теңгеге дейінгі сомада қосымша қолдау жасау қажет.

13. Биылғы 1 шілдеден бастап, бюджет саласының қызметкерлері — мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет пен әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің жалақысын орта есеппен 32% көтеру қажет деп санаймын. Ал 2007 жылдан бастап орта есеппен 30% көтеру қажет.

14. Негізінен алғанда жалақы мемлекеттік қана емес, жеке меншік секторда да өсуге тиіс. Осыған орай биылғы 1 шілдеден бастап, ең төменгі жалақы мөлшерін 9 200 теңгеге дейін өсіру қажет.

15. Мемлекеттік қызметшілердің, сондай-ақ бюджет саласының басқа да қызметкерлерінің жалақысын биылғы 1 шілдеден орта есеппен 32%-ға, ал 2007 жылдан бастап тағы да 30%-ға көтеру, сөйтіп біртіндеп оның мөлшерін жеке меншік секторына жақындата беру керек деп санаймын.

16. Ағымдағы жылы тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен ғана халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін 1 600 пәтер салу және ипотекалық бағдарлама бойынша халықтың қолы жететін арзан 11 700 пәтер салу қажет.

17. Тұтас алғанда қаржыландырудың барлық көздері арқылы 3 жыл ішінде біздің 12 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе 195 мың пәтер салуымыз керек. Бұл тұрғын үй құрылысы екі есе өседі деген сөз.

Осы айтылғандардың бәрін де біз іске асырамыз, өйткені экономикамыздың жағдайы осындай мүмкіндіктер беріп отыр.

Экономикамызды жолға қойғаннан кейін, азаматтарымыздың жағдайын жақсартатын күннің туатыны жайында мен әрдайым айтып келген едім. Мен өзімнің уәдемді орындап келемін.

Экономикалық және әлеуметтік жедел жаңару бағыты Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамудағы өзінің көшбасшылығын одан әрі сақтап, сол арқылы капиталды, инвестициялар, технологиялар мен білімді, білікті кадрларды тарту орталығына айналуына мүмкіндік туғызуға тиіс.

Кәсіпкерлер біздің оларға қалыпты жағдай туғызып, артықшылықтар беретінімізді, бізде бизнестің қауіпсіз әрі келешегі мол екенін білгендері жөн. Ғалымдар мен жоғары білікті мамандар өз еңбектеріне бізде тиісінше сый-сияпат көрсетілетініне сенімді болу керек. Өнер адамдары өз қызметі лайықты бағаланатындықтарын сезінуі тиіс. Біз бұл үшін бәрін де жасаймыз.

Бұл біздің жетістіктеріміздің бағасы болмақ.

4. Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі.

Осы жылдары біз «әуелі экономика, содан кейін саясат» деген қағидатты ұстана, еліміздің нақты мүмкіндіктерін, ескере отырып, демократияландыру бағытында алға жылжыдық. Бұл өзін өзі ақтады. Байсалдылықтан жамандық көргеніміз жоқ. М.Тэтчердің: «Мен тиісті жағдайы әрі тәжірибесі жоқ кез келген елде, мейлі ол азиялық немесе азиялық емес ел болсын, ешбір проблемаларға ұрынбай бір демократияны енгізу мүмкін дегенге сенбеймін» деген сөздерін еске түсірген орынды.

Басқа елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, демократия дегеніміз қоғамның барлық топтары үйренуге тиіс барынша ұзақ процесс. Көптеген елдердің ғасырлар бойы қалыптасқан либералдық дәстүрлері бар, алайда олар шырқау биігіне әлі де жете қойған жоқ. Біз бәрін жоқтан бастаған едік қой және демократияны өзі — адамның ой-санасы мен мінез-құлық мәдениеті екенін ұмытпағанымыз жөн.

Осы пікірлер құрметтеуге лайық деп санаймын. Біздің шығыс даналығы, сабырлылығы мен сақтығы дәстүрлеріне адал болғанымыз абзал.

4.1. Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы.

Біздің ортақ жетістіктеріміз саяси жүйені одан әрі жаңарту және демократияны дамыту жөніндегі жүйелі және көп бағытты жұмысқа көшуімізге мүмкіндік береді.

Мен бүгін бастамалар дестесін — Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын ұсынып отырмын.

Бұл бағдарлама мемлекеттік, саяси және қоғамдық институттарды реформалауға бірыңғай әрі біртұтас тұрғыдан келуді көздейді. Мұндай қадамның мәні —

Қазақстанды Батыс демократиясының дәстүрлері мен қағидаттарына және Оңтүстік-Шығыс Азияның іргелі мемлекеттерінің тәжірибесіне, біздің көпұлтты және көпдінді халқымыздың дәстүрлеріне сәйкес одан әрі демократияландыру.

Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы бүкіл қоғаммен үндесу негізінде ғана жүзеге асырылуға тиіс екені анық.

2005 жыл тарихқа саяси реформаларды белсенді түрде алға бастыру мен оларды бүкілхалықтық талқылау жылы ретінде енуі керек.

Бұл жұмысқа Қазақстанның барлық азаматтары, көрнекті тұлғалар, қоғамдық пікірдің көшбасшылары, ел деғдарлары тартылуы тиіс деп санаймын, мұның өзі оған барынша ашық әрі бұқаралық сипат берер еді.

Мен батыстық демократия елдері мен серпінді дамып келе жатқан Азия мемлекеттерінен (Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Түркия және басқалары) сыртқы сарапшы мамандар, сондай-ақ беделді саяси қайраткерлерді ынтымақтастық үшін шақыру мүмкіндіктерін жоққа шығармаймын.

Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасының талқылануын үйлестіруді Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияға жүктеймін.

Бұл комиссия осы Жолдауда өзім баяндаған саяси бастамалар негізінде:

- жалпыхалықтық пікірталастың нәтижелерін талдау және қорытындылауға;
- пікірталас нәтижелері бойынша Жалпыұлттық бағдарламаның алғашқы заңнамалық сұлбасын әзірлеуге;
- Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде Президентке және Парламентке ұсыныстар әзірлеуге;
- сондай-ақ саяси реформалар пакетін түпкілікті қабылдау және күшіне енгізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге тиіс.

4.2. Қолданылып жүрген Конституциямыздың әлеуетін одан әрі пайдалану.

Ең әуелі қолданылып жүрген Конституциямыздың әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет.

Біздің Конституциямыздың әлемде демократиялық қоғамның негізгі міндеттеріне сәйкес келетіні танылып отыр. Егер атына сын айтылып жүрсе, оның ережелерінің орындалуына ғана қатысты болып жүр. Бүкіл әлемде демократия мен заңды сақтау ажырағысыз болып танылады.

Халқымыз қабылдаған ел Конституциясы бізге не берді?

Тиімді жұмыс істеп жатқан қос палаталы Парламент — еліміздің заң шығарушы билігі. Конституция оған ел бюджетін бекіту мен оның орындалуын бақылау құқығын берді.

Парламент көпшілік дауыспен Премьер-Министрдің, Ұлттық банк төрағасының тағайындалуына келісімін береді, Үкіметке сенімсіздік білдіруге, оны орнынан түсіру қажеттілігін мойындатуға құқылы, сондай-ақ кез келген министрді қызметінен босатуды талап ете алады.

Парламентте саяси партиялардың фракциялары өкілдік етеді.

Парламент ел Конституциясына өзгерістер енгізу құқығына ие.

Үкімет мүшелері Парламент палаталары алдында тұрақты есеп беріп отырады.

Сенат Жоғары сот судьяларын сайлайды, Бас прокурор мен ҰҚК төрағасын тағайындауға келісімін береді.

Біздің елімізде Президент, Парламент депутаттары мен мәслихат депутаттары баламалы негізде еркін және жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Конституциялық кеңес, Есеп комитеті сияқты маңызды мемлекеттік органдарды тең негізде Президент, Мәжіліс және Сенат құрады. Орталық сайлау комиссиясын өз кезегінде Мемлекет басшысының ұсынысы бойынша Мәжіліс сайлайды. Бұл тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің айқын белгісі.

Мұндай жағдайда әңгіме Конституцияда берілген құқықтарды айқын пайдалану жайында болуға тиіс. Сондай-ақ заңдардың бұзылмауы нақтылы сақталуы жайында болуға тиіс.

4.3. Атқарушы билік реформасы.

Қолымыз жеткен жағдайды және дамудың алдағы келешегін ескере келе, билікті одан әрі орталықсыздандыру, мемлекеттік басқару жүйесін реттеу мен оның тиімділігін арттыруға бағытталған атқарушы билікті реформалауды одан әрі жүргізу қажет деп санаймын.

Біз атқарушы билік жүйесін орталықсыздандыру бағытында белгілі бір қадамдар жасадық, әкімдердің сайланбалылығын енгізуге кабинетті жағдай туғыздық. Біз биылғы тамыз айында облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аудандар әкімдерінің сынақ түріндегі сайлауларын өткіземіз және кезең-кезеңімен ауылдық округтер, ауылдар, кенттер әкімдерін сайлауды қолға алып, 2007 жылы оны аяқтаймыз.

Сонымен бір мезгілде Үкімет Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін айқындайтын, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу процесін аяқтайтын заң жобаларын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуі керек. Бұған қоса Үкімет Қазақстандағы Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын қолдау жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірлеуге тиіс.

Содан кейін ғана елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды түпкілікті енгізуге болады. Атқарушы билік қызметінің ашықтығы ережеге айналуы керек.

Қазір жергілікті атқарушы билік халықпен кездесіп, есеп беруде. Бұл дұрыс.

Олар халықтың елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардан хабардар болуына, пікір алмасулар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік туғызуы тиіс. Бұл — атқарушы органдардың халықтың алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін арттыруға қол жеткізудің, халықты мемлекеттік басқару процесіне кеңінен тартудың бірден-бір жолы. Мұндай кездесулер қоғамдық-саяси өмірдің бұлжымас ережесіне айналуы керек.

Әкімшілік реформаларды одан әрі тереңдете беру қажет. Бұрынғы көнерген және ырыққа көнбейтін мемлекеттік тетікті үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, азаматтарымыз мүддесі үшін осы заманғы қоғамдық-саяси процестерді серпінді басқаруға қабілетті тетікке айналдыру ісін аяқтауымыз керек.

Алқалы орган ретінде Үкіметтің өзінің жұмысының тиімділігін және әрбір Үкімет мүшесі — министрдің дербес жауапкершілігін арттыру қажет.

Үкімет дербестікке ие және барлық атқарушы билік тармақтары үшін жауап береді. Оның еліміз Конституциясы өзіне берген құқықтар мен өкілеттіктерді толығымен пайдалануы керек.

Жергілікті органдарға өкілеттіліктің бір бөлігін беру арқылы биліктің орталық деңгейінің басы артық мемлекеттік функцияларының санын қысқарту қажет.

Осы заманғы басқарушылардан тұратын пәрменді әрі ең бастысы құрамы жағынан «аз да болса саз» болсын дегендей, оңтайлы мемлекеттік аппарат жасақталуға тиіс.

Мемлекеттік органдар тарапынан азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту үшін «электронды Үкімет» қалыптастыруды жеделдету қажет.

Мемлекеттік қызметті жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру — атқарушы билікті реформалаудың кілті болмақ.

Бұл үшін:

- мемлекеттің әкімшілік қызметтер көрсетуін жетілдіру;
- басқарудың бюрократтануын төмендету;
- мемлекеттік аппараттың кәсіби деңгейін оңтайландыру қажет.

Оған негіз бар. Қазақстанда қазірдің өзінде «Мемлекеттік қызмет туралы» заң қабылданған. Мемлекеттік қызметке қабылдау конкурстық негізде компьютерлік тестілеу арқылы жүзеге асырылады. Жылына мың жарымнан астам адам білім алатын Мемлекеттік қызмет академиясы құрылған. Үкімет өзінің күш-жігерін жалпы реттеушілік функциялар мен ереже туындатушылық жұмыстарға шоғырландыруы керек.

Оның құрылымы мемлекеттік саясат басымдықтарына сәйкес түзілуге тиіс болса, министрліктер – мемлекеттік қызметтің түрлеріне қарай нақты функционалдық бөлініс негізінде жасақталуы тиіс.

Үкіметке мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесін әзірлеуді тапсырамын. Әрбір мемлекеттік ведомствоның тұтастай және жекелей алғандағы шенеуніктің қызметін бағалаудың стандарты атқарылған жұмысының тиімділігі болуға тиіс.

«Жалғыз терезе» қағидаты бойынша тұрғындарға қызмет көрсету орталықтарын құру, мемлекеттік қызметшілер үшін сапа менеджменті жүйесін (ИСО) енгізу; сыйақыны қазіргідей жалақыға қосылып кететін үстемақыға айналдырмай, таңдаулыларға ғана беру; мемлекеттік қызметтің тәртібі мен этикасын сақтауды қамтамасыз ету керек.

4.4. Биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейту туралы.

Жоғарыда айтқанымдай, саяси жаңару процесі, ең әуелі, биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейтуді талап етеді. Мұны қолданылып жүрген Конституцияның шеңберінде атқарған жөн және солай істеу қажет. Конституцияның әлеуеті әлі де толық пайдаланылып біткен жоқ.

Орталық сайлау комиссиясын, Конституциялық кеңесті және Есеп комитетін құрудағы Парламенттің қос палатасының рөлін арттырудың қажеттігін талқылау керек.

Парламенттік көпшілік негізінде Үкімет құрамын жасақтаудың тетіктері мен әлеуметтік-экономикалық сала министрлерінің кандидатураларын тиісті комитеттерде талқылау мәселелері де егжей-тегжейлі пысықтауды талап етеді.

Мұндай мәселелерді шешу халық өкілдерінің атқарушы билік органдарына деген ықпалы мен бақылауын жаңа деңгейге көтереді.

Сондай-ақ мәслихаттардың бақылау өкілеттіктерін кеңейтуді де қарастыру қажет. Бұл мемлекеттік, билік жүйесін орталықсыздандыру, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің рөлін арттыру жолындағы маңызды қадам болады.

4.5. Сот жүйесі мен азаматтарды құқықтық қорғау реформасы.

Біз демократиялық қоғамдастықтағы жалпыға ортақ стандарттарға сәйкес келетін кең ауқымды сот жүйесі реформасының қарсаңында тұрмыз. Сот жүйесін жетілдіру және осы заманғы қоғамның қажеттіліктеріне сай келетін тиімді сот төрелігін жүргізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу үшін Комиссия құрылып отыр.

Біздің алдағы уақытта мынадай мәселелермен:

- сот өндірісін оңайлату, оның объективтілігін, сондай-ақ сот актілерінің тұрақтылығы мен уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;
- сот жүргізу шеңберінде және сот шешімдерін атқару кезеңінде азаматтар құқығына берілетін кепілдіктерді күшейту;
- сот корпусының тәуелсіздігін қамтамасыз ету заң шеңберіндегі әділетті шешімнің кепіліне айналуға тиіс; судьялардың біліктілігін арттыру — мұның өзі Қазақстанның сот жүйесін XXI ғасырдағы шаруашылық, инвестициялық және сауда проблемаларына сәйкес келтіруге мүмкіндік береді;
- қылмыстық сот жүргізу мен сот шешімдері шеңберінде адвокаттардың рөлін арттыруды қамтамасыз ету;
- қылмыстық сот жүргізу тәжірибесіне алқа билер соты институтын енгізу қажет. Осы мақсатта 2005 жылы «Алқа билер туралы» заң қабылданып, «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңға және алқа билер сотын енгізу мәселелері жөнінде басқа да заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуге тиіс;
- сот рәсімдерінің ашықтығы мен анықтығын барынша қамтамасыз ету мәселелерімен шұғылдануымыз қажет.

Судьялардың тәуелсіздігі және әділеттілігі жөніндегі мәселеге арнайы назар аударғым келеді. Біз судьялардың жалақысын көтердік, сөйтіп олар бүгінде табысы ең жоғары мемлекеттік қызметшілерге айналды. Біз судьялардың зейнетақымен қамтамасыз етілуін қоса есептегенде, оларға берілетін барлық әлеуметтік кепілдіктер пакеті жайында да ойланғанымыз жөн. Судьяларды лайығымен материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді қажырлы да адал еңбектерінің өтеуі деп қана емес, жемқорлықтан сақтандыратын өтімді шараның бірі ретінде қарастырған жөн. Судьялар арасындағы парақорлықты адамгершілік тұрғыдан алғанда абыройсыздық деп бағалап қоймай, мұны экономикалық жағынан да тиімсіз етуіміз керек. Судья өз қызмет орнын қадірлеуге тиіс және заңды немесе кәсіби этиканы бұзған жағдайда өзінің мемлекеттік қызметте болу құқығынан ғана емес, барлық әлеуметтік кепілдіктерден де айырылатынын білуі керек.

Мұның бәрі де қосымша бюджеттік шығындар жасауға мәжбүр етеді, бірақ ол өзін ақтайды. «Арзан сот төрелігі тым қымбатқа түседі» дейтін ежелгі мәтел осыдан шықса керек.

4.6. Сайлау туралы.

Сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттігін де талқылау міндет.

Орталық сайлау комиссиясына сайлау процесін құқықтық қамтамасыз етудегі кемшіліктерге байыпты талдау жасауды тапсырамын. 2005 жыл ішінде Орталық сайлау комиссиясы халықаралық стандарттар мен қоғамымыздың даму деңгейіне толық сай келетін, сайлау тетіктерін сапалық жағынан жақсарту жөнінде тиісті ұсыныстар әзірлеп, енгізуге тиіс.

Мен тек осындай тұрғыда ғана барлық азаматтардың еркін әрі кепілді ерік-ниетін білдіруін қамтамасыз ететін дәйекті бағытты жүзеге асыруға болады деп білемін.

4.7. Азаматтық қоғам институттарын дамыту туралы.

Ең бастысы — Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының, сөз бостандығының, бірлестіктер мен саяси ерік-жігерді білдірудің кепілдіктерін одан ері дамыта беру.

Бізде қазірдің өзінде тиісті нормативтік база бар.

«Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Жарлыққа сәйкес омбудсменнің құқық қорғау мүмкіндіктері кеңейтілді, ендігі жерде нақтылы іс-қимыл қажет.

Сөз бостандығы — Қазақстанның аршынды демократиялық дамуының негізгі шарттарының бірі. Тәуелсіз Қазақстанда саяси себептер бойынша сотталған адамдар жоқ.

Сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да шарттар алдағы уақытта да дәйекті түрде жасалады әрі қорғалатын болады.

Сонымен қатар сөз бостандығын пайдаланудағы шектен шығушылыққа қатаң тосқауыл қойылуы шарт.

4.8. Сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес туралы

Қазақстан кеңестен кейінгі кеңістікте алғашқылардың бірі болып жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдап, халықаралық конвенцияларға қосылды. Жазаланған шенеуніктер де аз емес. Көп іс тындырылды. Соған қарамастан, біз осы проблемамен шұғылданатын әрі өзіміз берген ақпараттарға сүйеніп біздің жұмысымызға баға беретін халықаралық ұйымдармен тиісінше жұмыс істей алмай жүрміз. Қазақстан біздің өңірде ғана емес, басқа да жерлерде кейінгі кезекке ығысып кетпегенін толық сеніммен айта аламын. Алайда өтпелі экономика сырқатының өзіне тән шығасысы да болмай қалмайды.

Уақыт өтті, ахуал өзгерді, ендігі жерде заңнама ізерлей талдау мен жетілдіруді талап етіп отыр. Шенеуніктердің сыбайластық іс-әрекетіне ерікті немесе еріктен тыс тиісті жағдай туғызатын заңға тәуелді барлық актілер қайта қаралуға тиіс.

Бизнесті мемлекеттік қызметтен түбегейлі бөліп тастау керек.

Акционерлік қоғамдардың, олардың қожайындары мен соларға іш тартатын тұлғалардың көмескілігін, банк жүйесінің көмескілігін, рұқсат беруші органдардың көптігін, заңды айналып өту үшін пара беретіндердің жазасыздығын және тағы басқа келеңсіздіктерді түбірімен отап тастайтын уақыт келді.

Бұл үшін не істеу керек?

1. Бір жерде ғана төлқұжат тіркеп, салық төлеушінің есептік нөмірі, жүргізуші куәлігі және т.б. құжаттар ала алатын, «жалғыз терезе» қағидасы бойынша тұрғындарға қызмет көрсететін орталықтар құру. Тәжірибе ретінде биыл Астана мен Алматыға осыны жасап көру керек.

2. Лицензиялар мен рұқсаттамалар санын күрт қысқарту.

3. «Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдар туралы» заңға тиісті өзгертулерді қабылдау.

4. Мемлекеттік қызметші өз бизнесін сатқанын немесе басқаруға бергенін міндетті түрде жария етуге тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшінің жеке бизнеспен айналысуына және компаниялардың мүдделерін жақтауына тыйым салатын Ар-ұждан кодексін әзірлеу керек.

6. Тәртіптік кеңестерді Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке түпкілікті беру, орталық бюджетке ауыстыру және оларды заңгер мамандармен нығайту керек. Оған зейнет жасына жақындаған шенеуніктерді орналастырумен шұғылданудың әсте қажеті жоқ. Кеңес мемлекеттік қызметшілердің этиканы және Ар-ұждан кодексін орындауын қадағалауға тиіс.

7. Пара алушыларды ғана емес, пара берушілерді де жазалау керек.

8. Бизнестегі жалақы деңгейіне жақындата отырып, мемлекеттік қызметшілердің жалақысын көтеру керек.

Мен тиісті мемлекеттік құрылымдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылын реттеу туралы жиі айтып келемін. Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттік дербес әрі тәуелсіз болуға тиіс. Оны Президенттің тікелей бағынысына көшірген дұрыс.

Үкіметке осы мәселелер бойынша нақты ұсыныстар енгізу мен оның орындалуын бақылауға алуды тапсырамын.

Сонымен бірге мемлекеттік қызметшілерді жемқор етіп көрсетіп, жөн-жосықсыз айыптауларды тыйып тастайтын кез де жетті. Егер бұл көпе-көрінеу жала болса, онда мұны мемлекеттік қызметші сот арқылы дәлелдеуі керек. Егер олай болмаған жағдайда, дабыл тексерілуі тиіс.



Мен сіздерге өзімнің саяси реформаларға көзқарасымды баяндап бердім. Аталған барлық мәселелерді қолданылып жүрген Конституцияның шеңберінде жүзеге асыруға әбден болады. Менің бастаған реформалардың талқылануы, және оны оппозицияның да талқылауы барысында, еліміздің бұдан былайғы саяси құрылымының түрлі нұсқаларының да қарастырылып жатқанын біз білеміз. Егер олар ел мен халықтың мүддесін көздейтін болса, онда оппозицияның пікірін де құрметтеу керек.

Мен 2005–2007 жылдары алға қойған жұмысты аяқтауды ұсынамын. Сол кезде әрі қарай қалай жылжуымыздың керектігі айқындалады.

Мен Конституцияның тұрақтылығы — қоғамның тұрақтылығы екеніне кәміл сенемін. Ойланбай жасалған өзгерістер ел ішінде берекетсіздік туғызады. Конституцияның қандай да бір ережелеріне түзетулер енгізуді ұсынбас бұрын, қолымыздағы нұсқасын зейін қоя зерделегеніміз жөн.

Өзара бас қосып, осы мәселені егжей-тегжейлі талқылаған танымал заңгерлеріміздің үлкен тобына мен зор ризашылығымды білдіремін. Олар маған Конституцияны қорғау, оның тұрақтылығын қамтамасыз ету жайында өтініш жасады.

Негізгі заңға өзгертулер енгізуге болады. Бұл өзгертулердің басты мәселесі — халқымыз президенттік басқарудың қазіргі жүйесін бұдан былай да қолдай ма әлде елдегі толып жатқан саяси партиялардың билік жүргізуін қалай ма? Нақ сол себепті мен төл Конституциямыздың мүмкіндіктері жайында тағы да қайталап айтып тұрмын. Ең демократиялық шешім халықтың өзінің еркі деп ойлаймын. Уақыты жеткенде, біз азаматтарымызға бұл жөнінде сауал салатын боламыз. Сөйтіп, біз халқымыз бен еліміздің қажетіне қарай шешім шығаратын боламыз.

5. Қазақстан қазіргі әлемде.

5.1. Біздің сыртқы саясаттағы басымдықтарымыз.

Біздің басымдықтарымыз өзгеріссіз күйінде қалады. Бұл — ХХІ ғасырдың ығытына қарсы тұруға қабілетті әрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған, белсенді, жан-жақты және үйлесімді сыртқы саясат.

Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту басым бағыттар болып қала береді. Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі.

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ел ішіндегі реформаларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында Үкіметтің алдында осы мемлекеттермен арадағы негізгі шарттар және келісімдерді бұлжытпай жүзеге асыру міндеті тұр.

Осыдан бір ай бұрын Мәскеуде қол қойылған Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны делимитациялау туралы шарттың тарихи маңызы зор. Тарихымызда тұңғыш рет біз өзіміздің стратегиялық әріптесіміз Ресеймен заң жүзінде ресімделген мемлекеттік шекараға ие болдық.

Осылайша біз соңғы жылдары ұзына бойы 14 мың километрден асатын шекараны толығымен межелеуге қол жеткіздік. Бұл біздің мемлекеттік құрылыстағы жоспарларымызды жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызатын ұлттық қауіпсіздігіміздің маңызды кепілі.

Біз стратегиялық тұрғыдан Қазақстанның мүдделері толығымен ескерілген жағдайда Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына тезірек кіруге ықыластымыз.

Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына, ТМД, ЕурАзЭҚ-ті реформалауға, БЭК-ті құру жөніндегі жұмыстарға да ерекше мән береді.

Біздің еліміз үшін барлық бағыттар бойынша ЕҚЫҰ-мен бұрынғысынша іс-қимыл жасау маңызды болып қала береді. 2009 жылы осы ұйымға төрағалық етуге біздің кандидатурамыздың ұсынылуына барынша жауапкершілікпен қараймыз. Бүгінгі бастамалар сонымен қатар осы мақсаттарға қол жеткізуді көздейді.

Қазақстанның әлемде қуатты экономикасы бар әрі халықаралық қоғамдастықтағы тұғыры берік өңірлік держава ретінде қабылданатынын да естен шығармағанымыз абзал. Бұл мәртебені қастерлеуіміз және еліміздің қазіргі әлемдегі беделін нығайту үшін қосымша күш-жігер жұмсауымыз керек.

5.2. Бізді бүгін не алаңдатып отыр?

Мен бұдан әрі экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруымыздың жолында елеулі кедергі болуы ықтимал ХХІ ғасырдың қазіргі кезде көрініп жүрген объективті қатерлеріне сіздердің назарларыңызды арнайы аударғым келеді. Бұл қатерлер қыр астында жатқан жоқ. Біздің еліміздің бейбіт еңбегі мен прогресі баршамызға және әлемдік қоғамдастықтың ұстанымына байланысты.

Әңгіме не туралы болып отыр?

Біріншіден, осы өңірде тұрақсыздық пен діни экстремизм етек жая бастады.

Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан алғанда Қазақстан белортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруы.

Сондықтан да біз осы проблемаларды шешу үшін барлық мүдделі мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен бұрынғысынша белсене ынтымақтасатын боламыз.

ХХІ ғасыр қатерлерінің ішінде халықаралық лаңкестік ерекше орын алып отыр. Қаңтар айының аяғында Алматыда 40 халықаралық ұйымдар басшыларының

қатысуымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Лаңкестікке қарсы комитетінің көшпелі отырысы өтті. Осы халықаралық зұлматқа қарсы күрес жүргізу үшін әлемдік қоғамдастықтың үлкен күш-жігер жұмсауы керек.

Біз өзіміз лаңкестікке қарсы коалицияға және Ирактағы жағдайды тұрақтандыруға саперлік отрядымыздың қатысуын нақ осындай ұстанымдар тұрғысынан пайымдаймыз. Осы тұрғыда еліміздің өз ішінде де белсенді іс-қимыл жасалып жатыр. Жоғарғы Сот 4 лаңкестік ұйымды заңсыз деп жариялады. «Экстремистік қызметке қарсы қимыл жасау туралы» Заң қабылданды.

Лаңкестіктің ушығуы жағдайында біз өңірдегі барлық мемлекеттер мен мүдделі елдердің іс-қимылы мен белсенділігін үйлестіруді сапалық жаңа деңгейге көтеру жолында қадамдар жасауға әзірміз.

5.3. Өңірдегі жағдай туралы.

XV ғасырдың соңына дейін Орталық Азия әлемдік экономиканың маңызды өңірі болып келді. Біздің өңіріміз Шығыс пен Батысты жалғастырып жатты. Халықтар аумақтар мен ұлттарға бөлінген жоқ. Жібек жолының саябыр тартуы Орталық Азияны мешеу шет аймаққа айналдырды. Тәуелсіздік алғанымыздан кейін соңғы 500 жылда алғаш рет біздің өңіріміз әлемдік экономика үшін қайтадан экономикалық маңызына ие болды. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді нығайтып келеміз, әлемдік рынокқа бағалы тауарлар — мұнай, газ, кен, ауыл шаруашылығы шикізатын шығаратын өңірге айнала бастадық. Қазірдің өзінде көне Жібек жолының бойымен өтетін ХХІ ғасырдың жаңа мұнай-газ құбырлары, авто және теміржолдарының торабтары айқындала бастады.

Біз Азия «жолбарыстары» мен Еуропалық Одақ табыстарының сырына қаныға бастадық. Келесі бір жағынан Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздік алған елдер арасындағы халықаралық жауығу мен қақтығыстар да тоқтаған емес. Жаһандық экономикада ірі рыноктардың маңызы да үлкен. Біз, сонымен қатар, ұлы державалардың осы өңірде экономикалық басымдыққа ие болу жолындағы бәсекелестігін де байқап отырмыз. Осы жаһандық геэкономикалық проблемаларға қатысты дұрыс ұстанымның маңызы үлкен.

Біздің алдымызда таңдау тұр: бірі — әлемдік экономиканың мәңгілік шикізаттық шылауы болып қалу, екіншісі тағы бір империяның келуін күту немесе Орталық Азияның барынша интеграциялануына қарай қадам жасау.

Мен осының соңғысын ұсынамын.

Бұдан былайғы интеграциялануымыз — біздің өңіріміздің тұрақтылығына, прогреске, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке апаратын жол. Тек осындай жағдайда ғана біздің өңірді әлем құрметтейтін болады. Тек сонда ғана біз қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, лаңкестік пен экстремизмге қарсы пәрменді күрес жүргізетін боламыз. Мұндай бірлестік, сайып келгенде, біздің өңірде өмір сүріп жатқан қарапайым адамдардың мүдделеріне толық сай келеді.

Мен Орталық Азия елдері Одағын құруды ұсынамын. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлесу үшін берік негіз бола алады. Мен өңіріміздегі басқа да елдерді де естен шығарып отырғанымыз жоқ.

Біздің экономикалық мүдделеріміз де, мәдени-тарихи тамырымыз да, тіліміз, дініміз де, экологиялық проблемаларымыз да, керек десеңіз сыртқы қатерлеріміз

де ортақ. Еуропалық Одақтың сәулетшілерінің өздері де осындай алғышарттарды армандаған да болар. Біз тығыз экономикалық интеграцияға көшуіміз және ортақ нарық пен ортақ валютаға қарай ілгерілеуіміз керек.

Біз осылай жасағанда ғана өзіміздің әрқашан бірге болуымызды аңсаған арғы ұлы бабаларымызға лайық бола аламыз. Алайда алдымен патшалық империя, кейіннен сталиндік ұлттық саясат осы бірліктен қорқып, өңірді әкімшілік-ұлттық аумақтарға бөлшектеп тастаған еді. Ол кезде «Бөліп ал да, билей бер» деген саясат үстемдік етті. Қазір бізге келесі ұрпақтарымыз үшін өңіріміздегі теңқұқылы халықтар жүруге тиіс жаңа жолды нұсқайтын сәт туды.

Қымбатты қазақстандықтар, отандастар!

Түйіндеп айтқанда, таяу жылдардағы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жөніндегі менің пайымым мен көзқарасым осындай.

Көріп отырсыздар, алда әлі талай алынбаған асулар бар.

Жүрер жолымыздың жеңіл боларына мен бұрынғы жылдардағы сияқты бұл жолы да уәде бере алмаймын.

Реформаларды жүргізу тактикасы, оларды жүзеге асырудың мерзімдері мен тетіктері жөнінде біздің көзқарастарымыздың әртүрлі болуы мүмкін.

Бірақ мен барша қазақстандықтарды, барлық саяси бірлестіктерді ортақ прогресс пен еліміздің болашағы жолында бірлесуге шақырамын.

Біз баршаға барынша мүмкіндіктер беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қадірлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруды аяқтауға тиіспіз.

Біз ұлтына және діни наным-сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз.

Біздің құқық қорғау органдары тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, ал іскер адамдарға өз мақсатын іске асыруға мүмкіндік беретін қоғам құруымыз керек.

Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруға тиіспіз.

Біз жолымызды дұрыс таңдай білдік. Бұған бүгінгі қолымыз жеткен нәтижелеріміз айқын дәлел бола алады. Осы негізде өзіміздің ілгері басқан жүрісімізді одан әрі жеделдете түсуге тамаша мүмкіндігіміз бар. Қазақстанды әлемнің дамыған әрі көркейген елдерінің қатарына қосатын жол осы.

Мен Қазақстан халқының өзімнің осы бастамаларымды қолдайтынына, оған ықылас қойып, өзіміздің осы жоспарларымыздың іске асырылуына лайықты үлес қосатынына кәміл сенемін.

Мемлекеттігіміздің бастауында тұрған, әрі өзіне халықтың алдында ел тағдыры үшін жеке дара жауапкершілік алған менің жалғыз мұратым: осындай күннің келуін жақындата түсу.

Осы ұлы мақсаттар мен мұраттардың орындалуы жолында баршаларыңызға мол табыс тілеймін.

«Жалпыұлттық экономикалық тәртіптегі бес мәселе туралы» Қазақстан кәсіпкерлерінің I Конгресінде сөйлеген сөзі

Астана қаласы, 2005 жылдың 25 наурызы

Уважаемые участники Конгресса!

Я рад встретиться сегодня с вами. Вы наверно помните, как на заре независимости ежегодно, а иногда — дважды в год мы собирались в таком составе. В ходе этих встреч некоторые вопросы мы решали прямо в зале, снимали препоны в развитии бизнеса. И сегодня мы собрались в этом зале.

Я приветствую людей, рожденных нашей Независимостью.

Сегодня наступает время ускоренной социальной, экономической и политической модернизации Казахстана. Наступает время оправдавшихся надежд и время новых достижений, когда рост казахстанской экономики позволяет ставить принципиально новые задачи модернизации общества и государства.

Мы поставили перед собой амбициозную цель — превратить наш Казахстан в одно из самых динамично развивающихся государств мира с высокими стандартами жизни. Очевидно, что эту цель можно достичь только на основе активизации человеческого потенциала, предприимчивости наших сограждан.

За годы реформ мы создали для этого все необходимые условия. Уже с первых лет независимости, в период жесточайшего товарного дефицита, гиперинфляции и резкого снижения жизненного уровня населения, мы приступили к формированию отечественного предпринимательства.

Вы помните, что это было время трудных решений. В экономике преобладала государственная собственность. Полностью отсутствовала законодательная база для развития рыночных отношений. Действующие законы носили репрессивный характер по отношению к частной собственности и предпринимательской деятельности. И самое страшное — к ним было негативно настроено и общественное мнение! Все это сейчас даже трудно себе представить. Но это были реалии того времени.

Все эти годы мы последовательно и твердо продвигались в направлении либерализации экономики, которая обеспечила реальную основу для развития бизнеса.

В первую очередь, мы приняли необходимые законы, позволившие реализовать структурные преобразования в экономике. Одновременно мы отменили все правовые нормы, противоречившие логике рыночных отношений. Следующим крупным шагом была поэтапная приватизация государственной собственности. В результате, сегодня 85% объема промышленной продукции производится частным сектором. Доля малого и среднего бизнеса в ВВП страны составляет пока порядка 25%, в частном секторе экономики трудится свыше 60% занятого населения. Для поддержки предпринимательства мы приняли и реализовали 5 государственных программ.

В настоящее время, на основе моего Послания народу, разрабатывается новая масштабная Программа ускоренных мер по развитию малого и среднего предпринимательства на 2005–2007 годы. Мы также решительно сократили бюрократические препоны на пути создания бизнеса. Только за последние годы сокращено около

350 различных подвидов лицензируемой деятельности. Выдача некоторых лицензий передана на региональный уровень, а сами процедуры значительно упрощены.

Сегодня мы имеем четкое видение перспектив развития предпринимательства в нашей стране. Краеугольным камнем государственной политики является поддержка частного бизнеса, и, прежде всего, малого и среднего бизнеса. И вы знаете, что это закреплено в таких основополагающих документах, как Стратегия «Казахстан-2030», «Стратегический план — 2010» и Стратегия индустриально-инновационного развития Казахстана до 2015 года. Вопросам дальнейшего укрепления предпринимательской среды уделено исключительное внимание в моем недавнем Послании народу Казахстана.

Частному бизнесу мы отводим ведущую роль в реализации нашей главной задачи — диверсификации национальной экономики на основе инновационных технологий. Совместными усилиями нам нужно добиться развития несырьевых отраслей экономики. Именно они в перспективе должны стать главным источником наращивания экспортного потенциала.

Для достижения наших целей мы аккумулировали достаточные ресурсы. Специально созданные институты развития — Казахстанский инвестиционный фонд, Банк развития Казахстана, Инновационный фонд, Корпорация по страхованию экспорта, Центр инжиниринга и трансфера технологий, позволили капитализировать с учетом текущего года более 120 млрд. тенге. За короткий срок своей деятельности институтами развития рассмотрено более 760 проектов на сумму 1 трлн. 570 млрд. тенге. В настоящее время финансируется около 90 проектов на сумму свыше 60 млрд. тенге.

Действует специальный Фонд развития малого предпринимательства, который осуществляет адресную поддержку малого и среднего бизнеса. Фонду будет дополнительно выделено 10 млрд. тенге из республиканского бюджета. Эти средства будут направлены.

Во-первых, на создание и увеличение ресурсов микрокредитных организаций — 3 млрд. тенге;

Во-вторых, на предоставление гарантий по банковским кредитам для субъектов малого бизнеса — 4 млрд. тенге;

В-третьих, на проектное кредитование, включая финансовый лизинг, кредитование франчайзинга, внедрение международных стандартов — 3 млрд. тенге.

В итоге возможности кредитования малого бизнеса возрастут до 25 млрд. тенге.

Таким образом, я могу с уверенностью сказать, что государство делает большую ставку на предпринимательство как на основу нашей экономики. И я уверен, что это единственно верный путь. Предпринимательство должно стать локомотивом нашей экономики. Но без активной позиции самого бизнеса все усилия, прилагаемые государством, могут оказаться тщетными.

Поэтому, принятое вами вчера решение о создании единой организации, я считаю очень своевременным и поддерживаю его. И сейчас, видя в зале многих лидеров отечественного предпринимательства, тех, у кого в руках сосредоточены ключевые позиции, определяющие экономическую мощь регионов страны, я уверен в жизнеспособности и успешности вашего союза.

Глубоко убежден, что, объединившись, вы направите свои усилия на поддержку той политики ускорения модернизации страны, к которой мы приступаем. Ваши

знания и опыт сегодня крайне важны и востребованы, и должны быть реализованы там, где решаются ключевые вопросы общенациональной экономической повестки.

Первое — это повышение конкурентоспособности и производительности отечественного предпринимательства. В настоящее время уровень производительности на казахстанских предприятиях оставляет желать лучшего. Так, по уровню затрат электроэнергии на 1 доллар ВВП, а также по производительности труда в обрабатывающих отраслях экономики Казахстан отстает от ряда индустриально развитых стран более чем в 7–10 раз!

Количество предприятий, имеющих международные сертификаты качества, за прошлый год возросло более чем в 2 раза, достигнув 258. На очереди — еще свыше 110 предприятий. Но этого для национальной экономики по-прежнему очень мало. Помните, как в первые годы независимости представители многих отраслей считали, что поддержка государства должна заключаться в запрете доступа на казахстанский рынок иностранной продукции и других административных мерах.

Я тогда еще 10 лет назад вам говорил, что бизнес должен закаляться в борьбе. Придет время, и, насытив собственный рынок, а населения у нас всего 15 млн., и при экономическом росте 7-9% ежегодно, мы вынуждены будем искать другие рынки. Все увеличивающиеся товарные ресурсы мы должны продавать. Вот почему я все время борюсь за интеграционные процессы! За то, чтобы открыть рынки близлежащих государств, открыть границы, убрать таможенные барьеры. Но чтобы свободно двигался товар, мы должны пустить к себе товары и других стран. И к этой конкуренции нужно быть готовыми. Сейчас наступает такой момент, когда тепличные условия, которые мы создаем для вас, могут оказаться не помощью, а злом.

Каждый предприниматель самостоятельно должен оценить свои потенциальные конкурентные преимущества, увидеть свои слабые и сильные стороны, и неуклонно повышать свою конкурентоспособность для того, чтобы занять прочные позиции на рынке. Со своей стороны, государство по линии программ Фонда развития малого предпринимательства будет содействовать частным предприятиям в переходе на международные стандарты качества, и компенсировать им 50% расходов по их внедрению.

Второе — формирование кластеров. В условиях ограниченности ресурсов важно определить ключевые направления, которые обеспечат нам экономический прорыв. Именно такая логика лежит в основе идеи создания системы казахстанских кластеров. Это, прежде всего, туризм, стройиндустрия, текстильная и пищевая промышленности, металлургическое производство, нефтегазовое машиностроение и транспортная логистика.

Именно на этих вопросах мы должны сосредоточить внимание, найти на них точку роста и именно этими товарами мы должны завоевывать «место под солнцем» в мировой экономике. Наиболее яркие международные примеры кластеров — это такие финансовые центры, как Уолл-стрит в Нью-Йорке и Сити в Лондоне. Там сконцентрированы квалифицированные кадры, развиты инфраструктура и сопутствующие услуги — юридические, консалтинговые, бухгалтерские. Удобно клиентам — есть выбор банков и их услуг. Удобно самим банкам — есть рынок их услуг, можно быстро перенимать нововведения и технологии конкурентов, переманивать кадры, вести друг с другом бизнес.

Удобно всем: все в одном месте, соответственно — экономия ресурсов. Таким образом, кластер выступает своеобразной экосистемой, в которой каждый занимает

свое место и играет свою роль. А в целом выигрывают все. Сегодня в нашей стране мы уже приступили к созданию подобных кластеров. Первая ласточка — проект финансового центра в Алматы.

Я призываю вас активно поддержать кластерные инициативы государства, которые открывают значительные взаимовыгодные перспективы.

Третье — необходим глобальный подход к ведению бизнеса. Золотое правило современного бизнеса гласит: «Действуя локально, мысли глобально», то есть каждый свой шаг рассматривай сквозь призму развития мировой экономики. Сегодня без учета ведущих закономерностей и тенденций ее развития фактически невозможно выстроить эффективный бизнес. Поэтому залог конкурентоспособности — глобальное мышление.

Опыт стран Юго-Восточной Азии, за считанные десятилетия превратившихся из отсталых стран третьего мира в «азиатских тигров», красноречиво свидетельствует о правильности подобного подхода. Думаю, это особенно актуально для Казахстана, расположенного между двумя крупнейшими мировыми экономическими центрами — Европейским Союзом и Азиатско-Тихоокеанским регионом.

Четвертое — дальнейшее стимулирование развития предпринимательства. Прежде всего, это предполагает снижение барьеров для ведения бизнеса. К середине этого года необходимо разработать, а к концу года — принять единый Закон в области предпринимательства, закрепив в нем системообразующие принципы и подходы, связанные с деятельностью предпринимателей.

